



Қашаған қараша айында қарқынын арттырды. Кеніштегі мұнай өндірісі орта есеппен алғанда, тәулігіне 75 мың баррельден асты. Бұл әлемдегі алып кен орнында коммерциялық өндірістің басталғанын білдіреді. Жобаның қуаты мен қарқынына мұндай сипат беру үшін осы көрсеткіш (75 мың баррель) қажет.

СЕРПІН



Жағымды жаңалықты осы аптада еліміздің энергетика министрі Қанат Бозымбаев жеткізді. Министр биыл 1 қарашада Қашаған жобасы коммерциялық мұнай шығару деңгейіне жетті, басқаша айтқанда, тәулігіне 75 мың баррельден асты» — деді. Ал 19 қарашада кеніштен алынған «қара алтын» көлемі 450 мың тоннаға жетті. Жоспар бойынша, бұл көрсеткіш жыл соңына дейін 1,1 млн тоннаға жетуі тиіс.

Бұл жетіде Каспий құбыр желісі консорциумы (КТК) кеніште өндірілген 350 мың тонна қара майды әлемдік базарға тасымалдағанын хабарлады.

Биылғы жеке — 1 млн тонна. Ал келер жылы 12 млн тонна «қара алтын» әлемдік базарға жеткізіледі. Осы арала айта кеткен жөн, консорциум тасымал қуатын кеңейтуді көздейтін жобаны аяқтауға жақын. Жоба жүзеге асқан кезде осы құбыр желісі арқылы 67 млн тонна мұнайды тасымалдауға мүмкіндік туады. Мұның 56 миллионы қазақ мұнайы болады.

Осылайша, Қашаған сан килы сәуегейлердің



болжамына қарамастан, ғаламдық мұнай өндірісі процесіне қосылып кетті. Осы салаға жер-жерде салынып жатқан инвестиция мөлшері азайып жатқан тұста Қазақ еліндегі жобаның қарашы қадамын зор жетістік деп бағалаған жөн. Бұл кеніш еліміздегі жылдық өндіріс көлемін арттырып қана қоймай, экономиканың өзге салаларын дамытуға, төл теңгеміздің тегеурінді болуына еңбек етеді.

Талап ТІЛЕГЕН

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ



Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 310 орындық Студенттер үйі пайдалануға берілді. Бес қабатты ғимаратта студенттердің жайлы тұруына қажетті жағдай жасалған. Медициналық пункт, плазмалық теледидар, әр қабатта оқу залы, 50 орындық конференц-зал, 120 орындық асханасы бар. Сондай-ақ жылдамдығы жоғары Wi-Fi желісі де іске қосылған.



Жамбыл облысының Қаратау қаласында 250 орындық емхананың жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылды. Облыс әкімі баспасөз қызметі хабарлағандай, нысан құрылысы 2014 жылы басталған. Заманауи емханада аудан тұрғындары сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз етіледі. Медицина мен қауіпсіздіктің барлық стандарттарына жауап беретін заманауи жабдықпен жарақталған мұндай нысандар өңірде аз емес. Жалпы тәуелсіздік жылдары 100-ден астам медициналық мекеме ашылды. Оның 12-сі Талас ауданында.



Павлодарда қатты отынды түйіршіктеп шығаратын жаңа өндіріс іске қосылды. Шағын цех бір ауысымда дайын көмірдің 90 тоннасын өндіреді. Технологиялық желіде көмір алғаш ұнтақталып, суға шыланады. Одан кейін кәдімгі саз балшықпен араластырылады. Мұндай отында күл мен түгін болмайды екен. Іші қуыс дөңгелек пішінді дайын өнімнің бір данасы 4-5 сағатқа дейін жылу сақтайды.

Қазақстан азаматы болады

Тәуелсіздік жылдары 1 миллиондай азамат Қазақстанды тұрақты қонысым деп тандады. Олардың қатары барған сайын молайып келеді. Кеше Ақордада өткен Қазақстан Президенті жанындағы азаматтық мәселелер жөніндегі комиссияның мәжілісінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында көптеген адамдарға Қазақстан азаматтығы берілетінін хабарланды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тиісті Жарлыққа қол қойғаннан кейін жақын және алыс шетелдерден



келген түрлі ұлттың 622 өкілі Қазақстан азаматтығын алады. Басқосуда сөз сөйлеген мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықова «Біз Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында еліміздің жаңа азаматтарын қарсы алуға өте қуаныштымыз. Оларға бақытты өмір және Отанының игілігі жолында табысты еңбек тілейміз» — деді.

Жиында ішкі істер министрлігінің Қазақстан азаматтығына жеңілдетілген тәртіппен қабылдау және азаматтықтан айыру мәселелері бойынша жұмыс нәтижелері талқыланды.

ҮШТАҒАН

Бірдің несібесі – мыңға азық



Біресе ішін тарта үйлдей, енді бірде дүниенің қақпағы айқара ашылып кеткендей үдете соққан қарашаның қара суығына маңдайын төсеп жусаған топ жылқы шыңылтыр аязға қыңатын емес. Желге қарсы жусап тұр.

(Жалғасы 7-бетте)



Академиктің аманаты

Шығармашылық еркіндік шын ғалымның жұлдызын жарқыратып, жасампаз қабілет-қарымын шырқау биікке шығаратынын қапысыз дәлелдеген қазақстандық тұлға хәм құбылыс — академик М.Қозыбаев. Азаттық тұсындағы 10 жыл 2 ай ғана ғұмыры ішінде Манаш аға оқырманның тарихи санасын жаңаша қалыптастырған, бұрын-соңды беймәлім деректер мен құжаттарға сүйенген, «ақтаңдақтар» ақиқатын ашқан ондаған монографиялар, жүздеген мақалалар жариялады.

(Толығырақ 9-бетте)

Қылқаламның ұшындағы кеңістік



Дәл сол күні қолы жүрмей қойды. Көптен бері нақ осылай болмап еді. Күн арқан бойы көтерілгенде тойған қозыдай томпайып жатқан Бұқпа тауының биігіне шықты. Солтүстік-батыстан соққан салқын самал да, ту сонау етекте тананың көзіндей жарқырап жатқан Қопа көлі де әсер ете алмады.

(Жалғасы 11-бетте)

Осы аптада Астанада Қазақстан судьяларының VII съезі өтті. Судьялар корпусы, Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, заңгерлер қауымдастығы мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысқан үлкен жиында Президент Нұрсұлтан Назарбаев сот жүйесіндегі реформалардың нәтижесін саралап, алдағы маңызды мақсат-міндетін айқындап берді. Бұл съезд ел судьяларының жаңа Әдеп кодексінің қабылданыумен есте қалмақ. Жиында талқыланған мәселелер төңірегінде Жоғарғы соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы, Астана қалалық сотының судьясы Сайран Әлімбаевамен сұхбаттастық.



Сайран ӘЛІМБАЕВА:

СУДЬЯ ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕГЕ ЛАЙЫҚ БОЛУЫ ТИІС!

Жас қазақ: Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев әділқазыға қатысты «Ең бастысы — халық сенімі» деп айтып келеді. Бүгінде сот жүйесіне деген халықтың сенімі қандай? Себебі азаматтар әлі күнге дейін Президентке хат жазып, сот шешіміне шағымданады...

Сайран Әлімбаева: Иә, бұл жөнінде съезде Мемлекет басшысы өзі айтып өтті. Былтыр Президент Әкімшілігіне ел азаматтарынан заңдылықтың сақталуына байланысты 10 мыңға жуық, ал биыл он айда 7 мыңнан астам шағым келіп түскен. Яғни сотқа сенімсіздік әлі де бар деген сөз. Елбасы осы шағымдарды азайту үшін жұмыс істеу керектігін атап өтті. Бұл тек судьяларға деген сенімсіздіктен туып отыр деп айтуға да болмайды. Оның көптеген себебі бар. Президент екі жақ бірдей сотқа риза болмайтыны туралы жөн айтты. Бір тараптың міндетті түрде көңілі толмай кетеді. «Сондықтан нәліктен осындай шешім шығарғанын судья түсіндіру керек» деді Мемлекет басшысы.

(Толығырақ 3-бетте)

2 ХАБАР-ОШАР

www.jasqazaq.kz

Осы аптада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өткен Қазақстан судьяларының VII съезіне қатысты. Еліміздің судьялар корпусының өкілдері, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар басшылары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысқан алқалы жиында Ұлт жоспарын жүзеге асырудың нәтижелері мен судьялардың соңғы құрылтайында алға қойған міндеттердің орындалуы және сот жүйесін одан әрі дамытудың өзекті мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы съезде сөйлеген сөзінде тәуелсіздік жылдарында елімізде түбегейлі жана өзгерістерге сай келетін заманауи сот жүйесі қалыптасқанына ерекше назар аударды. Қазақстан Президенті «Сот жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты – тәуелсіз және сатылмайтын сот билігін қалыптастыру. Бұл жерде судьялардың адалдығы мен біліктілігі, сот төрелігінің әділеттігі мен қолжетімділігі маңызды», – деді. Елбасы қабылданған Ұлт жоспары



қажеттігіне назар аударды. Мемлекет басшысы сот жүйесін жетілдіру ісі бойынша алда ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын атап өтіп, сот төрелігін дамытудың перспективалы негізгі бағыттарын белгіледі. Елбасы «Қазіргі заманда Қазақстан соттарының алдында төмендегідей міндеттер тұр: Біріншіден – заң үстемдігін қамтамасыз ету, бұл міндетті шешуде сот басты рөл атқаралы. Екіншісі – судьялардың жауаптылығын күшейту, бұл олардың тәуелсіздігіне қол сұғу деген сөз емес. Үшіншісі – лайықты судьялар корпусын қалыптастыру. Төртіншісі – сот істерін қарау тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету. Ал бесіншісі – бұл құқықтық ағартушылық мәселесі.

ақтау қалды, ал ол өте жоғары. Адамдардың бағасы сот жүйесінің жетістігін анықтайтын басты өлшем болып саналады. Елбасы «Ұлт жоспарын жүзеге асырудың Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен тұспа-тұс келуінің нышандық мәні бар. Біз 2050 стратегиясының басты мақсаты – Қазақстанның әлемдегі аса дамыған отыз елдің қатарына енуіне ұмтылып отырмыз. Сондықтан, біз қандай жағдайда да «тежегішті басып», Ұлт жоспарын жүзеге асыруды «шайқалтуға» жол бермеуіміз керек. Оның үстіне, басқа реформалардың барлығындағы табысымыз тікелей «заң үстемдігі» секілді шешуші бағытқа байланысты болып отырған жағдайда. Бұл туралы мен ылғи да айтып

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ

Азаматтарымыздың құқықтық сауаттылығының арқасында сот дауларының санын айтарлықтай азайтуға болады», – деді. Бұған қоса, Елбасы съезде судьялардың жана Әлеп кодексінің қабылдануын елеулі оқиға ретінде атап өтті. Судьялардың қадірлік іріктеу жүйесін жанғырту аясында Жоғары Сот Кеңесі реформаланып, дербес мекемеге айналды, құрамы мен өкілеттігі кеңейді. Судьяларға қойылатын талаптар барынша қатайтылды. Дайындығы нашар тұлғалардың судьялар корпусына еніп кету ықтималдығын

келемін», – деді. Нұрсұлтан Әбішұлы, сондай-ақ қоғамның Қазақстан заңнамаларының бұлжымай орындалатынын, ал соттардың заңдылық пен әділеттіліктің күзетінде тұратынын билері тиіс екенін көлденең тартты. Қазақстан Президенті «Заң күзетінде тұрған судьяның заң бұзушы болуға, оның үстіне, қылмыскер болуға хақы жоқ, олай болған жағдайда ол қатан жауапкершілікке тартылады. Бұл – нонсенс. Бұл бүкіл сот билігінің беделін бірден түсіреді», – деді. Мемлекет басшысы судья тек заңды жүзеге асырушы ретінде ғана көрінбейді, ол – қоғамдағы қарама-қайшылықтардың алдын алып, аламы қарым-қатынастарды үйлестіретін, азаматтардың өмірін болжамды және тұрақты ететін тұлға екенін айтты. Елбасы «Жекелеген лоббистік топтардың мүдделері үшін сотқа қысым жасау мақсатында қоғамдық пікірдің өнін айналдыру фактілерінің жолын кесу қажет. Егер ондай талпыныстар орын алса, оларды ашық жариялап, мұндай келенсіз көрініске қарсы тұру керек», – деді. Н.Назарбаев Сот төрелігін тек өмірлік тәжірибесі мен жоғары моральлық қағидаға ие кәсіпқойлар ғана жүзеге асыруы тиіс екендігін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судья қадірлерін даірлық сапасын арттыру үшін биылғы жылы Жоғарғы Сот жанынан Сот төрелігі академиясы құрылды. «Ол бюрократиялық ұйымға айналмауы керек. Академияның басты міндеті – Тәуелсіз Қазақстан үшін судьялардың жана буынын дайындау. Судьяларды дайындау бағдарламалары тәжірибеге барынша бағдарланған болуы тиіс», – деп атап өткен Елбасы халықпен жүйелі негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет екенін ескертті. Сонымен қатар құқықтық ағарту мәселесі де өте маңызды болып табылады. Себебі отандастарымыздың құқықтық сауаттылығының арқасында сот дауларының санын бірнеше есеге дейін қысқартуға болады. Сөз соңында Елбасы судьяларға алдында тұрған жоғары мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде табыс тіледі.

(өз тіліміз)



— «100 нақты қадам» құқық қорғау органдары мен соттардың қызметінің барлық қырын қамтитынын атап өтті. Н. Назарбаев Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында сот жүйесін жанғырту ісі басталып кеткенін атап өтті. «Сот жүйесінің көп сатылығы жойылды. Инвестициялық даулар бойынша сот өндірісі енгізілді. IT-технологиялар негізінде барлық жерде сот талқылауларын аудио, бейне жазбалар арқылы фиксациялау тәсілі енгізілуде. Біз «Астана» халықаралық қаржы орталығын құрамыз. Онда ағылшын құқығы, сондай-ақ әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттары қолданылады. Алқа билер сотының қолдану аясы кеңейтілді. Судьяларға қойылатын талаптар барынша қатайтылды», – деді Елбасы. Сондай-ақ Н.Назарбаев жеке сот орындаушылары институтын бірте-бірте нығайту

болдырмайтын жүйелі шаралар қабылданды. Биыл судьялардың кәсіби деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бағалау жүйесі қолданысқа енгізілді, деп атап өткен Елбасы съезде судьялардың мінез-құлқының жоғары стандарттары қарастырылған жана Этика кодексі қабылдау маңызды оқиға болатынын айтты. Заңды күшіне енген сот шешімінің тиісінше орындалуы өте маңызды. Сондықтан да Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында жеке сот орындаушылары институты нығайтылуда. Осылайша, соттың негізгі құқық қорғау институты ретіндегі мүмкіндіктері жүйелі түрде өсіп келеді. Біз Жоғарғы Соттың құрамын айтарлықтай ұлғайттық, онда елдегі ең үздік сот кадрлары шоғырланды. Енді соттар өздерінің биік әрі жауапты миссиясын орындау үшін барлық құқықтық құралдар мен мүмкіндіктерге ие. Енді тек қоғам үмітін

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

38

млрд теңге.

Астана қаласы бойынша осынша қаражатқа 8 224 нысан заңдастырылды

50

отбасы Оңтүстік өңірден Павлодар облысына қоныс аударады

123

млрд теңге. Алматыда биыл жергілікті бюджеттен үнемделген ақшаның көлемі

«Қазір Қазақстан журналистикасы заман талабына сай, жан-жақты, нағыз Тәуелсіздікке сай журналистика болып қалыптасып келеді». Бұл туралы ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында өткізген кездесуінде мәлім етті. Министр кездесу барысында BAQ.kz ақпараттық агенттігі журналисі «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ журналистикасының келбеті қалайша өзгерді?» деген сауал қойды. Өз кезегінде Д.Абаев «Шыны керек, дәл қазір бұл сұраққа бір сөзбен жауап беру қиын. Менің ойымша, бүгінде біздің журналистикамыз енді-енді тәуелсіз журналистика болып қалыптасып келеді. Сондай сана-сезім енді жетіліп келе жатыр.

Дәурен АБАЕВ: ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ



Біздің журналистикамыз әлі өз орнын таппан жоқ деп ойлаймын. Бұл үрдіс енді ғана қарқын алып келеді. Жакын арада бір жағына шығады деген ойдамын», – деді. Айта

кетейік, бұған дейін министр ақпараттық қауіпсіздікке қатысты өз ойын білдірген болатын. Оның ойынша, еліміздің қазіргі ақпараттық қауіпсіздігінің бір осал тұсы ол – таза шетелдік арналарды көрсететін спутниктік табактар. Бұл мәселеге байланысты министрлік тарапынан арнайы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар министр алдағы уақытта атқарылатын бірқатар бағдарламаларды да атап өтті. Онда отандық рейтингтік компания, ардагер журналистерге қатысты арнайы жобалар және ақпараттық қолдау бойынша БАҚ-қа бөлінетін тендерлік жүйе жайлы сөз болды.

ҰБТ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ



Үкіметте Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен отырыста білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев талапкерлерді кешенді тестілеудегі өзгерістер туралы баяндады.

Министрдің айтуынша, келер жылы колледж түлектері үшін талапкерлерді кешенді тестілеу (ТКТ) форматы өзгереді. Бүгінге дейін колледж түлектері ҰБТ кезінде өздері колледждің соңғы жылдарында оқымаған пәндері бойынша да тестілеуге қатысып келгені белгілі. Осыған байланысты келесі жылдан бастап енгізілетін ТКТ жана форматында талапкерлердің колледжде оқытылған білімі ғана назарға алынады. Жана форматқа сәйкес 60 сауал қарастырылған. Оның 20-сы жалпы пәндер бойынша, 40 сауал бейіндік пәнге қатысты. Мұндай жағдайда түлек өзі таңдаған саланы жетілдіруі тиіс. Мысалы, педагогикалық колледж түлегі педагогикалық мамандыққа баруы керек. Ал өзгерткен жағдайда талапкер ҰБТ тапсыруға міндетті.

Инновациялық зияткерлік технологиялар академиясының бас директоры Нұралы Құдайбергеновты қаламды қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде еркін сөйлете алатын озық технология ойлап тапты.

«Қазақ тілін тез үйрететін амалдардың бірі – инновациялық технологияларды жасап, оларды қолданысқа енгізу. Сондай-ақ қазақ тілінде ауызша сөйлескенде жиі қолданылатын сөздердің қоры жоқ бізге. Егер де зерттеу жүргізіп, қандай да бір тыңдау құрылысының арқасында аламыр қазақ тілінде бір күнде, бір аптада, бір айда, бір жылда қандай

сөздерді тұрмыста ең көп қолданғанын анықтасақ, онда жиі айтылатын қазақ сөздерінің қорын анықтай алар едік. Бірақ бұндай жұмыс ағылшын

сөздің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқасын осы қаламға сыйдырдық», – дейді осы технологияны ойлап тапқан Н.Құдайбергеновты. «ҚазАқпарат» хабарлағандай, қазақ тілін үйрететін жолдарды іздеп жүрген ғалым бұл жаңалығын

АҚЫЛДЫ ҚАЛАМ



тілінде жүргізілген екен. Біз сол зерттеуді негізге ала отырып, жиі қолданылатын 50 мың сөзді аударып, оларды оқып, осы қаламға 50 мың

бүгін Назарбаев Университетінде өткен «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты халықаралық симпозиумда алғаш рет таныстырды. Енді өнертапқыш су жана инновациялық технологияны білім және ғылым министрлігіне, мектептерге таныстыруды жоспарлап отыр. Оның айтуынша, үш тілде оқытуды көздеген министрлік үшін бұл таптырмас құрал.



АУЫЛДА КООПЕРАЦИЯНЫ ДАМУ ТУ ҚАЖЕТ

Елбасы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Оған Премьер-Министр Б.Сағынтаев, Президент Әкімшілігінің басшысы Ә.Жақсыбеков, Ұлттық банк төрағасы Д.Ақышев, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Мамин, Премьер-Министрдің орынбасары – ауыл шаруашылығы министрі А.Мырзахметов, Премьер-Министрдің орынбасары И.Тасмағамбетов, Президенттің көмекшісі Ә.Смайылов, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т.Дүйсенова, қаржы министрі Б.Сұлтанов, ұлттық экономика министрі Қ.Бишімбаев қатысты.

Іс-шара барысында маңызды бағдарламалық құжаттарға қатысты негізгі ұстанымдар қарастырылды. Мемлекет басшысы биылғы қыркүйекте үкіметтің кеңейтілген отырысында тиісті тапсырмалар берілгенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев аграрлық сала мәселелері жан-жақты қарастыруды талап ететінін атап өтті. Өнім көлемін ұлғайту, өнімділікті



арттыру, ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру, азық-түлік импортын азайту, өңделген өнім экспортын көбейту және ауыл шаруашылығы кооперациясын жетілдіру агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның басымдығы бар бағыттары болып саналады. Елбасы «Біздің өңдеуші кәсіпорындарымыз 30-40% жүктемемен жұмыс жүргізуде. Олардың жұмысының толық қуаттылығына жетуін қамтамасыз ету үшін шикізат керек, оның жеткізілетін мөлшерін арттыру үшін ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту қажет», – деді. Сондай-ақ Елбасы ауыл жастарын қайта даярлау және ауылдағы жұмыспен қамтылу деңгейін арттырудың маңыздылығына тоқталды. Кеңес қорытындысы бойынша мемлекет басшысы әзірленіп жатқан бағдарламалық құжаттардың тұжырымдық ұстанымдарын мақұлдап, барлық мәселені мүдделі тараптармен өзара келісіп, мұқият қарастыруды тапсырды.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ



Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында Алматы облысының шалғайда орналасқан 25 елді мекеніне Талдықорғаннан 5 көшпелі медициналық кешен жолға шықты. Ондағы мақсат – тұрғындарды профилактикалық тексеруден өткізу.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиевтің айтуынша, мұндай

жергілікті жерлерге шығып, заманауи медициналық құралдарды қолдана отырып, жоғары кәсіби дәрігерлік көмек көрсетеді. Сонымен қатар скрининг және басқа да арнайы тексерулер қолжетімді түрде жүргізіледі», – дейді. Бұл жылжымалы медициналық кешендер Көксу, Ақсу, Еңбекшіқазақ, Панфилов аудандары мен Қапшағай қаласының 25 ауылының тұрғындарына медициналық, консультативтік көмек көрсету үшін



алдын алу шараларының денсаулық сақтауда тигізер пайдасы зор. Өңірдің бас дәрігері «Кәсіби маманданған қызметкерлер

жолға шықты. Осы акция аясында ауыл тұрғындары медициналық тексерулерден өтіп, арнайы мамандардың көңесін ала алады.

(Басы 1-бетте)

Бұл өте дұрыс мәселе. Бізде процесуалдық шектеулер бар. Мысалы, судья сот мәжілісі кезінде заңды түсіндірмеуі тиіс. Мұны кім айтуы қажет? Сотқа дейін адвокаттар айту керек. Съезде Жоғарғы Сот төрағасы Қайрат Мәми бұл мәселені біржақты қарауға болмайтынын алға тартты. Яғни бірлесе жұмыс істеп, қоғамда құқықтық түсіндіру жұмыстарын көп жүргізу қажет. Бүгінгі күні азаматтар заңды толығымен түсініп, оны егжей-тегжейіне дейін біледі деп айта алмаймыз. «Менің талабым — заңға сәйкес келмейді, сондықтан сотқа бармай-ақ, мәселені өзім шешуім керек» деген құқықтық сана

қоғамға, үкіметтік емес ұйымдарға жеткізіп отыруы керек. Менің ойымша, әрбір судья осы дәрежеге жету қажет. Әр іс бойынша шығарған шешімін судья бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде жеткізе

бар. Осындай жағдайлар болмас үшін оларды қоғамға жария ету қажет. Мысалы, мынадай министр сотқа қысым жасап, қандай да бір істі былай шешуді айтты деп жариялап, жазаласа, екінші лауазымды тұлға ондай әрекетке

болып отыр. Ең алғашқы судьялардың әдеп кодексі 1996 жылы бірінші съезде бекітілген болатын. Ол барлығы 7 баптан тұрды және судья әдебінің көптеген аспектілерін қамтыған жоқ. Нәтижесінде судьялардың үшінші съезінде

ҚОҒАМ 3
www.jasqazaq.kz

СУДЬЯ ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕГЕ ЛАЙЫҚ БОЛУЫ ТИІС!

алса, сонда толыққанды ашық сот болады деп есептеймін.
Жас казак: Съезде Нұрсұлтан Назарбаев қолындағы билігі мен ақшасы арқылы сотқа

бармайды. Әрине, бұл істі судьялар өздері қолға алуы тиіс. Судья айтып, көрсетпесе, кім мұны істейді. Өз басыма лауазымды тұлға хабарласып, «осы істі былай шешіп бер» деп айтып көрген емес. Біз заңға сәйкес шешім шығарамыз. Егер біреудің айтуымен жұмыс істесем, мен несіне судья болып отырмын. Біз тек қана заңға, Конституцияға бағынуымыз қажет.

Жас казак: Республика судьяларының съезі төрт жыл сайын өтетінін білеміз. Бірақ 2017 жылға жоспарланған жиын биыл ұйымдастырылды. Судьялардың кезектен тыс съезін шақырудың қажеттілігі неден туындады?

Сайран Әлімбаева: Иә, шын мәнінде, биылғы съезд кезектен тыс өтті. Сонғы жиын 2013 жылы қараша айында болған еді. Қазіргі уақытта елімізде, сот жүйесінде болып жатқан тың өзгерістерге байланысты биыл кезектен тыс өткізу мәселесі туындады. Жалпы, судьялар қауымы әрбір съезді асыға күтеді. Өйткені әр

басқосуда өткен кезеңде атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы уақыттың бағыт-бағдары белгіленеді. Елбасы айқындаған мақсат-міндеттер бойынша съездер аралығында сот жүйесі жұмыс істейді. Жетінші съезде соттың жұмыс сапасын жақсартып, беделін нығайту, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру, оның жоғары дәрежелі келбетін қалыптастыру мәселелері талқыланды. Нұрсұлтан Назарбаев соттың абыройын көтеру, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы судьяның рөлі туралы айтты. Жетінші съездің тарихи маңыздылығы судьялардың жаңа әдеп кодексінің қабылдануы

кодекске толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Қазіргі қолданыстағы кодекс бесінші съезде 2009 жылы қабылданған.

Жас казак: Жаңа кодексте әдеп нормалары біршама қатандатылған секілді. Сонымен, қазіргі судьяның моральдық-адамгершілік келбеті қандай болуы тиіс?

Сайран Әлімбаева: Судьялардың жаңа әдеп кодексі отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен әзірленді. Ол Еуропа кеңесінің венециандық комиссиясының мақұлдауынан өтті. Ал ақпан айында жоба Жоғарғы Сот жанындағы халықаралық кеңес отырысында қаралып, қолдау тапты. Жаңа әдеп кодексінің бірінші бабында былай жазылған: «Судья берілген антына берік, оның әрекеті лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, сот төрелігін іске асыруға, қоғамдық қызмет пен тұрмысқа байланысты кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде әлсіз жүріп-тұрудың көріністеріне жол бермей, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс. Судья сот билігінің беделін түсіруге, сот төрелігінің тәуелсіздігіне күмән келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуы қажет». Яғни судья өзінің лауазымына кір келтіретін әрекеттерге жұмысында ғана

емес, күнделікті тұрмысында, отбасында жол бермеуі тиіс. Өйткені біз қоғамда өмір сүреміз ғой. Судья атағына титтей болса да зиян келтіруге құқығымыз жоқ. Ішмізді ішетін, көңіл көтеретін жерлерде болмауымыз керек. Барған күннің өзінде әдеп сақтау өте маңызды. Сонымен қатар судья тек өзінің емес, отбасы мүшелерінің беделін де ойлап, іс-әрекеттерін қадағалап отыруы қажет. Мәселен, мен жолдасым, үш балама «судьяның отбасы болғандықтан, әдеп нормаларын сақтауға сендер де міндеттісіңдер» деп айтып отырамын. Осылайша, тек бізге ғана емес, отбасымызға да жауапкершілік жүктейді. Тек жүріп тұруын ғана емес, отбасы мүшелерінің материалдық жағдайын да қадағалап отырамыз. Егер олар қымбат зат алатын болса, оның қайдан келгенін мен білугім керек. Өйткені, менен сұрап қалса, жауап беруге әрқашан дайын болуым қажет. Сондай-ақ судья саясаттан аулақ болуы тиіс. Бізге әлеуметтік желіге тіркелуге болмайды деген шектеу болмаса да, онда саяси пікірімізді білдіруге құқығымыз жоқ. Саяси партияларға да мүшелікке өтпейміз. Сауда-саттық, бизнеспен де айналыса алмаймыз.

Сұхбаттасқан
Айымгүл МҰРАТҚЫЗЫ

қоғамда әлі жоқ. Сондықтан азаматтардың құқықтық білімін көтеріп, қорғаушылардың жұмысын бір жүйеге келтіру міндеттері қойылып отыр. Бұл тек соттың жұмысы ғана емес.

Жас казак: Ал соттың ашықтығын қамтамасыз етуде нәтиже қандай?

Сайран Әлімбаева: Мен баспасөзбен үйлестіруші (*баспасөзбен жұмыс істейтін*) судьямын. Бұрын сотта мұндай судья болмаған. Бұл тәжірибе соңғы 3-4 жылда ғана енгізіліп отыр. Яғни бұл ашықтық пен жариялылыққа бір қадам деген сөз. Үйлестіруші судья соттағы жүріп жатқан жұмыстарды журналистерге,

қысым жасайтын адамдарды бүкіл Қазақстанға жария ету қажеттігін айтты. Ал судьялар ондай адамдардың атын атап, түсін түстеуге дайын ба?

Сайран Әлімбаева: Өте дұрыс ұсыныс. Жалпы, судьяның екі кепілдігі бар. Біріншіден, сот жүйесі ешқандай органға тәуелді емес, дербес билік. Екіншіден, судьялар Президенттің Жарлығымен тағайындалады. Сондықтан біздің тәуелсіздігіміз заң жүзінде қорғалған. Әрине, лауазымды қызметте отырған адам билігін көрсеткісі келеді. Қоқан-лоқы жасаған тұлғаларға сот арқылы күшін де дәлелдеуге қарсы емес. Ақшасымен, билігімен сотқа өзінің айтқанын істеткісі келетіндер

Қайырымды ақтөбеліктер ата-анасыз балалардың тұрғын үй жинақтарына ақша салды. Ал өңір басшысы Бердібек Сапарбаев бір қыз балаға екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстады.

ЖАСТАРДЫ ЖАРЫЛҚАҒАН КҮН

Ақтөбеде үлкен қайырымдылық шарасы өтті. «Тәуелсіздіктің дәмін әр тұрғын сезіну керек» деген ұранмен ұйымдастырылған шараға түрлі саланың өкілдері қатысты. Шамамен бір жарым сағатқа созылған жиында мұқтаж жандарға көмек көрсетілді.

Солардың бірі — жасөспірімдер үйінің тұрғыны Бақытгүл Калиева екі бөлмелі пәтердің иесі атанды. Оған кілтті облыс басшысы Бердібек Сапарбаев табыстады. Облыс әкімі барлық шенеунікті, кәсіпкерлерді мұқтаж жандарға көмек қолын созуға шақырды. Апалы-сіңлі Калиевалар осы күнге дейін әр жақта тұрып келген. Бақытгүл Алғадағы балалар үйінен ауысады. Ал мұғалім өпкесі пәтер жалдап келген. Студент сіңлісі тағы бар. Бір-біріне қарайласып жүрген олар ендігі уақытта екі бөлмелі пәтерде бірге тұратын болады.

Олар да жетім екенбіз деп қарап отырмаған. Мамандандырылған экономикалық сотта қызмет ететін жас

маман пәтер алу үшін қаражат жинаған.

Бақытгүл «Бізге 1,5 миллион теңге жетпеді. Бердібек Сапарбаев баспана алуға жетпеген қаражатты шотымызға аударды», — дейді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлердің қаржысы есебінен екі тәрбиеленуші пәтер рәсімделді. Жалпы алғанда, акция барысында 223 жетім баланың «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі» есепшоты 6,1 млн теңгеге толықты. Араға

бірнеше күн салып, Ақтөбеде жастар балы ұйымдастырылды. Өңірде алғаш рет жастарға «Ақтөбе жас» сыйлығы тағайындалды. Шараның жыл сайынғы ұйымдастырушыларының бірі — Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті әкімшілігі тарапынан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге жалпы сомасы 4 миллион теңге қаражат берілді. Айта кетейік, жетімдерге тұрғын үй алуға қажетті шот ашып, оған меценаттарды жұмылдыру жұмыстары республика көлемінде бірнеше жыл бұрын алғаш рет Ақтөбе облысында басталған болатын.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

КӨГІЛДІР ОТЫННАН ҚИЫНДЫҚ КӨРМЕЙДІ

Ақтөбенің аудан орталықтарына түгелдей газ жүргізілді. Облыс орталығынан 400 шақырым қашықтықта жатқан Ырғыз ауданына да газ құбыры тартылды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында ауыл халқы қос қуанышты қатар атап өтті.

Газ құбырын тарту жұмысы 2011 жылы басталып, мереке қарсаңында халық көгілдір отынды тұтына бастады. Өңір басшысы Бердібек Сапарбаев «Егемендік алған күннен бастап мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қандай да бір қиындықтарға қарамастан, жылдан-жылға халықтың тұрмысын, әл-ахуалын, жағдайын

жақсартуымыз керек екенін айтты. Тәуелсіздігіміздің арқасында кеңес үкіметі кезінде келмеген газ Ырғызға жетті. Сөйтіп, Ақтөбе



облысының барлық аудан орталығына газ барды. Қазіргі уақытта Ақтөбе өңірінің халқы 92 пайыз газбен

мекеме газға қосылады. Сонымен қатар алдағы жылдары газ құбырының бойында орналасқан 4 елді мекенді газға қосу жоспары қолға алынды. Қазіргі уақытта өңір халқының 92 пайызы көгілдір отынды тұтынса, алдағы жылдары бұл көрсеткіш 98 пайызға жетеді.

«Тәуелсіз Қазақстан» әлеуметтік пойызы Атырау облысына келді. Бұған дейін 7 облысты аралаған топтың құрамында 270-тей маман бар. Олардың басым бөлігі медицина саласының қызметкерлері.



Дәрігерлер бүгінге дейін 7 мыңдай науқасқа ем жүргізген. Ал ауруы асқынған науқастарға Астана мен Алматы қалаларындағы орталық медициналық мекемелерге жолдама берілді. Сонымен қатар топ құрамындағы өзге де мамандар әлеуметтік мәселелер жөнінде көпшіліктің көкейіндегі сауалдарға жауап беріп, ақыл-көнестерін берді.

Әлеуметтік пойыз мүшелері сапар барысында 35 мың адаммен кездесіп, 4 мыңнан астам азаматқа жеке қабылдау өткізген. «Тәуелсіз

ПОЙЫЗ АТЫРАУҒА БАРДЫ



Қазақстан» әлеуметтік пойызының жетекшісі Әміржан Әлпейісов «Халық қазір жеке басының қамын ғана емес, жалпы керекті заңдарды да айтып отыр. Мысалы, «Саяжайлар туралы» заң не болмаса, жер телімдерін алу жөнінде көптеген мәселе бар. Осындай мәселелер кеңінен шешіліп жатыр. Жалпы, осы сапарымыз барысында елдің, халықтың көңіл күйі жақсы екендігіне көз жеткіздік», — дейді. Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған әлеуметтік пойыз атыраулықтарды толғандырған сауалдарға толық жауап беріп, сыртқа жандарға медициналық көмек көрсетті. Келесі облыс — Маңғыстау өңірі.

Дайындаған
Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ



ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесі 93 күнге созылады. Департамент директоры 10 маусым мен 10 қыркүйек арасын қамтитын ұйымдастырылатын көрмені тамашалауға 5 миллионға жуық адам қатысатынын және олардың әрбір күні есте қаларлықтай ерекше өтуі үшін 400-ге жуық мәдени шараның ұйымдастырылатынын жеткізді. Аталған көрмеге қатысуға 106 мемлекеттің өкілі өтініш-тілегін білдіріпті.

Жасырып қайтейік, қала тұрғындарын «аядай қалаға 5 миллион адам келсе, тар көшелеріміз тағы да кептеліске толып, жағдайымыз қиындайды» деген ой мазалайды. Бірақ көп адам бір нәрсені дұрыс түсінбейтін секілді. Осы 5 миллион адам бір-ақ күнде келіп, апыр-топыр салып жүрмейді. Керісінше, әрқайсысы белгіленген уақыт аралығында ғана келетінін ескеруіміз қажет.

Сырттан келушілердің орналасуы, еліміздегі туристік нысандарды көріп, тамашалауы үшін алдын ала түрлі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айта кетейік: мысалы, келген қонақтар тек Астана қаласына ғана емес, сондай-ақ Бұрабай, Көкшетау, Қарағанды, Қарқаралы, Байқоңыр, Маңғыстау сияқты қалалардағы

EXPO – 2017: ЕРІКТІЛЕР САҚАДАЙ САЙ



қонақүйлер мен хостелге орналасып, сол жердегі мәдени-тарихи нысандарды көріп, табиғатын тамашалауға мүмкіндік алады.

Аллен Сержанұлының сөзіне қарағанда, біздің кәсіпкерлерімізге өзінің шығармашылық жұмыстарын шетелдіктерге осы көрме арқылы көрсетуге, танытуға үлкен мүмкіндік беріліп тұр. «Саусак бірікпей ине ілікпейтінін» ескеріп, кәсіпкерлер мен құзырлы мекеменің мамандары бірлесіп іс атқарса, әлем халқына қазақтың ұлттық құндылықтарын, ұлттық колөнер бұйымдарын ұсына алатынымыз сөзсіз.

Көрменің ұйымдастырылу жұмысына 4,5 мыңнан астам ерікті жұмылдырылмақ. Қазіргі уақытта еріктілер іріктеліп, тіл курсымен қатар ұйымдастыру жұмыстарымен жаттығып, тәжірибе алмасып жатыр. 4,5 мың еріктінің 1,5 мыңы – Алматы қаласының жастары. Олар, сондай-ақ Универсиада – 2017 ойын ұйымдастыруға да атсалысады.

Асылы, әрбір мамандандырылған көрменің ұйымдастырылуында өзіндік ерекшелігі мен жосығы болуы тиіс. Өткізілу ұзақтығы – 3



айға созылатын бұл көрменің басты тақырыбы «Болашақтың энергиясы» Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған жарқын бастама. «Астана ЭКСПО-2017» жобасы – мемлекет басшысының әлемдік деңгейдегі мега жобасы екенін мақтанышпен айтуымыз қажет деп санайды ұлттық компанияның өкілі.

Жасыл энергетика тақырыбы – әлем халқының алдағы 10-15 жылда жиі көтеретін өзекті мәселесіне айналады. Елбасы алдын ала көрегендік танытып, әлем халқы басқа да мәселелерге бас қатырып жүргенде, жасыл энергетика мәселесін ұтымды қозғап, бірқатар түйткіл мәселелердің шешу

205 күннен кейін әлем халқы назарын біздің елімізге аудармақ. Төрткүл дүниенің халқын тамсандырып келген ЭКСПО халықаралық көрмесі 2017 жылы Астанада өтеді. Биылғы жылы әлем халқының назары РИО-2016 жазғы олимпиадалық ойындарына ауды. Сол сияқты 2017 жылы әлем бойынша өтетін жалғыз ірі шара – біздің елімізде жүзеге асады. Ал Астана ЭКСПО-2017 қалай өтеді, әлем халқын қалай тамсандырады, ұйымдастырылу барысы қалай жүзеге асып жатыр? Осы сынды бірқатар сауалға «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының маркетинг және сату департаментінің директоры Аллен Шайжүнісов журналистермен өткен пресс-конференция барысында жауап берді. Аллен Сержанұлының айтуынша, бұл көрменің саяси маңыздылығы мен мәні – өте зор. Біздің еліміз үшін бұл көрмені өткізу – үлкен мәртебе. Бұрынғы КСРО құрамында болған 15 мемлекеттің бірде-біреуі бұл көрмені өткізбеген!



жолдарын атап көрсетті. Адамзат қоғамы үшін төніп тұрған басты қауіп — ғаламшарымыздың экожүйесін бұзып алмай, сақтап қалу. Сондықтан осы көрме аясында табиғи қазба байлықтарын игерудің жолын реттеу, баламалы энергия көздерін ойластыру жағы, ғылыми-зерттеу аспектілері қарастырылады.

Жалпы аумағы 25 гектардан асатын жерге 106 мемлекеттің павильоны қойылып, таныстырылатын болады. Әрбір ел өзінің нанотехнологиялық баламалы энергия алатын жұмысымен қатар, ұлттық салт-дәстүріне қатысты құндылығын, ас мәзірін де әкелеті.

Аллен Сержанұлы ЭКСПО-2017 көрмесін әлемдік аренада насихаттап жүрген патриот жастардың бірегейі — Геннадий Головкин екенін ерекше атап өтті. Тәна өзінің әрбір ойынында: «Менің Отаным — Қазақстан. 2017 жылы менің елімде — халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі өтеді. Келініздер, барлықтарыңызды еліме шақырамын!» — деп жиі айтып, насихаттап жүргені үшін оған «ЭКСПО-2017 елшісі» белгісі беріліпті. Осы белгі бұған дейін үшінші ғарышкеріміз



Айдын Айымбетовке және «Astana Pro Team» велокомандасы капитандары Винченцо Нибали мен Фабио Аруға берілген еді.

ЭКСПО-ның бас ғимараты — ғаламшар форматында салынған. Сегіз қабатты зәулім ғимараттың сегізінші қабатында аспан астындағы Астана шаһарының музейі орналаспақ. Музей экспозициясы Тәуелсіз Қазақстанның тарихына, экономикасына, ширек ғасырға жуық уақытта жеткен жетістіктерімізге арналады.

Елдос ТОҚТАРБАЙ, Астана

— Сіздің бүгінгі шыққан биігіңіз ата-ананың тәлім-тәрбиесінен, бағыт-бағдарынан, мамандық таңдаудан басталғаны белгілі. Еңбек жолыңызда ірі де іргелі міндеттерді атқардыңыз. Сөз бастауын өткен шақтан қозғасақ...

— Өткен ғасырда қойнауы құтқа толы түбегімізде жемісті жұмыс жасаған «Маңғышлақмұнайгазбарлау» кешенді экспедициясы Жетібайдағы, Жанаөзендегі, Қаламқас, Қаражанбас, солтүстік Бозашы, Үстірттегі Елемес және Сәтөбе кен орындарында «қара алтынның» қайнар көзін ашты. Өлкемізге белгілі мұнайшы, геолог-барлаушы Халел Өзбекқалиев, Ғизат Балмұханбетов, Сағынбай Қызылов ағаларымыз басқарған мекемеде марқұм әкем Алтай мен анам Ұштап еңбек етті. «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресінде 35-40 жылдай уақыт байланысышы болып жұмыс жасаған әкем мектепте 7-8-сынып оқып жүргенімде Үстірттің үстіндегі, Бозашыдағы кен орындарына өзімен бірге алып кететін. Бала кезімде жер астындағы табиғи байлықтың қалай игерілетінін, маңдай терін төгіп жұмыс жасаған майталман мұнайшылардың, геологтардың еңбегін көрдім. Сайын дала төсінде жылдың төрт мезгілінде төзімділік танытып, қазына байлығын халық игілігіне жаратуда табанды, тынымсыз еңбек ететін мұнайшы деген маманның жұмысымен сол кезде таныстым. Түсінбеген нәрсемді әкемнен сұрайтынмын. Сол қызығушылығым мені мұнайшылық кәсіпті таңдауыма әсер етті.

Мен Қаракыя ауданындағы Құрық ауылында 10 жылдық мектепте білім алдым. 1990 жылы Қазақ политехникалық институтын мұнайшы мамандығы бойынша бітіріп, ауылға оралдым. Сағын Қырымқұлов, Санатбай Масатов, Бөкенбай Қожықов сынды өлкемізге белгілі майталман мұнайшылар қанат қакқан «Маңғышлақмұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында еңбек жолымды бастап, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болып жұмыс жасадым. Кенес Одағы ыдырағаннан кейін 1991 жылы «Комсомолмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасына операторлық жұмысқа ауыстым. Ол кезде басшымыз есімі елге белгілі мұнайшы, қазір Парламент Сенатының депутаты Ләззат Кетейбайұлы (Қызылов), бас инженер 40 жылдан астам еңбек жолын ел байлығын игерумен етене байланыстырған Өрен Сағындықұлы ағамыз болды. Цех басшылары Қосай Жұбаниязов, Тимур Бимағанбетов, Серік Қазиев және Сайын Дүйсебаев, Өтесін Қазиева, Нина Мұстапаева сынды өз ісінің білгірлерінің қасында қазба байлықты ел көдесіне жаратуда білімім мен білігімді шыңдай жүріп, мамандықтың ыстығы мен суығына ысылып, 1 жыл ішінде шебер қызметіне тағайындалдым. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен Отанымыздың экономикасын дамытудың негізгі қозғаушы күші болып табылатын мұнай-газ өнеркәсібін өрге бастыру мақсатында жүйелі жұмыстар қолға алына бастады. Адал еңбекке ұмтылдырған ынта-ықыластың, жүктелген жұмысты межелі уақытында орындаудың арқасында Қаламқас кен орнында мұнай және газ өндіретін №1 цехта технолог, бас технолог, 1998 жылы №2 мұнай және газ кәсіпшілігі мен прокаттау-жөндеу цехында басшылық қызметтерді абыройлы атқардым. Мен алғаш Қаламқасқа жұмысқа келгенде Кенжеғали Назаралиев, Есенқос Бисалиев, Көшербай Әлібаев, Балтабек Мағфиет, Амантай Сүйеуов, Андар Мирзосов сынды мұнайшылар топтық қондырғыда жұмыс жасауды, өндірістің қыр-сырын үйретті.

2000-2004 жылдары кен орнының тыныс-тіршілігі, мұнайдың құрамы, мөлшері, өндірілуі басқарылатын орталық инженерлік-технология қызметін, 2004 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры болған Сағын Қырымқұлов ағамыздың шақыруымен 3 айға жуық уақыт Жетібай мен Қаламқастағы кен орындарының күнделікті өндірген мұнайы мен желді қызметін қадағалайтын орталық инженер-технология қызметін басқардым. 2004-2007 жылдары «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында басшы, 2007-2013 жылдары «Жалғызтөбемұнай» ЖШС бас директорының орынбасары, «ҚазақойлАқтөбе» ЖШС техникалық директоры, «ҚазМұнайТеніс» ТМҚ АҚ директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау және Өндіру» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, 2013-2015 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары қызметтерінде еңбек етіп, мұнай-газ кешенінің кешегідей дамуына қажыр-қайратымды, білімімді, тәжірибемді арнадым.

2015 жылдың қараша айынан бері 6 мыңға жуық мұнайшы жұмыс жасайтын, қызу еңбек қарқыны қалыптасқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметін атқарып келемін.

— Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы өндіріс орындарындағы жағдайың шегіңіз жасасақ... Жағдай қандай болды?

— Осыдан 25 жыл бұрын ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ансаған азаттықтың ақ таңы атып, Қазақ елінің іргесі бүтінделді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда экономикалық жағдай тұрақталмаған, халықтың тұрмысы төмен, еліміз қиын күндерді, сынақ сәттерді бастан кешірді. Мәселен, Кенес Одағы ыдырағаннан кейін елімізде барыс-келіс, қарым-қатынас байланыстары үзіліп қалды. 1997-1998 жылдары мұнайды қабылдау ісі тоқтап қалып, Қаламқас кен орнында күніне өндірілетін 10 мың тоннадай мұнайды резервуарларға сақтап, топтық қондырғыларға жинадық. Мұнай өндіруге қажетті құрал-жабдық, материал тасымалданбай қалды. Ел енесі көтеріле қоймаған сол бір қиын шақта мұнайшылар 8-9 ай бойы жалақы ала алмаса да,

шыдамдылық танытып, ерен еңбектің үлгісін көрсетті.

Ол уақытта жұмыстың дені қол еңбегімен атқарылатын. Бұрын топтық қондырғылардан май төгіліп, апаттық жағдай көп орын алды. Мұнайшыларға аңызак желдің өтінде, боранды, жауын-шашынды күнде, үскірік аязда, аптап ыстықта қиындықпен жұмыс жасауға тура келетін. Тәуелсіздіктің, еліміздің өсіп-өркендеуінің арқасында бүгінгі таңда өндіріске инновациялық жаңа технологиялар енгізіліп, жұмыс автоматтандырылған жүйеге көшті.

Қаламқас кен орны Маңғыстаудың солтүстігінде

Маңғыстау облысында қазыналы қойнауынан «қара алтынның» тынысы ашылған жарты ғасырдан астам уақыттан бері өндірістің өрлеу үрдісі үздіксіз жалғасып келеді. Жетібайдан бастау алған жылнама, кейін ашылған өзге де кен орындарындағы «қара алтын» өндіру қарқыны Тәуелсіздік жылдарында өлкемізде өркеніетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеп, ел экономикасының еңсе тіктеуіне жол ашты. Осылайша, Маңғыстау мұнайының тарихы Тәуелсіздік шежіресімен бірге өрліді. Экономиканың салмағы өндірістің иығына артылатын мұнайлы мекендегі алпауыт компания «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Тәуелсіздікпен бірге түледі. Өндірістік өрлеуді бетке алып, егемендік жылдарында мұнай-газ кешенінің көш басына орныққан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «Қазақстан жер қойнауының құрметті барлаушысы» Бақыт Иманбаевпен сұхбаттасқан едік.

ТӘУЕЛСІЗДІК пен ЕРЕН ЕҢБЕК

орналасқандықтан қысы қаттылау. Жас кезімізде ұңғыларға баратын жол жоқ, жаңбыр жауса, сор жерлермен жүру қиындық тудырып, көліктер балшыққа батып қалатын. Әлі есімде шебер марқұм Қайыржан Тасқалиев, Орынбасар Шадиаров, Ғұсман Есқалиев, Көшербай Әлібаев ағаларымызбен бірге жұмысқа болған кезде мұндай қиындықтарды бірге еңсердік. Қазір ұңғыларға апаратын жолдар салынып, мұнайшыларды көлікпен қамту мәселелері шешіліп, жағдай едәуір жақсарды.

Тәуелсіздік алған алғашқы уақытта мұнайшылар уақытша қойылған, жел өтетін, қолдан жылытылатын жатақханаларда тұрды. Кен орнында жатақханаларға 1995 жылы жөндеу жүргізіле бастады. Ол кезде тамақ мәселесі де өте күрделі болды. Жеміс-жидек мүлде келмейтін. Жетібайда мұнай өндіру жұмысы тіптен ауыр. Өндірістік басқармаға қарасты 14 кен орны облыстың әр аудандарында шоғырланған.

Бұрын мұнайшылар тарапынан қазіргідей айлықты көтеруді талап ету, басқа да әлеуметтік мәселелер жиі көтерілмейтін. Сондай-ақ қазіргідей емес, жалақыдан бөлек, тоқсанына 1 рет немесе жылдық жоспар орындалса ғана сыйақы берілетін еді. Біздің компания «ҚазМұнайГаз» АҚ және «СНПС» компаниясына қосылғаннан кейін мұнайшылардың жайлы жұмыс жасауына, бос уақытында демалуы үшін барлық жағдай жасалды. Күні-түні мұнай өндіру көлемін арттыру, ырзық-несібені ел игілігіне айналдыру бағытында жұмыстандық. Ауыртыпшылық пен келергілерді еңсеріп, қиын істің қиюын келтірген мұнайшылардың ерен еңбегі болмаса, Қазақстан мұнай өнеркәсібі осындай дәрежеде қалыптасар ма еді?

— Сіз басқаратын іргелі компания Тәуелсіздіктің 25 жылдығын қандай еңбек тартуымен қарсы алғалы отыр? Келер жылдағы жоспарыңызбен бөліссеніз?

— Тәуелсіздіктің 25 жылдығында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты Жетібай және Қаламқас кен орындарында 6 млн 285 мың тонна мұнай өндірілді жоспарлаған болатынбыз. Жылдың аяғына дейін мұнайшыларымыз осы көрсеткішті ойдағыдай орындайтынына сенімдімін. Келесі жылы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының тарихында алғаш рет «қара алтын» өндіру қарқынын 6 млн 350 мың тоннаға жеткізуді межелеп отырмыз. Ағымдағы жылы жергілікті кәсіпкерлерді қолдау бағытында шаруа қожалықтарынан 450 млн теңгеге ет, сүт өнімдерін сатып алдық. Өндірісті өлкемізде биыл Маңғыстау мұнайының 55 жылдығы, «Маңғыстаумұнайгаздың» қарашанырағы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдық мерейтойы мен мұнайшылар мерекесі кен көлемде тойланды.

Мұнайшылар жаңа технологияны жатсынбай, заманауи үлгідегі жетілген құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің тегігін тауып, еңбек көрігін қыздырып келеді. Мәселен, 2014 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында электр қуатының ірікшісін тейтейтін газтурбиналы электр стансасы іске қосылып, өндіріс орнына жаңа леп әкелген болатын. Табиғи газды аз мөлшерде жұмсап, өндірістің қуаттылығын арттыратын қондырғы іске қосылғалы бері 5 млрд теңге үнемделді.

Бүгінде инновациялардың ағынына ілескен «Қаламқас» кен орны жерасты байлығын игеруде жаңа технологияларды қолдану арқылы өндірістің өрісін кеңейтуге басымдық беріп отыр. Қаламқас кен орнының батысы мен шығысындағы №2041, №2049 өндірістік алаңдарында қолданылатын полимер айдау әдісі мұнай өндіру мөлшерін арттыруға мүмкіндік берелі. Бұл технология сонау 1994-1995 жылы мен «Комсомолмұнайда» Ләззат Кетейбайұлының басшылығымен, геолог Эвқария Құбышев, Сәттіғұл Бігімов, Қосай Жұбаниязов, Тимур Бимағанбетов



ағаларымыздың қолдауымен Қаламқаста шебер болып жұмыс жасап жүргенде өндіріске еніп, тоқтап қалған болатын. Полимер айдау әдісі арқылы ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында аталмыш екі өндірістік алаңда 24 мың 373 тонна қосымша мұнай өндірілді.

Сонғы жылдары өндіріске озық үлгідегі технологияға сай протекторлы-анодты қорғау, жер астына бір мезгілде екі түрлі қабатқа су және ұңғыға су-газ айдау әдісі, жоғары қысымды шыны талшықты және сорапты-компрессорлы құбырлар қолданысқа енгізілді. Бүгінгі таңда Қаламқас пен Жетібай кен орындарында 7 протекторлы-анодты қорғау блоктары қойылған. Жер астына бір мезгілде екі түрлі қабатқа су айдау әдісі арқылы Қаламқастағы 4 ұңғыда ағымдағы жылы 2000 тонна қосымша мұнай өндірілді. Өткен жылдың басында айында қолданысқа енгізілген су-газ айдау әдісі ұңғыдағы өндірілуі қиын мұнайды шығаруға мүмкіндік береді. Осы жаңа технология Қаламқастағы 4 ұңғыға енгізілгенді бері кен орнында 6251,3 тонна қосымша мұнай өндірілді.

Әлемдегі экономикалық қаржылық дағдарысқа қарамастан, жұмысшыларды қысқартпай, жалақысы мен сыйақысын тоқтатпай, әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөліп отырмыз. Бұл бағытта компанияда бөліп санау жүйесін енгізді. Рейтинг бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ халықаралық жарыста 1-орынды жеңіп алды. Келесі жылы бөліп санау жүйесін жоспарланған межеге жеткізіп, Қаламқас кен орнында полимер айдау әдісінің қолданыс аясын кеңейту, су мен мұнайды бөліп тұратын қондырғыларды жаңғырту, өндіріске жаңа технологияларды енгізу жұмыстары жүзеге асады. Сондай-ақ құны 7 млрд теңге болатын ұжымдық шартқа қол қойылды. Елбасының тапсырмасымен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қор компанияларының құнын ұлғайтуға, портфельдің басқарылу тиімділігін арттыруға және қор мен оның портфельдік компаниялары арасындағы жауапкершілікті айқын бөлуге бағытталған трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыруда.

— Ең қастерлі де мәртебелі мереке Тәуелсіздік күніне тілегіңізді, лебіңізді білдірсеңіз?

— Егемендікке қол жеткізген 25 жыл ішінде елімізде экономикамыз дамыды, әлеуметтің әлеуеті артып, халықтың тұрмысы түбегейлі өзгерді. Салыстырып, салмақтап қарасақ, өңірге өң берген өндіріс орындары бүгінгідей жаңа кейіпке еніп, ел экономикасының дамуында маңызды рөлге ие болды. «Мұнай мен газ — негізгі басымдығымыз» деп Елбасымыз айтқандай, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның мұнай-газ саласының буыны бекіп, ел экономикасының негізгі тірегіне айналды. Ширек ғасыр ішінде өндірістің өркендеуі, жеткен жетістіктеріміз, бағындырған белестеріміз мұнайшылардың еңбекке деген құлшынысын арттыра түседі. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елігіміз еңселі болсын! Мереке қарсаңында әрбір отбасына амандық, бақ-береке тілеймін!

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Фарид МҰНАЛҚЫЗЫ

Ширек ғасыр бұрын нарықтық қатынасқа бет бұрған еліміз қазір индустриалдық-инновациялық даму жолын экономиканы дамытудың басты бағыты ретінде қолға алды. Қысқа мерзімде отандық экономика бұл салада елеулі жетістікке жетті. Қазақстанның тәжірибесі көптеген елдерге үлгі-өнеге. Шетелдік экономистер мен зерттеушілер жиі жүгінетін тақырып. Инновациялық жобалардың экономиканың дамуына, ел игілігіне тигізер үлесі қандай? Осы сауалға жауап беру үшін түрік ғалымы Айча Шимшектің «AsyAvrupa» («Азия Еуропа») ақпараттық-сараптамалық журналында жарық көрген мақаласын ұсынып отырымыз.



Қазақстан экономикасы соңғы жылдары, әсіресе үкіметтің инвестициялар мен инновацияларды ынталандыру бағдарламаларын жүзеге асыруының арқасында елеулі табысқа тез жете алды. Қазақстан үкіметі ел экономикасының инновациялық инвестициялар арқылы индустриаландыру деңгейін арттыруды және экономикалық өсу қарқынын көтеруді басты

дайындау жүйесін және кәсіби білім беруді жетілдіру және оларды инновациялық инвестицияларда тиімді түрде пайдалану және Қазақстан экономикасының инновация әлеуетін арттыру басты мақсат ретінде анықталды.

Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін арттыру тұрғысынан смарт-технологиялар саласындағы

2014 жылдың тамыз айында Қазақстан индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Президентке ұсынған индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған соң елдегі инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған құқықтық-институционалдық

арқылы инфрақұрылымды жетілдіру және (iii) адам капиталының сапасын жақсарту.

Жоғарыда аталған барлық институционалдық қызметтердің және мемлекеттік бағдарламалардың Қазақстан экономикасын жетілдіру мен әсіресе инновациялық инвестицияларды дамыту арқылы елдің экономикалық өсу және даму



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ:

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ІЛКІМДІ ӨЗГЕРІСТЕР

мақсат ретінде алға қойды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін жүзеге асырылған саясат Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына Жолдауында айқын көрсетілген. Мемлекет басшысы Жолдауында құрылымдық өзгеріс пен экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін бас негізгі бағытта (қаржы секторының тұрақтылығы, фискалды саясатты оңтайландыру, жекешелендіру және экономикалық бәсекеге қабілеттілікті арттыру, жаңа инвестициялық саясат құру және жаңа әлеуметтік саясат құру) тиімді саясатты жүзеге асыру қажет деп атап өтті.

Бұл салалардың ішінде, әсіресе экономикалық бәсекеге қабілеттілікті арттыру және жаңа инвестициялық саясатты қалыптастыру мақсаттары инновациялық инвестициялар арқылы экономикалық дамуды жеделдетумен ұштасып жатыр. Үкіметтің бәсекелестікті арттыратын нарықтық ынталандыру тетіктерін тәжірибеде іске асыруы, монополияға қарсы тәжірибені жандандыру және шығыны көп компаниялардың банкротқа ұшырауын болдырмайтын шараларды қабылдауы арқылы бұл компанияларды сауықтыруы бірінші кезекте инновациялық инвестициялар, инвестициялық ахуалды барлық инвесторлар үшін неғұрлым бәсекеге қабілетті және тартымды етуге бағытталған.

Елбасы Жолдауында көрсетілген жаңа инвестиция саясаты шеңберін қалыптастыру мақсаты тікелей инновациялық инвестицияларды арттыруға бағытталған. Осы тұрғыда халықаралық деңгейде қызмет ететін жеке инвестицияларды көбірек тарту, күшті, тиімді және болжамды институционалдық шараларды қабылдау, ел ішінде жүзеге асырылатын аймақтық даму

кадрларды, кибер-физикалық жүйелердегі интеграциялауды және болашақ энергиясын өндіру, жобалау және құрылымдау салаларындағы кадрларды дамытудың үлкен маңызы бар. Тиімді ғылыми-зерттеу және инновация жүйелерін құру арқылы осы мақсатқа жетуге болады. Шынында да, Алматы қаласындағы «Алатау» технопаркі мен Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің «Астана бизнес кампус» хайтек паркі инновациялар саласында қарқынды ғылыми-

тетіктердің инфрақұрылымы дамытылды. Осы орайда, Қазақстан экономикасында жаңғыртпалы өнеркәсіп құрылымын жетілдіру, осы салада бәсекелестікті арттыру және өртүрлілікті қамтамасыз ету басты мақсат болып табылады.

Бағдарламада жоғарыда аталған басты мақсат аясында анықталған негізгі жүзеге асыру межесі келесідей көрсетілген: (i) қайталама өнеркәсіпті қарқынды дамыту, (ii) жетекші секторларда қосылған құнды



зерттеулер жүргізілетін орталықтар болып табылады. Екінші жағынан, Астанада өткізілетін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі де, әсіресе инновациялық инвестицияларды қолданып, жасыл технологияға негізделген энергия өндірісін белсенді түрге келтіру үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

Қазақстан экономикасында инновациялық инвестицияларды ынталандыруға бағытталған шаралар, әсіресе 2014 жылдан бастап белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. Елде индустриялық-инновациялық дамытудың

арттыру және тиімділікті жетілдіру, (iii) негізгі тауарлардан тыс тауарлардың өндірісі үшін нарықты кеңейту, (iv) жұмыспен нәтижелі қамтуды арттыру, (v) жаңғыртпалы өнеркәсіптің жетекші секторларында жаңа техникалық тиімділік деңгейін қалыптастыру және инновациялық инвестициялар арқылы болашақта жаңа секторларды дамытуға негіз жасау және (vi) қайталама өнеркәсіпте кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, шағын және орта кәсіпорындарды дамыту.

Қазақстан үкіметі жүзеге асырған экономикалық дамуды арттыруға арналған саясат Бес институционалдық реформа аясында жүзеге асырылған «100 нақты қадам: Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет» бағдарламасы шеңберінде көрсетілді. Бес институционалдық реформа (i) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіріп, кәсіби түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, (ii) заң үстемдігін тиімді түрде іске асырылуын қамтамасыз ету, (iii) мемлекеттік секторда ашықтық пен есептілікті арттыру, (iv) экономикалық өртүрлілікті арттыру және экономикалық өсу қарқынын арттыру, (v) кәсіпкерлердің бірлесе отырып әрекет етуін ынталандыру ретінде анықталды (Азия Даму Банкі, 2016 ж.). Осыған байланысты жасалған «100 нақты қадам: Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет» бағдарламасы инновациялық инвестицияларды арттыруға арналған шаралардың институционалдық инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған.

Қазақстанның жеке секторын дамытып, білімге негізделген әртараптандырылған экономикаға айналыруды көздейтін «Қазақстан-2050» стратегиясы инвестицияларды тарту және экономикалық дамуды ілгерлету бойынша ұсыныстарды қамтиды. «Қазақстан-2050» стратегиясы аясында экономикалық даму және инновацияға қатысты үш негізгі мақсат алға қойылған: (i) «100 нақты қадам: Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет» бағдарламасы арқылы институттарды нығайту және институттандыру үдерісін жетілдіру, (ii) Инфрақұрылымдық дамудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру

қарқынын арттыруы көзделген. Себебі индустриалдық-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан үкіметінің «100 нақты қадам: Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет» бағдарламасы «Қазақстан-2050» стратегиясының басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылуда. Осы бағдарламалардың арасында инновациялық инвестицияларға ерекше көңіл бөлінуінің басты себебі — елдің дамып жатқан индустриялық инвестициялары мен еңбек күшін ескере отырып, инновациялық инвестициялардың осы салаларда жылдам даму үдерісін ынталандыру әлеуетінің болуы.

Қазақстан үкіметінің мемлекеттік бағдарламалар арқылы инновациялық инвестицияларды ынталандырумен қатар халықаралық ұйымдар арқылы да осы салада жаңа нақты қадамдар жасағанын көруге болады. Расында, 2015 жылдың маусымында Дүниежүзілік банк пен Қазақстан үкіметі арасындағы 88 млн доллар көлеміндегі несиелік келісім аясында, әсіресе елдегі тиімді инновациялық инвестицияларды жеделдету мақсаты қойылған. Бес жылдық жоба болып жоспарланған осы несиелік келісім білім және ғылым министрлігі тарапынан жүзеге асырылатын болады. Жобаның негізгі мақсаты — әсіресе елде зерттеу салаларында және сауда саласында технологиялардың пайдаланылуын (технологиялардың коммерциялануын) кен ауқымда тарату және жоғары сапалы технологиялардың осы салаларда тиімді

Сонымен қатар Қазақстан үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасында қол қойылған несиелік келісім көздеген жобаның елдің экономикалық өсу және даму қарқынын жақсарту үшін негізгі салалардың дамуына (инновациялық әлеуетінің арттырылуына, ғылыми-зерттеу институттары сапасының жақсартылуына, ғылыми-зерттеу және дамытуға қаржы жұмсайтын мекемелер көлемінің ұлғаюына және ғылыми-зерттеу мен дамыту салаларындағы университет пен индустрия ынтымақтастығының арттырылуына) елеулі үлес қосатынын айта кету керек. Екінші жағынан, бұл жоба Қазақстан экономикасында әсіресе жекеменшік сектор қызметін дамыту және ынталандыру арқылы өсіп келе жатқан секторлардың неғұрлым бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Осылайша, бәсекелес шарттарда жұмыс істейтін компаниялардың неғұрлым тиімді қызмет көрсетуі жоспарлануда.

Сонымен қатар Қазақстан үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасында қол қойылған 88 млн доллар көлеміндегі несиелік келісім елде жоғары сапалы ғылыми-зерттеу топтардың технологияның коммерциялануы арқылы неғұрлым тиімді қызмет көрсетуіне септігін тигізеді деп күтілуде. Осы тұрғыда, ғылыми қызмет атқаратын топтарға, қазақ ғылыми-зерттеу институттары мен зертханаларға, әлеуметтік салаларға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстарды өңдеу өнеркәсібі, өндіріс және инновациялық инвестициялар жасауға болатын басқа салаларға несие тұрғысында көрсетілетін бәсекеге қабілетті қаржылық жәрдем қысқа



түрде пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2015 жылдың 8 маусымында қаржы министрі Бақыт Сұлтанов пен Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Людмила Бутенко арасында қол қойылған несие келісімінің көзделген жобасы Дүниежүзілік Банк пен Қазақстан үкіметі арасында 2014 жылдың мамыр айынан бастап қол қойылған Ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімінің алғашқы қадамы ретінде қарастырылады. Инновациялық инвестициялардың ел экономикасына мультипликативті әсерін ескере отырып, технологияның коммерциялануына байланысты жобалардың арттырылуы және соған ұқсас жобалардың Дүниежүзілік банк пен басқа да халықаралық ұйымдармен ортақ жолмен жүзеге асырылуы Қазақстан экономикасындағы индустриаландыру саласында инновациялық инвестициялардың дамуын қамтамасыз етеді. Әрі тиісінше елде институционалдық реформалардың іске асырылуын жеделдетеді.

мерзімде өнімділікті арттырып, орта және ұзақмерзімде экономикалық өсім және даму қарқынын арттыруға айтарлықтай үлес қосатын болады.

Жалпы құны 110 млн долларлық жобаның 88 млн доллары Дүниежүзілік банк тарапынан несие ретінде берілсе, 22 млн долларлық бөлігі Қазақстан үкіметі тарапынан қаржыландырылатын болады. Қазақстанның неғұрлым бәсекеге қабілетті және көпсалалы тауар және қызмет өндіретін экономикалық құрылымға жетуінде инновациялық инвестициялардың маңызы айқын. Бұл ретте, әсіресе жеке сектордың әлеуеті пайда болуына және экономикалық дамудың бәсекелестік ортада қамтамасыз етілуінде инновациялық инвестициялар маңызды рөл атқаруда. Сондықтан, Қазақстан үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасында қол қойылған несиелік келісім Қазақстан экономикасының нақты динамикасын қарқындытып, осылайша үкіметтің дамуы ынталандыратын экономика саясатына айтарлықтай қолдау көрсетеді деп күтілуде.



стратегиясын аясында «Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша инновациялық инвестицияларға қолдау көрсету, инвестициялық қорлардың көздерін әртараптандыру, әсіресе инновациялық инвестициялар қолданылатын экспорттық мүмкіндіктерді жаһандық және аймақтық деңгейде кеңейту, техникалық кадрлар

2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам: Баршаға бірдей заманауи мемлекет» бағдарламасы және «Қазақстан - 2050» стратегиясы осы үдерістің тиімді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін шаралар болып табылады.

6 АЙМАҚ

www.jasqazaq.kz

Аталған шараға өңір әкімі Бердібек Сапарбаев, Ақтөбе қаласының әкімі Лияз Испанов, соғыс және еңбек ардагерлері, қаланың құрметті азаматтары, мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, кәсіпорындар мен кәсіпкерлік, шығармашылық қоғамдастық өкілдері, спортшылар мен жастар атсалысты.

Жиналғандар алдында сөз сөйлеген облыс әкімі 25 жыл тәуелсіздік дамуында Қазақстан әлемнің 50 дамыған елдер қатарына еніп, мемлекетіміздің беделі жылдан-жылға артып келе жатқандығына тоқталды. Елдегі экономика өсімі мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайы жыл сайын



артып келетіндігін және республиканың дамуына ақтөбеліктердің де зор үлес қосып жатқандығын айтты.

Б.Сапарбаев «Осы жылы біз — қазақстандықтар еліміздің 25 жылдығын

Ақтөбе облысында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «25 жұлдызды күн» басталды. Осы аптаның басында «Нұр Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалы ғимаратында «Ұлы дала елі Тәуелсіздіктің 25 негізі» 25 тақырыптық күннің салтанатты ашылуы өтті.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

атап өтпекпіз. 25 жылдың ішінде біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Ең басты жетістік — көпұлтты Қазақстан халқы бейбіт өмір кешуде. Әртүрлі экономикалық, саяси дағдарыстарға қарамастан, халқымыздың дәулеттілігі артып, дамып келеді. Осының барлығы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатына байланысты. Бүгінде өңірдің барлық елді мекендерін қамтитын «25 жұлдызды күн» бастау алды. Біздің басты міндетіміз — әр адамға, соның ішінде көмекке мұқтаж жандарға мемлекеттің қолдауын сездіру. Сол кезде ғана



«Отбасылық құндылықтар» бөлігінде Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздары ақтөбелік Нұсқабаевтар отбасы ортаға шықты.

Сахнада, сонымен қатар республикалық деңгейде құрмет пен атаққа қол жеткізген шығармашылық ұжымдар, ақтөбеліктер сөз алды. Мерекелік шара аспанға 25 мың шар ұшыруымен аяқталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, 21 қараша мен 15 желтоқсан арасында өтетін мерейлі күнге орай өтетін 25 мерекелік күннің әрқайсысы республикамыздың Тәуелсіздігінің 25 жетістігін белгілейді. Осы мерзімде тек Ақтөбенің өзінде 200-ден аса ауқымды

мәдени-көпшілік, әлеуметтік-манызды шаралар ұйымдастырылады, 37 өндірістік және әлеуметтік нысандардың ашылуы жоспарланған. Мерейтойлық салтанатқа арналған шаралар Елбасы бекіткен «Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылдығы» Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеу концепциясына сәйкес, әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық саласын қамтып, Бостандық, Еркіндік, Тұрақтылық, Бірлік пен жасампаздық секілді құндылықтарға негізделеді.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

Оңтүстік Қазақстан облысында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Ұлы дала елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты «25 жұлдызды күн» акциясы бастау алды. Бұл туралы ОҚО әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жұлдызды 25 күннің бірінші күні — «Қазақстан Республикасының Конституциясы» деп аталып, Шымкент қаласындағы «Көрме» орталығында

жеткен жетістіктері мен Ата Заннның мән-мағынасына тоқталды.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің тарихы тереңде



«Тәуелсіздік жетістіктері» атты таныстырылымдық көрме кешенінің ашылуымен басталды.

Шараға қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев барша оңтүстікқазақстандықтарды Тәуелсіздік тойымен құттықтап, еліміздің

жатыр. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — біздің ұрпаққа берілген үлкен бақыт, халқымыздың мәңгілік

Петропавл қаласында «Ұлы дала елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты «25 жұлдызды күн» шарасы салтанатты түрде басталды. Ауқымды республикалық акция Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Іс-шараны ашқан жастар флешмобы мерейтойлық «25» санын құрады. Онда Назарбаев интеллектуалды мектебінің 500-ге тарта оқушысы қатысты.

Салтанатты түрде мемлекеттік әнұран орындалған соң, өңір басшысы Ерік Сұлтанов құттықтау сөз сөйледі. Облыс әкімі жалпыхалықтық мерекенің мәні мен маңызына тоқталды.

«Мемлекетіміз үшін маңызы зор, ұлы мереке — Тәуелсіздіктің 25 жылдығы жалпыхалықтық деңгейде мерекеленуде. Бүгін біз Қазақстанның егемендік жылдарда жеткен жетістіктері мен табыстарын паш ететін «Ұлы дала елі — Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты «25 жұлдызды күн» шарасын бастаймыз.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміз тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырдық», — деп атап өтті облыс әкімі.

Аға буын өкілдерінің атынан жиналғандарды еңбек ардагері, облыстың құрметті азаматы Нәзлі Иванова құттықтады.



«Петропавл қаласы — Қазақстанның солтүстік қақпасы. Біздің облыс Отанымыздың тарихын талай жарқын беттерге толтырды. Мемлекеттің басты байлығы — Ұлы Отан соғысы, Тын игеру, нарықтық экономика жылдарында

солтүстікқазақстандықтар бірнеше мәрте мұны дәлелдеп келеді», — деді Нәзлі Александровна.

Өз кезегінде жастар атынан Қызылжар ауданының тұрғыны Думан Закирин сөз сөйледі.

ерен еңбектің үлгісін көрсеткен халқы, елінің батыр азаматтары. Философтардың айтуы

«Жастар — болашақтың негізі. Осылай деп Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев айтқан. Біздің жақсы білім алуға, лайықты жұмысқа орналасуға мүмкіндігіміз көп.



бойынша, өркениетті даму мемлекет байлығымен емес, астығының мөлшерімен емес, халқымен бағаланады. Біздің құрметімізге жеткен жетістіктерімізді бірнеше мәрте мұны дәлелдеп келеді», — деді Нәзлі Александровна.

Өз кезегінде жастар атынан Қызылжар ауданының тұрғыны Думан Закирин сөз сөйледі.

Бейбіт аспан астында жарқын болашаққа сенімді жоспар құрамыз. Біздің басты байлығымыз — Қазақстан Тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға сөз береміз», — деді Думан Закирин.

Ерік Сұлтанов Думан Закиринге «Солтүстік Қазақстан облысындағы Тәуелсіздік құрдастарының тілегі» кітабын табыстады. Бұл кітап барлық аудан орталықтарына жеткізілетін болады. «25 жұлдызды күн» ішінде өңір жастары аталған кітапқа өз тілектері мен лебіздерін жазады.

Мыңнан астам аз қамтылған ақтөбелік отбасы Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған қайырымдылық іс-шара барысында 50 млн теңге көлемінде көмек алды.



Ақтөбе облысында ата-анасыз балаларды, мүмкіндігі шектеулі жандар мен аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау көрсетуге арналған қайырымдылық акциясы жалғасын табуда. Мерекелік шарада Ақтөбе қаласы мен барлық аудандарының 1000-нан астам тұрғыны қамтылды. Бұл туралы «Ақтөбе ақпарат» орталығынан хабарлайды.

Акция Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шаралар аясында 19 қараша күні өткізілді. Оған облыстағы қоғамдық кеңес мүшелері, депутаттар, аймақтағы шағын, орта және ірі бизнес басшылары, ардагерлер, ҰЕҰ және студент жастар қатысты.

Бердібек Сапарбаев Ақтөбе облысында 1 қарашадан бастап, 200-ден астам кәсіпкердің қолдауымен бірінші қажеттіліктегі азық-түлік және тауарлар, жеке медициналық және спорттық-сауықтыру орталықтарындағы бағаларды өсірмеу туралы мораторий басталғанын айтты.

Бүгінгі акция барысында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ 9 аз қамтылған отбасына бірінші және екінші топтағы мүгедек балаларға, сонымен бірге жалғызбасты аналарға материалдық көмек көрсетті.

«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС 8 көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты аналарға және бірінші, екінші топтағы мүгедектерге киім-кешек сатып алуға көмектесті. «Сағыз-Петролиум» ЖШС Алға және Байғанин аудандарындағы 9 шаңыраққа көгілдір отын тартып берді. «Восход-Ориел» ЖШС Хромтау ауданының Сарысай, Никельтау, Ақжар ауылдарының 7 отбасын газ және жылу көздерімен қамтуға ықпал етті.

Өңір басшысының бастамасымен «Шығыс» және «Алтай» базарларында екі «Қайырымдылық іс дүкенін» ашқан «Іскер әйелдер қауымдастығы» Ақтөбе филиалының өкілдері 6 ай ішінде 4500 аз қамтылған отбасының балаларын күзгі және қысқы киіммен қамтыды. Бұл акцияға барлық кәсіпкер әйелдер қатысты.

Жеке және медициналық мекемелер 200 ақтөбелік тұрғынға стоматологиялық көмек көрсетті.

«Ақтөбе ақпарат» орталығының өкілі Шыңғыс Лиястың айтуынша, бейбітшілік және келісім кеңесінің Ақтөбе филиалының төрағасы, ардагер Келдібай Еспағамбетов аз қамтылған отбасыларға өз меншігін 10 қой, жылқы және сиыр бөлетінін мәлімдеп, ақтөбеліктерді жылутық пен қамқорлыққа бөлеген акцияға қолдау көрсетті.

Бұл күн Алға балалар үйінің түлегі, қазіргі жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушісі Бақытгүл Қалиева үшін де ерекше болып, ол жеке пәтерінің кілтіне ие болды. Сонымен



қатар мемлекеттік қызметкерлердің қаржысы есебінен екі тәрбиеленуші пәтер рәсімделді.

Жалпы алғанда, акция барысында 223 жетім баланың «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» есепшоты 6,1 млн теңгеге толықты.

Бұдан өзге, Ақтөбе облысы әкімдігінің қызметкерлері мен депутаттық корпус «Парыз» қорына 1 млн теңгеден аударды.

Облыстағы 12 ауданның кәсіпкерлері тікелей эфирде акцияға қосылды. Бұған дейін олар ауылдық жерлерде тұратын көпбалалы аз қамтылған отбасылардың тұрмыстық жағдайын зерттеп, акция барысында оларға тұрмыстық техникалар (тоңазытқыш, кір жуу машинасы), сонымен қатар қысқы киім-кешектер мен аяқкиімдер табыстады.

Айта кетейік, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай, 2016 жылы өңірде халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған бөлігіне қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Облыс әкімі Қазақстан халқының қоғамдық келісімі мен жалпыұлттық бірлігін нығайтуда осындай акцияның жоғары маңыздылығын атап өтті.

Акцияның алдағы уақытта да жалғасын табатынын айтқан облыс әкімі Бердібек Сапарбаев: «Біздің ірі кәсіпорындар мен бизнесмендер бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытудағы өз ролін түсіне отыра, бастамамызды қолдайтындығын қуанады. Бүгінде облыста әлеуметтік-мәдени нысандар аз салынып жатқан жоқ. Меценаттар есебінен қайырымдылық жобалары жүзеге асырылуда. Жыл басталғалы облысымызда 352 қайырымдылық акциясы өткізіліп, соның арқасында 14 мың адамға жалпы сомасы 100 млн астам теңгеге қолдау көрсетілді. Қайырымдылық акциясына облыс жастары да белсенді атсалысты», — деді.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

1960 жылдың қараша айында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Мәдениет ауылында «механизаторлар дайындайтын курс ашылатын болыпты, ұғдарды да, қыздарды да оқытады екен» деген жып-жылы хабар естіген жанды елең еткізе түсірген. Арادا екі күн өтпей әлгі курсқа қырық қыз жазылған. Кейбіреулері уақыт өткізу үшін, әншейін қызық үшін. Курс аяқталған соң қырық қыздың екеуі ғана трактор тізіндеді.

Ол кезде жан алып, жан беріскен наукандық жұмыстармен қатар былайғы уақытта да механизаторлар кол қусырып қарап отыра алмайтын. Арканын сақылдаған аязында қар тоқтатын. Танап басында шөмееледе қалған сабанды ортасынан темір арқанмен буып, екі трактормен қос қапталынан қысып мал



МЕХАНИЗАТОР МАЙРА

базына таситын. Сөйтіп жүргенде, қарбаласы көп көктем келеді. Көктем өзімен бірге тауысылып бітпейтін қарбалас ала келеді. Ол кезде ауыл шаруашылығында жауапкершілігі жетіп артылатын науқан қандай көп. Бір-біріне жалғаса, бір-бірінің етегін баса, үстемелеп ес жиғызбайды. Осылайша бес жыл жұмыс істеді. Бес жылдан соң жолдасы Сансызбаймен кол ұстасып шаңырақ құрған. Шалғайдағы Еңбекшілдер ауданының Краснофлот кеңшарында ірге тепті. Ең алғаш К-700 тракторына отырғаны да осы жерде. Ел әлі К-700 тракторының жапан даланы тігіренткен дақыртын ғана естіген, өзін көрмеген. Көргендердің айтуына қарағанда, жер танабын қуырған тажал іспетті. Бейнелеп айтқанда, бас білмейтін шу асау, үстіне адам отырғызбайтын құлан тәрізді.

Ең алғаш механизатор боламын деген қызғалдақ арманы бүр жарғанда көп ішінде күдіктенетіндер де табылып еді. Механизатор деген кайда шырағым дескен біреулер. Өне тепсе темір үзетін жігіттердің өзі үйдей тракторға ие бола алмай жүр. Бір күн сынса, екі күн жөңдейді. Ал сен мына қалпыңмен қалай механизатор болмақшысың. Жұрттың сөзі жанын жегідей желді. Өзін-өзі қайрайтын, өзін-өзі қамшылайтын. Ауылда бес жыл жұмыс істегенде адал еңбегімен механизатор бола алатындығын дәлелдеп еді. Енді бір күдік қылтып тағы шықты. Лүп етіп самал жел ессе, құлап қалатындай нәп-нәзік келіншектің қарасыннан кісі үркітетін дән-дәу К-700 тракторының тізгініне ие бола алатындығына күмәнмен қарағандар аз емес-ті. Курста бірге оқыған бес жігіттің бесеуі де сайдың тасындай мығым орыс жігіттері еді. Әлгілер Майраның ықыласына тәнті болып, дем беріп қояды.



— Әлі-ақ менгеріп кетесің, — дейді біреуі, — түк те қиындығы жоқ. — Күллі Қазақстанға аты шыққан майталман механизатор боласың, — дейді екіншісі. Сонғысының айтқаны келді. Күллі Қазақстанға, жалғыз Қазақстан ғана емес, Кеңес Одағына аты шықты. Ал өзі болса мақтаныш үшін мінбеген тракторды. Еңбек етсем деген, елімнің бір кәдесіне жарасам екен деген ұмтылыс ұмындырып барып мінгізіп еді. Ол кезде жер жыртудан күнді норма 12 гектар болатын. Ал Майра Шытырманқызының 25 гектардан кем жыртқан күні жоқ. Жалпы аумағы 400 гектар алқапты ортасынан қас бөліп зағон салып алатын. Зағон да атқан оқтай болып түп-түзу түсуші еді. Содан соң уақытты есептеу ұмытылатын. Соқаның ізі қыз бұрымындай топ-толық, түп-түзу болып, өріліп түсетін

танап үстінде өзімен-өзі сырласып отырып ән салатын. Әсіресе, халық әндерін.

Көкіректі қоламтаның шоғындай қыздырып жатқан ескінің есті әңгімесі жадына оралған кезде, сөз ауаны ән жайына ауған соң қызығып кеттім білем, «айтынышы, апай» деппін ғой. Менің осы ұсынысымды тосып отырған адамша бірден сызылтып бастап кетті:

*Қамысы Әулідектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суың іше,
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Бармас па ем Қалқатайға әлденеше.*

Мақпалдай жұп-жұмсақ, моп-мөлдір, таза дауыс екен.

— Апай, кезінде әнді неге қумалдыңыз, биік-биік сахналарда әдемі киініп, ән шырқап жүрмесе едініз?

— Жүрдік қой, қалқам, талай-талай сахналарда. Ән салған жоқпыз, бізге салды. Сол сахналарға еңбегіміздің арқасында көтерілдік. Біздің әніміз тың даланы жаңғыртқан, ақыл

дәмен жасандырған еңбектің әні еді ғой. Еңбек демекші, қоныр күзде «Нива» комбайнына мінетін Майра апай күндік нормасын екі-екі жарым есе орындамаған кезі жоқ екен. Бірақ өмір шіркін өзін тартқан танаптағы жолдай түп-түзу болып тұрмаса керек-ті. Бұралаң бұлтарысы, қанатын қайырап қалтарысы көп. 1968 жылы апасы Құралай мен жездесі Дулат кенеттен өмірден өткен. Артында аңырап сегіз бала қалған. Алды 14-те, кішкентайы екіден жана асқан. Майра апай осы құлышпақтарды өзінің алты перзентіне қосып баққан. Бірақ, бір күн де, бір күнініз де бір сағат та жұмыстан қалмаған. Дәйім мақтау-марапаттан да кенже емес. Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі президиумының мүшесі.

Бар ғұмырын еңбекпен өткізген Майра апай бір сәт жоғарыға көз салып, — заманында кімсің, Майра Хасенова, Краснофлоттың Майрасы аталып тұрғанда аяғымыз жеткен жерге бардық. Бірде Беларусьқа сапар шектім. Минскінің теміржол вокзалынан түсе қалсам, үп-үлкен қабырғада, тура қарсы алдымда өзімнің суретім ілулі тұр екен. Міне, еңбек адамын қадірлеу деген. Паша Ангелина атындағы жұлдеге ие болған кезім ғой деймін, әйтеуір, еткен еңбегіміздің бағаланғаны да.

Алматыға жиі баратынбыз. Әрқилы жиын өтетін. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың өзі:

— Қалқам, мынау орын сенікі, — деп құрметтеп, жоғары шығарушы еді.

Өтті ғой, дәурен. Еңбек Қызыл Ту, Октябры Революциясы ордендерінің иегері, Бүкілодақтың халық шаруашылығы көрмесіне екі мәрте жоллама алған данғайыр дикан Майра Шытырманқызының бар ғұмыры ғажайып көркем тілмен өрілген дастан іспетті. Еңбектің жырын жырлаған, мәңгі өлмес ұлы дастан. Тек соңғы кезде ғана елене бермейтіні жанына батады. Тіпті егде адамдар күні де ескерілмей қалады. Ағаларының аялы алақанын да, жолын кескен Батыраштардың балтасының соққысын да көрген.

Көкшетау ауданындағы XXV партсезд атындағы кеңшардың бөлімшесіне менгеруші болып тағайындалғанында Васильковқа селосында тұрды. Атағы жер жарған данғайыр диканның үйіне іші тар біреулер от қойып, өрттеп те жіберген. Бар жиған-терген мүлкін, қаншама құжаттарын, маңдай берімен алған мақтау-марапаттау қағаздарын, тіпті орден-медальдарын да тілсіз жау жалмап кеткен. Өздері үстеріне қиген киімдерімен ғана қалды. Жанына батқаны да ол емес, ең қиыны кейбір адамдардың пейілінің тарлығы.

Ең алғаш 1992 жылы шаруа қожалығын құрып, жана заманның лебін ерте сезінгендердің бірі де механизатор апамыз екен. 1600 гектар жер алып, екі үйір жылқы, елу бас сиыр бағып, ауылдастарына үлгі-өнеге көрсеткен.

Қысы-жазы К-700 тракторын тізгіндеген, қоныр күзде комбайнмен егін орып, бастырған майталман механизатордың жұмыстың қай түрі кезіксе де, қолымнан келмейді деген кезі жоқ. Тіпті кешегі кеңес заманында қой шаруашылықтары ұйымдастыртын қой қырку науқанында да бәйгенің алдын бермеген. Кәдімгі

қол қайшымен күніне отыз қой қырқатын. Электр қайшымен қырқасаншы дейтіндерге, осы қол қайшымың жақсы деуші еді. Кейін оны да үйренді. Электр қайшымен бір кезекте 70-80 қойды қырқып тастайтын. Жарыс десе жалындал кететін әдеті бар еді.

Бүгінде Көкшетау қаласының іргесіндегі Красный Яр кентінде қоныс тепкен Майра Хасенова өзінің ізін басқан, шаруа қожалығын ұйымдастырып, егін егіп жүрген кенжесі Әділетке ақыл-кеңесін айтып қояды. Қырық жылғы тәжірибеден түйгені ғой. Бірақ бір кезде бар шаруаны өзі істеп үйреніп қалған адамның кісіні істегеніне көңілі тола бермейді екен. Әй, осыларды-ай деп қояды, көңіліндегі олқылықтың оюын кестелеп. Аламандай мандайы қырқырап топ жарған хас жүйрік тай жарыстың тегеуірініне тоятаяй ма.

Байқал ҚАЙЫРЛЫҒЫ

Биыл тағы бір рекордтық деңгейде астық жиналды. Еліміз егемендік алғалы екінші рет осындай ірі жетістікке қол жеткізілді. Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлағандай, 24 миллион тоннадай астық жиналды. 17,9 млн тонна бидай мен 3,3 млн тонна арпа қамбаға құйылды. Ал құріштің әр гектарынан 53,6 центнерден өнім алынып рекорд жаңартылды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі ұлғайып жатқанын атап өткен жөн.

Отандық өнімді экспорттау 3 есе артқаны жана жүйенің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Осы мекеменің алқа жиналысында атап өтілгендей, АӨК инфрақұрылымы

МАЛ БАҚҚАНҒА, ЕГІН ЕККЕНГЕ БІТЕДІ

жетіле түсті. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша 9 айда ауыл шаруашылығы өндірістік салалар арасында алдыңғы қатарға шықты. Биыл мал шаруашылығына қолайлы. Дерекке жүгінсек, жылқы саны 2,2 миллионға, ірі

(Басы 1-бетте)

Оттыққа көпірте салынған көкпеңбек жоңышқаның мұрты бұзылмағанына қарағанда, жылқы тоқ. Жұмыртқадай жұтынған құла тай үйірді айнала, құйрығын шанша көтеріп ойнақтап қояды.

— Жылқыны өзіндей қайратты адам ғана баға алады, — дейді «Агротрейд Көкше» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Қайрат Жандаев, — үш жүз бас жылқы қыстатылуда. Малдануға да, соғымға сатуға да жарап тұр. Мал шаруашылығына Сартай Жабағин басшылық жасайды. Төрт жүзге жуық қойымыз бар. Шаруашылық екі саланы қатар дамытқанды қолайлы көріп отыр. Өйткені, бірінің қажетін

кара 6,7 миллионға, қой-ешкі 20,8 миллионға жетті. Алынған өнім ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп, сиыр мен жылқы етінің жалпы көлемі 1 млн тоннаны құрады.

Сыртқы саудада да соны жетістіктер баршылық. Қазақстан астық пен үн экспорттауда көшбасшы елдер қатарында тұр. Жыл басынан бері 7,2 млн тонна өнім сыртқа жөнелтілді. Біздің өнімді тұтынушылардың



басында Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Иран, Қытай, Түркия және Италия тұр.

Ауыл тұрғындарының табысын көбейтудің бірден-бір жолы ол кооперацияға бірігу. Яғни жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілетін 70-80% өнімді, бар болғаны 50-60% қуатпен

төлемакысы екі жүз тенге ғана. Айлық жалақылары еткен еңбектеріне орай жүз мың тенге көлемінде оралады.

және күзгі агротехникалық шаралар бұлжытпай орындалады. Алқаптарды уақтылы тынайту, пар жерлердің көлемін көбейту басты мақсат. Жер-анаға уақтылы бере алмасаң, өнімін де аз болады. Міне, сондықтан топырақ құнарлылығын арттыру мақсатында жүйелі жұмыс істеудеміз. Біз бір күннен ғана өмір сүріп отырған жоқпыз ғой. Биылғы өнім жақсы болды. Енді ертеңгінің қамын, болашақтың жайын ойлауымыз керек.

Серіктестік басшысы берекенің бастауын кеңейтіп отырған маңдайалды механизаторларының еңбектерін шынайы ризашылық сезіммен атап өтті. Шынында да, ортақ игілік қарапайым еңбек адамдарының өз міндеттерін адал атқаруларының арқасында молайып

БІРДІҢ НЕСІБЕСІ – МЫҢҒА АЗЫҚ

бірі жауып отырады. Жаз бойы қымыз дайындаймыз. Отызға жуық бие сауылады. Краснояр селосы мен Көкшетау қаласының



тұрғындарына күніне 200 литрден астам қымыз жөнелтіледі. Сұраныс жақсы.

Мал азығы байытылып беріледі екен. Жем-шөптен тапшылық жоқ. Жұмыс қолы да жеткілікті. Айтпақшы, жұмыс қолы демекші, осы серіктестікте екі жүзден астам жұмыс істейтіндігін қалап айтқан жөн. Шынтуайтында, бұл дегенініз — екі қолға бір күрек таба алмай отырғандар үшін оң жамбасынан келген оңтайлы олжа. Краснояр селосының шетінде ірге тепкен шаруашылыққа келіп, төңіректегі ауылдардан да жұмыс істейді екен. Жұмысшылардың түскі тамағына төленетін

Серіктестік биылғы жылы төрт мың гектар жерге бидай, 600 гектар жерге арпа, 250 гектар жерге картоп дақылдарын отырғызған. Оның үстіне сәбіз және майлы дақылдары бар. Еткен еңбектеріне орай өнімдері де олқы емес. Айталық, гектар берекесі 25 центнерден айналған. Ал картоптың әр гектарынан 250 центнерден өнім алса, сәбіздің шығымдылығы, тіпті ересен. 350 центнерден өнім жинапты. Арпаның да шығымы жақсы. Орташа есеппен 25 центнерден жиналған.

— Осының барлығы серіктестіктің жұмысшыларының маңдай терімен өскен өнім десек, жөн болар еді, — дейді Қайрат Жандаев, — өйткені, бізде көктемгі

отыр ғой. Ұжым құрметіне бөленгендердің қатарында Мүсіреп Есімханов, Жомарт Кенжебаев, Ыбырай Ералин тәрізді майталман механизаторлар бар екен. Олардың ізін басып, тәжірибелерінен өнеге алып келе жатқандар қаншама.

Картоп сақталатын кең де жылы қойма ішінде қызу еңбек қайнап жатыр. Жылжымалы лента арқылы өтетін картопты ірілі-ұсағын ажыратып, әлдеқалай бүлінгенінен тазалап, тұтынушыға тап-тұйнақтай етіп жеткізу үшін қаншама адам жұмыс істейді екен. Серіктестік басшыларының айтуына қарағанда, дайын өнім облыс орталығы мен Астана қаласының сауда нүктелеріне жөнелтіледі.

Сөз соңын шира айтқанда, серіктестіктің өз жұмысын жолға қою арқылы қаншама адамға жұмыс тауып беріп, отбасын асырап отырғандығын ризашылық сезіммен айта кеткеніміз жөн. «Бірдің несібесі — мыңға» деген осы шығар.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

Суреттерді түсірген Берік ЕСКЕНОВ



Орнықты даму саласындағы максатқа қол жеткізу үшін үкіметтердің, жеке сектордың, бейресми ұйымдардың және азаматтық қоғамның бірлескен күш-қимылы қажет. Жалпы сипатты тегіс қамтитын әрі өзара бір-бірімен тығыз байланысты 17 мақсаттың бәріне бірдей қол жеткізу үшін нәтижеге бағытталған біртұтас жүйелі ұстаным қажет. Міне, сондықтан зерттеу институттары мен академиялық қоғамдастықтың бұл іске

Астанада Назарбаев Университетінде «Қазақстанда Орнықты даму мұратына қол жеткізу мақсатында саясат әзірлеу және зерттеу жүргізу» деген тақырыппен алқауы жиын өтті. Бұл Орнықты даму мақсаты (ОДМ) туралы хабардар болу үрдісін жетілдіруге, түрлі елдердің осы мақсатты өз қажетіне қарай бейімдеуіне көмектесуге арналған іс-шаралар шоғырының бірі болып табылады. Басқосуды Назарбаев Университеті, БҰҰ Даму Бағдарламасы, Ұлттық талдау орталығы және Мемлекеттік қызмет саласындағы Астана еңірлік хабы ұйымдастырды. Назарбаев Университеті мен БҰҰ Даму бағдарламасының баспасөз қызметтері хабарлағандай, Орнықты даму мақсатын 2015 жылы қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдер 2030 жылғы дейінгі Орнықты даму жөніндегі күн тәртібінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қабылдады. Осы 17 мақсат кедейлікті жоюға, ғаламшардың қазынасын сақтауға, барша адамзат баласы үшін теңдік пен игілікті қамтамасыз етуге бағытталған. 17 мақсаттың әрқайсысы 15 жыл ішінде барлық елдермен тығыз ынтымақтастық орнату арқылы қол жеткізілуі тиіс бірқатар көрсеткіштен тұрады.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ УАҚЫТ ТАЛАБЫНАН ТУЫНДАЙДЫ



белсенді түрде араласуы, тұтастай алғанда, ОДМ-ды іске асыру жөніндегі шаруаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. ОДМ-ға қатысты негізделген әрі маңызды шешім қабылдау мақсатында берік негізді қамтамасыз етуде Қазақстан тұрғысынан алып қарағанда түрлі ОДМ арасындағы тиісті даму идеяларын әзірлеу мен өзара байланыс ұғымын кеңейтуге қолдау көрсету үшін талдау орталықтары мен зерттеу институттары қажетті әлеуетке ие. «Қазақстанда Орнықты даму мақсаттарын іске асыру, сонымен қатар Ұлттық талдау орталығының, Назарбаев Университетінің Мемлекеттік саясат мектебі мен Гуманитарлық және әлеуметтік пәндер мектебінің де зерттеу мүддесіне сай келеді. «Алқалы жиын» орнықты даму, талдау мәселелері бойынша жан-жақты идеялар, тәжірибе және білім, сондай-ақ аталған тақырып бойынша туындайтын мәселелерді шешуге балама ұстанымдар алмасу үшін

қызметті реформалауды ынталандыруға, түрлі мәселелер бойынша өңірлік бастамашы ретінде өзінің ұстанымдарын әрі қарай нығайтуға дайын екенін көрсетуде. Шын мәнінде, Қазақстанның ұлттық басымдықтарының, ОДМ-нің және БҰҰДБ міндеттерінің өзара байланыстылығы — бұлардың үшеуінің бірін-бірі өзара толықтыруында. Ғылыми мекемелермен және басқа серіктестеріміздің әр алуан топтарымен жұмыс жасай отырып, біз Қазақстанда және одан тыс жерлерде ОДМ-ге қол жеткізу үшін сапаға, тұрақтылыққа, инклюзивтілікке көңіл бөле отырып, жалпыны тегіс қамтитын деңгейде осы уақытқа дейін қандай істердің атқарылғаны, қандай салалардың қолдауға зәру екені туралы толық мәлімет ала аламыз». Қазақстан мен БҰҰ Даму бағдарламасы бастамасымен Астанадағы Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб құрылған. Хаб казіргі кезде Қазақстан мен оның



керемет таптырмас мүмкіндік болып табылады» — дейді Назарбаев Университеті Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің деканы Венг Тат Хуэй мен «Ұлттық талдау орталығы» АҚ Басқарма төрайымы Ақтоты Айтжанова. БҰҰ Даму Бағдарламасы жарты ғасырдан бері адамзатты дамытудың алдыңғы шебінде келеді. Даму бағдарламасының 170-тен астам елде жинақтаған тәжірибесі мен қажетті ілімі бар. БҰҰ Даму бағдарламасы бүкіл дүниежүзі бойынша үкіметтерге жергілікті және жаһандық тәуекелді анықтап, оларға сай келетін шешім табуға көмектеседі. Сонымен қатар түрлі елдердің ОДМ-ды ұлттық бағдарламаларға бейімдеу мәселелері бойынша кеңес бере отырып, олардың әлемде танылған серіктесі болып табылады. БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі әрі БҰҰ Даму бағдарламасының тұрақты өкілі Норимаса Шимомура осыған орай былай деді. «Қазақстан Орнықты даму максат ілгері жылжытуда белсенді көзқарас ұстанады. Ел жасыл экономикаға көшуге, мемлекеттік

серіктестеріне мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіруге мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу мен инновациялардың локомотивіне айналды. Мемлекеттік қызмет саласындағы Астана өңірлік хабы аппаратының жетекшісі Ернар Жаркешов «ОДМ-ға қол жеткізу тікелей мемлекеттік қызметтің сапасына байланысты, сондықтан Астана өңірлік хабы үкіметтердің адами институционалдық әлеуетін арттыру бойынша күш-жігеріне қолдау көрсетеді және «тең-теңімен» форматындағы ынтымақтастықты ілгері жылжытады. Осыған байланысты хаб қызметінде ОДМ-ды, әсіресе, 16 және 17 мақсаттарды алға жылжытуға баса назар аударалы» — деген пікірде. Елордада өткен алқалы жиын ұлттық және өңірлік деңгейде ОДМ-ға қол жеткізу үрдісінің зияткерлік негізі ретінде қолдау көрсету үшін ғылыми ортаның, сараптама қоғамдастығының, сондай-ақ азаматтық қоғамның әлеуетін жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Дайындаған Айдоc ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

2016 жылы World University Rankings QS (Ұлыбритания) беделді рейтингтік агентігінің зерттеу қорытындысы бойынша Әл Фараби атындағы ҚазҰУ өлемнің ең үздік университетінің тобына еніп, 236-орынды иеленді. Осы топқа ТМД елдерінен екі жоғары оқу орнының – Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті мен Қазақ ұлттық университетінің ғана енгенін атап өткен абзал. Сөйтіп, жетекші қазақстандық университет Орталық Азия мен ТМД-да өзінің көшбасшылығын сенімді түрде сақтады.




Біздің университет, сондай-ақ QS британдық порталының нұсқасы бойынша Орталық Азия мен дамушы Еуропа елдері үздік университеттерінің рейтингісіне енді. Рейтингке барлығы Орталық Азия, сондай-ақ Ресей, Украина, Польша, Чехия, Венгрия елдерінің және басқа мемлекеттердің екі жүзге жуық жоғары оқу орындары ұсынылады. Қазақстандық университеттер арасында Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бәрінен де жоғары бағаланды. Рейтинге 11-орын және алғашқы отыздықтағы бірден-бір ортаазиялық жоғары оқу орны. Шетелдік рейтингтік ғылыми журналдардағы әрбір үшінші қазақстандық жарияланымды ҚазҰУ ғалымдары басып шығаралы. Мемлекеттік жеке әріптестік қатидаттарында университеттік кампус инфрақұрылымы құрылысының екінші кезеңі аяқталды. Оның аясында айрықша нысандар салынды. Осының барлығы — орасан зор жұмыстың, оның ішінде пәрменді әлеуметтік жұмыстың нәтижесі. Сондықтан, университеттегі

Кәсіподақ ҚазҰУ аумағында күзетілетін автотұрақтарды, асханалар мен дәмханалар жұмысын тексеру. Ата-аналары ҚазҰУ-да жұмыс істейтін балалардың оқуы үшін жеңілдіктерді анықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Спорт жұмысы әрдайым Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Парасат» кәсіподағы жұмысының басым бағыттарының бірі болды. Жыл сайын кантарда қысқы демалыс кезінде «Денсаулық» спартакиадасы өткізіледі. Оған университет оқытушылары мен қызметкерлері қатысады. Демалыс кезінде олардың қолы біршама бос және бір-бірімен еркін сайыса алады. Биылғы жылы спартакиада 44-рет өткізілді. Көп жыл бойы қатысушылар спорттың алты түрі: бадминтон, шахмат, үстел теннисі, ерлер мен әйелдер арасындағы волейбол,



мини-футбол бойынша сынға түсті. 2011 жылы қызметкерлердің өтініші бойынша, бұл тізімді дартс ойынымен және тоғызқұмалакпен толықтыру ұйғарылды. Жарыстарға спорт түрлері бойынша құрама командаларды даярлау және спартакиадаға қатысу бойынша жақсы ұйымдастыру жұмыстарын факультеттер мен бөлімшелер кәсіподақ бюросының төрағалары жүргізеді. Олар үшін марапат алған жеңіс ұпайлары ғана емес, сондай-ақ қатысушылардың көтеріңкі көңіл-күйлері мен сергектігі және денсаулықтарының жақсаруы аса маңызды. Академик Ғ.Мұтановтың бастамасымен ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағы наурызға

Университет жұмыскерлерінің балаларымен тұрақты жұмыс жүргізіледі. Балаларды қорғау күні спектакльдер өткізу үшін әртістер шақырылады. Шахмат олимпиадасын өткізу дәстүрге айналды. Жазда хайуанаттар бағына билеттер алынады. Мектеп лагерьлерінің жолдамаларына демеушілік қаржы бөлінеді. Қызметкерлер балаларына арналған Жаңа жылдық сауық кеші жыл сайын өткізіледі. Сондай-ақ кәсіподақ балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын сатып алу мен бөлу міндетін өзіне алды. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ «Парасат» кәсіподағының жұмыскерлері әрдайым қамқоршылық қызметке баса назар аударалы. Қызметкерлер мен студенттер жетім балаларға, даму ерекшеліктері бар балаларға және ардагерлер үйіне жиі барады. Кәсіподақ бөлген қаражатқа үстелдегі дамытқышы ойындардың жиындары, бадминтонға арналған жынтықтар, доптар жиыны, кеңсе тауарлары, сондай-ақ аумақтарды көгалдандыруға арналған гүлдер көшеттері сатып алынады. «Парасат» кәсіподақ комитеті мүшелерінің әлеуметтік саясатында жазғы сауықтыру демалысын



БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

кәсіподақ рөлінің аса маңыздылығын ерекше атап өткен жөн. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаев кәсіподақтың негізгі міндеті — өз мүшелерінің кәсіптік, еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау екендігін әрдайым атап өтеді. Бұл — жұмыскерлердің лайықты жалақысы, жалақы жүйесін жетілдіру, қызметкерлердің еңбек пен тұрмыс, еңбекті қорғау және денсаулық жағдайларын жақсарту арқылы тұрмыс деңгейін көтеру. 2016-2019 жылдар мерзіміне арналған университет ұжымы мен әкімшілігі арасындағы жаңа ұжымдық шартқа қол қою. ҚазҰУ — әлеуметтік өміріндегі аса айтулы оқиғалардың бірі болды. Шарттағы көптеген тармақтар өз уақытында біршама мәселелерді шешті — жыл сайынғы еңбек демалысы ұлғайды. Жұмыскерлер үшін жеңілдіктер бекітілді. Университет жұмыскерлерін әлеуметтік қорғау аясында атаулы материалдық көмек көрсетіледі. Санаториялық-курорттық емделу үшін өтемақы беріледі. Университет ардагерлеріне материалдық қолдау көрсетіледі. Еңбек қатынастарын реттеуде ұжымдық шарттың маңызы туралы 2050 стратегиясында және Елбасы бекіткен бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі Ұлт жоспарында атап көрсетілген. Ұжымдық шарт әлеуметтік-экономикалық және өндірістік міндеттерді шешуге, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мүдделер тараптарының жанжалдарына — ұжымдық және жеке еңбек дауларына жол бермеудің құқықтық әдістерін анықтауға бағытталған құқықтық акт болып табылады. Университет қызметінің барлық бағыттары бойынша тараптар мүдделерін келісу құралы ретінде қызмет етеді. 2016 жылдың наурызында «Парасат» кәсіподағының бастамасы бойынша жеке еңбек даулары жөніндегі келісім комиссиясы құрылды. Ұжымдық шарттың орындалуына бақылау жүзеге асырылды. Алғаш рет құрылымдық бөлімшелердегі еңбектің ұйымдастырылуына ішкі бақылау жүргізілді. Алгоритмі, заңнама нормалары мен жұмыс беруші актілерінің іске асырылуына бақылау шараларын жүргізу мәселелері бойынша бірлескен қызмет тәртібі әзірленді. Осы қадамдар жұмыскерлер құқығын тиімді қорғайтын болады. Әрбір бөлімшеге жұмыс істейтіндер санын ескере отырып, жеңілдік тамақтануға талон беріледі. Талондарға шығындар соңғы үш жылда екі еседен астам өсті.

орайластырылған жыл сайынғы «Тазалық байқауын» өткізеді. Кәсіподақ комиссиясы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік кафедрасын, үздік факультетін, үздік жатақханасын және үздік құрылымдық бөлімшесін анықтайды. Ғимараттар мен аумақтардың тазалығымен қатар, олардың көгалдандырылуы, безендірілуі, жиһаз бен мүкәмалдың сақталуы бағаланады. Комиссияға бүкіл университетті аралап шығуға тура келеді. Жөнімпаздарды анықтау онайға түскен жоқ — кейде бір балл мәселені түпкілікті шешеді. Сондықтан, кейбір аталымдарда бірнеше жөнімпаз болды. Үздік кафедраны, факультетті, жатақхананы, корпусы және үздік

ұйымдастыру маңызды орын алады. Ыстықкөлде демалғысы келетіндер үшін жолдамалар бөлінеді. Демалыс күндеріндегі бір күндік саяхаттар өміршендігін көрсетті. Жүзден астам қызметкер Алматы төңірегіндегі көрікті жерлермен танысты. Ыстықкөлдегі ҚазҰУ спорт сауықтыру лагеріндегі кәсіподақ белсенділерінің жазғы мектебі өзінің тиімділігін байқатты. Алайда ең бастысы — университет кәсіподақ мүшелерінің өздерінің толыққанды әлеуметтік қорғалуын сезінуі, әрдайым көмек пен заң кеңесін алатындығы үлкен қуаныш. ҚазҰУ-нің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу. Еңбек құқығы кафедрасы кәсіподақ комитетіне күрделі мәселелерді шешуде әрдайым әдістемелік көмек көрсетеді. Ал әлеуметтік мәселелер әрдайым күрделі және сан алуан. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етудегі олардың маңыздылығы қазіргі таңда айрықша мәнге ие. Тек университет әкімшілігінің, жұмыскерлері мен кәсіподақ комитетінің бірлескен күш-жігері арқылы ғана жалақыны арттыруға, қауіпсіз еңбек жағдайын, жұмыскерлердің



құрылымдық бөлімшені Наурызды мерекелеу кезінде марапаттайды. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры жөнімпаздарға дипломдар мен бағалы жүлделерді — телевизорларды, компьютерлерді, музыкалық орталықтарды, сандық фотоаппараттарды, бейнекамераларды жеке өзі тапсырады. «Үздік мамандық иесі» дәстүрлі байқауға айналды. Ол қосалқы жұмыскерлер арасында өткізіледі. Жөнімпаздарды анықтау кезінде мынадай өлшемдер ескеріледі. Университеттегі жұмыс өтілі, кәсіби міндеттемелерін мұлткісіз орындау, университет пен бөлімшедегі қоғамдық жұмысқа қатысу, кәсіподақтағы белсенді қызмет, «Парасат» кәсіподағы мен бөлімшелер кәсіподақтары бюросы өткізген шараларға қатысу. Жүлделермен және құрмет грамоталарымен жүз екі жұмыскер марапатталды, ал факультеттердің үздік мамандарына арналған дипломдарға ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов қол қояды.

еңбек құқықтарының сақталуын, көптеген басқа да әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге болады. Университет — бұл үлкен күрделі қалыптасқан механизм, оның әрбір бөлігінің қалай жұмыс істеуі ортақ нәтижеге байланысты. Ал нәтижелер қуантарлық! Әлемдік білім үлерісіндегі жоғары ұстанымдар, рейтингтік көрсеткіштердің өсуі, ұдайы жақсарып отырған өмір, жұмыс пен оқу деңгейі, ғылымдағы, оқудағы кәсіби өсу мен спорттағы барлық жетістіктер Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің нық сеніммен алға жылжуына мүмкіндік береді.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
«Парасат» кәсіподағы
төрағасының орынбасары
Серікқали ТЫНЫБЕКОВ,
заң ғылымдарының
докторы, профессор

(Басы 1-бетте)

Көркем шығарманы жанрға – роман, поэма, повесть, т.б. – топтастыру ежелден бар. Ал тарих ғылымында зерттеулерді түрге жіктеу түпкілікті орнықпаған күйде қалуда. Көлеміне қарай монография, мақала, кітапша деп айдарлап жатамыз. Өмірде небір таңғажайыптар болатыны тәрізді. Кейде 15-20 беттік ғылыми мақала өзінің жаңалығы, нәтижелері бойынша көлемі 15-20 баспа табақ монографиядан да салмақты шығып, уақыт өткен сайын ізашар жаңашылдығымен зорайған үстіне зорая түсетініне көзіміз жетуде. Мәселен, 1893 жылғы 15 желтоқсан күні Дония азаматы Вильгельм Томсен Данияның корольдік Ғылым академиясының президиумында байырғы түркі жазуын оқудың кілтін паш етті. Бүгінде В.Томсен ашқан жаңалықтың арқасында түркі өркениеті мойындалды. Сол кілттің әлеуетін барша әлем түркітанушылары кәдеге жаратуда. Қазақстанның тарих ғылымына көз жүгіртсек, ұлы даланың қадір-қасиетін еспеттеген палеолит дәуірі, ортағасырлық түркі және парсы деректері жайлы классикалық еңбектерін археолог Х.Алпысбаев, шығыстанушы С.Ибрагимов алғашқыда ғылыми мақала түрінде жариялағанын көреміз. Қалың-қалың монография жазып отыруға бұлардың уақыты да жетпеді.

Демек, ғалымның ғалымдығы ашқан жаңалығымен, нағыз ақиқатты айта алуымен өлшенеді. Бұған 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған мемлекеттік тәуелсіздіктен кейін біржолата иландық. Шығармашылық еркіндік шын ғалымның жұлдызын жарқыратып, жасампаз қабілет-қарымын шырқау биікке шығаратынын қапысыз дәлелдеген қазақстандық тұлға һәм құбылыс – академик М.Қозыбаев (1931-2002). Азаттық тұсындағы 10 жыл 2 ай ғана ғұмыры ішінде Манаш аға оқырманның тарихи санасын жаңаша қалыптастырған, бұрын-соңды беймәлім деректер мен құжаттарға сүйенген, «актандақтар» ақиқатын ашқан ондаған монографиялар, жүздеген мақалалар жариялады. Әрқайсы тарихнамалық, деректанулық, эпистемологиялық, теориялық-методологиялық тұрғыдан арнайы талдау нысанына айналуға лайық. Осылардың ішінен 1992 жылы Бүкілқазақтық


2. Қазақстан тарихында қазақ халқының Ресейдің құрамына енуінің прогрессивтік маңызын әсірелеу мифі.
3. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын большевиктік арнада әсірелеу мифі.
4. Әдебиетте 1917 жылғы Ақпан революциясының болмысын тұқыртып, оның жасаған жақсылық ісін жасырып, кемшілігін асырып, Қазан революциясымен шендестіру, қарама-қарсы қою мифі.
5. Қазан төңкерісінің заңдылығы туралы миф.
6. Ұлт мүддесін қорғаған қайраткерлерге, кейін барша халыққа ұлтшылдық айдарын тағу мифі.
7. Қазақ кеңестік мемлекеттік статусты әсірелеу мифі.
8. Бұрынғы Одақтың, одан қалды Қазақстанның 70-80 жылдардағы дамуы туралы қарама-қарсы миф.
Бұлардан басқа И. Сталин туралы, екінші дүниежүзілік соғысының сипаты туралы, Ұлы



АКАДЕМИКТИҢ АМАНАТЫ



женістің қозғаушы күштері туралы, соғыс шығыны туралы төрт мифке талдау жасалған. Осынау талас проблемалар Қазақстан мысалдары негізінде ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағы тарихымен байланысты қарастырылды. Мақала Қазақстанның XX ғасырдағы тарихына арналғанмен хронологиялық ауқымы мен мазмұны бойынша XVIII-XIX, тіпті XV ғасырларға дейін қамтып жатыр. Азаттық үшін күрестің хронологиялық ауқымын



кеңейткені кеше де, ертен де теориялық-методологиялық әлеуеті зор күйінде қала бермек.

Қазақ хандығындағы қиыншылықтар мен қайшылықтар Ресейге бодандықты қабылдауға итермелегенін, Ресей құрамына ену қазақ халқына тек прогрессивті емес, регрессивті де нәтижелер әкелгенін кесек-кесек айғақ-дәлелмен көрсетуі 2-ші мифтің жалғандығын дәйектейді. Осы арнада автор «дәрменсіздік», «амалсыздық», «мәжбүрлік» терминдерін бірнеше қайта қолданған. Ал «қазақ халқының күштеп шоқындырылуы, азаматтық правосының шектелуі, ұлттың рухын жаншуы, қазақ жерін бөлшектеп, ұлт территориясын орыс әкімшілік жүйесіне қосып, ыдыратуы, мұсылман қозғалысы, ұлт-азаттық күресінің үзілмей келген арқауы – бостандық, тәуелсіздік, ұлт болмысын сақтау, өркениетті елдер деңгейінде даму жолында ұлттық дискриминациядан, геноцид саясатынан құтылу жолы сияқты проблемалар ата тарихынан тыс қалды, не көмескі айтылды», деген өткір пайым-тұжырымы ұлттық тарихнамалық бөлшегінен болжаған батылдық әрі ғалымдарға жүктеген аманаты.

Түптеп келгенде, осынау екі мифті тарихи сана мен зерттеулерден ығыстырмай, Ресейдің

отарлау саясаты мен практикасын сындарлы зерделеу емес, ақтау орын алатын болады.

3-ші миф 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен тағылымын большевиктік бұрмалаумен дүниеге келді. Кеңестік тарихнама ұлы сілкіністі жойдасыз саясаттанған тұрғыдан зерделеуден жаңылмады: большевизм ықпалын дәріптеді. Алашшылар сатқын ретінде бағаланды. Ұлтаралық қатынастың ушыққаны, патша үкіметінің геноцид саясаты «актандақ» күйде қала берді. «Шын мәнінде, — дейді М.Қозыбаев, — 1916 жыл XX ғасыр басында қазақ халқының саяси тәуелсіздік пен ұлттық мемлекеттігі үшін күрестің бір белесі болды. Көтеріліс басында ел сайлаған хандар, әскери жасактардың басында ел сайлаған сардарбектер тұрды, салық жинау жүйесі қалыптасты, хан Кенесі жұмыс істеді, басқа мемлекеттермен елшілік арқылы байланыс жүргізілді».

Мақалада жергілікті халық пен келімсектер арасында қантөгіс шайқастар жүргені, ұлыдержавалық шовинизм жаңа белеске көтерілгені, қазақ сахарасы «от жалынға шарпылған жер мен ел» қасіретіне ұрынғаны баса көрсетілген.

Уақыт академиктің болашақты дөп басып болжай алғанын дәлелдеді. Қазақстан тарихшылары ізденетін тақырыптар — осылар екеніне көзіміз жетті. 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығына орай Ресей ғалымдары құжаттар жинағын жариялап, ғылыми еңбектер жазып, патшалық билік пен әскердің отар өлкедегі қанды қылмысын жасыруға, көтеріліс себептерін басқа арнадан іздеуге барын салды. Айталық, 2016 жылы Мәскеуде шыққан «Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сборник документов и материалов» атаулы жинақтың алғы сөзін жазған Т.В.Котюкова отарлық, ұлттық езгіні көрмей, көтеріліске себеп ретінде өлкедегі басқару ақпаратының кадрлық әлжуаздығын, байырғы халықтың тілін білмегенін, неміс, түрік шпиондары Ресейге қарсы насихатымен отқа май құйғанын, түркістандықтардан бұрын переселендік деревня тұрғындары жапа шеккенін дәлелдеуге тырысқан.

2016 жылы жарияланған «События в Семиречье 1916 года по документам

үшеуі Алаш қозғалысымен, зиялы қауым тарихымен, демократиялық үдеріспен байланысты. Кеңестік тарихнамада 1917 жылғы буржуазиялық-демократиялық революция жартықеш, шала туған, пайдасынан зияны басым оқиға мәртебесімен бағаланатын. Қайта бірінші орыс революциясына жағымды басымдық беретін. Академик ағамыз тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді аманаттады. Біздің ойымызша, Ақпан революциясының себебі мен салдарын дұрыс тиянақтау ғана ғасырлар тоғысындағы Қазақстан тарихын тарката талдауға мүмкіндік береді.



Бесінші миф — Қазан революциясының заңдылығы — большевиктер өктемдігімен түзілді. 1917 жылы Ресей жұмысшы табы елдегі саяси билікті қолына алуға даяр емес еді деген Г.В.Плехановтың пікіріне қосылған М.Қозыбаев социализм қазақ даласына



жоғарыдан қондырылды деп қорытындылады. Әкелген нәтижесі де жан шошытарлық болып шықты: «қазақ ұлтын қансыратты».

Иә, социалистік революцияның қазақтарға жат, түсінісіз құбылыс екені рас. Соны кемел ғылыми ізденіспен дәйектейтін уақыт келді. Мақсатқа жету үшін бірінші кезекте Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің,



жылғы Ақпан революциясының Қазақстан тарихындағы орны мен маңызына қатысты. М.Қозыбаев қазақ даласына революция әкелген жеті жазқсылықты қадап-қадап көрсетеді. Оның төртеуі (*жазалаушы отрядтардың кейін шақырылып алынуы*,



көтеріліске қатысқан қазақ азаматтарына келісілді жариялануы, босқын қазақтардың елге оралуы, шабылған қазақ отбасыларына мемлекеттік көмек көрсетілуі) 1916 жылғы оқиғалармен астасып жатты. Қалған

тілін ұмыта бастауы халықтардың жақындасуы деген жүйтқыр сөздермен рәсімделді. Қансыраған қазақ халқын ең қымсынбастан социализм бақытына бөленген халық деумен ақиқаттан алшақ пайым санаға тықпаланды.

Ендеше, Қозыбаев көрсеткен бағытпен жүріп, дұрыс жол таба білу — бізге серт.

6-шы мифті жою — қазақтың ұлттық болмысын қалпына келтіру деген сөз. Ол мемлекеттік тілді шын мағынасында мемлекеттік деңгейге көтеруге, рушылдық, жершілдік, жемқорлық тәрізді керғарлықтарды санадан, іс-әрекеттен ығыстырумен, Қазақстан халқының бірлігін және бірегейлігін нығайтумен қалыптасты. Тарихнамадағы 7-ші мифтің туу себебін М.Қозыбаев кеңестік Қазақ автономиясының құрылуынан, шашылған қазақ жерінің жиналғанынан көреді. Бірақ ұлттық мемлекет құрылмады. Академиктің пайымдауынша, Кенес өкіметі ұлт мәселесінде жарты жолда тоқтады. Территориялық ұлттық автономия, кейін одақтас республика құрды. Бірақ ол декоративті мемлекеттік құрылым дәрежесінде қалды.

Кеңестік Қазақ мемлекетінің «қуыршақ мемлекет» мәртебесімен өмір сүргенін тәуелсіздік тұсындағы мемлекет құрылысы тәжірибесін, басқа да үдерістерді алға тартумен тиянақтаған жөн шығар. Бәрі салыстырумен танылады. Мәселен, Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде адам құқына байланысты 60 халықаралық-құқықтық акт Қазақстанда ратификацияланды. Адам құқығы мен бостандығы бойынша 78 заң қабылданды. Біздің еліміз 8 мыңнан астам халықаралық договорлар мен келісімдерді бекітіпті, 70-тен астам халықаралық ұйымдарға мүшелікке кіріпті. Кеңестік дәуірде бұлар түсімізге де кірген емес. Демек, 7-ші мифті әшкерелеу жалғасын табуы керек.

8-ші екі миф бірін-бірі жоққа шығарады. М. Қозыбаев айтқандай, «бірі — бұл жылдарды шарықтау кезеңі десе, екіншісі — тоқырау кезеңі дегенді айтады. Бұл тартыс принципке негізделген. Егер біз бірінші мифті қостасaq, Кенес өкіметінің құлауы кездейсоқтық болуын мойындаймыз. Ал екінші миф тарихи процесті толығымен аша алмайды, шындықты бұрмалайды». Өкініштісі — ұлттық тарихнамада екеуі де өмір сүріп келеді. Түптеп келгенде, соңғы екі мифке байланған «актандақтарды» жою ғылыми таным

үшін, әсіресе «Қазақстан — 2050» стратегиясын, «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» іс-шаралар жетесін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру үшін ауадай қажет.

Алаш көсемі Ә.Бөкейханнан жеткен мынадай аталы сөз бар: «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде, болашақ

ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз». Осы қағидаттың қапысыз айтылғанына қазақ елі толық отарланған 1865 жылдан бергі тарихқа көктей шолып қарасaq, көзіміз әбден жетеді.

Ең ауыр тағдыр 1917 жылғы революциядан

кейінгі ширек ғасыр ішінде туғандардың мандайына жазылыпты. Бұлар — нағыз тозақта туғандар. XX ғасыр басында 6 миллионға жеткен халқымыздан 1939 жылы республикада 3 миллионға жетер-жетпес қана қазақ бар еді. Тозақта туып, жанкештілікпен тірі қалғаны әке-шешесінің бақыты десе, ал жалын тартып, азамат атанғаны, шынтауытына келгенде, қазақ ұлтын сақтап қалғандар.

М. Қозыбаев кейініректе сол күндері былайша есіне алған екен: «Бізге үйдің бір бұрышы тиетін, іргесі сыз, тіпті жаз айларында дымқыл тартып тұратын. Сығарылған терезелерді сыртынан шөппен, қармен жауып, жылулы сақтауға тырысатынбыз. Мен осындай өмірден қалай тірі қалғаным әлі күнге таңғаламын».

Тоталитаризмнің қызығы мен шыжығын аз көрмеген ол тарихшы-ғалым ретінде ғасыр жүгін арқалады. Бөкейханның өлшемімен келсек, өзіне артылған жүкті тәуелсіздік тұсында жетер жеріне апарып тастаған бақытты жанның бірегейі. Академиктің аманаты XXI ғасыр тарихшыларының мойнында. Ұрпақтар мен идеялар сабақтастығы үзілмеуі керек.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
*Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының директоры,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі*

10 ӘДЕБИЕТ

www.jasqazaq.kz

— Сәкенге жолдас болғаны үшін сотталған Қаскей Өтекин деген асқақал өткен. Естудің бар ма? 1993 жылы тоқсан үшке келіп өмірден озды. Сол кісіні 1985 жылы әдейілеп іздеп бардым. Сәкен үш мәрте шаңырақ көтерген адам ғой. Оларды біршама зерттеп алған соң, жағдайды тереңірек қаузау ниеті туындалы. Әлгі жерде Қасекеннен кезінде досыңызға басқа қандай адамдардың көзі түсіп еді, Сәкеннің ұнатқан қыздары кім, нендей жанмен аралас-құралас жүрді деген нәрселерді білгім келіп, үйінде үш күн жаттым. Қасыма ерген облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы Жанайдар Мусин бар; сол екеуміз шалдың сексен бес жылдығын өткізіп отырып, айтышы аға, сондай жағдайды деп, асқақалды ортаға алып күні-түні әңгімелестік. Көп жәйт батылды. Оның бәрі де қажет сөздер еді. Әйткенмен, ағайды үйіріп әкеліп әлгі көздеген тақырыбыма саламын. Жүрмейді. Бұттарып, басқа бағытқа ауысып дінкелетті.

— Неге өйтті екен...
— Иә, мен де: «Мұныыз не. Неге жүрмейсіз!» деймін ғой. — «Сендердің ауыздарына сөз тұрмайды. Ал қазір ол әйелдердің бала-шағасы өсіп-жетіліп, ел басында отыр. Шешелерінің, не апаларының Сәкенмен қатар өткізген кездерін естісе, олардың бірі қызғануы мүмкін, екіншісі қуанар, үшіншісінің шатақ іздемесін қайдан білесін. Сондықтан, сендерге ашпаймын о жағын, әуре болмандар» — деді. Расында, осының бәрі адамгершіліктің парасаты ғой. Кім-кімге көзі түсті, кім-кіммен жүрді дейтін мәселені даурықтыра бергеннен ештеңе өнбейді. Ыңғайсыздық туындауы ықтимал. Сол себепті, мен де Сәкен төңірегіндегі қыз-қыркынның кейбірін айтпаймын саған...

Түрсекең өстіді. Қанша қолқалағанмен, айтқанынан қайтпай, Сәкеннің тек үш әйелі туралы қысқа ғана баяндауға келісті. Шынында да, тарихи тұлғалардың артынан ерген алыпқашпа сөзге елігу онша абырой бола қоймас дегенбіз. Сөйтіп, ғалым ағаның осы әңгімесінің өзін олжа көрдік.
— Бірінші әйелі Рахима деген апаларың болған. Ол бір Уәли Халфин деген Ақмола алпауытының қызы екен. Керемет сұлу көрінеді. Бойында әлденеше халықтың қаны араласқан қараторының рендісі, оттай жарқыраған жанар, кең маңдай, аккумулямын, тоқ балтыр, кербез аяқ алыс... Сирек кездесетін айдай ажары бар Арқа аруы.

— Әдемі суреттедіңіз.
— Хе-е... Енді, расы солай боп тұр ғой. Әкесі байғұс қызы мен Сәкеннің арақатынасы туралы естігенде іштей қатты насаттанса керек. Өмір бойы жарлы-жақыбайдың қанын теспей сорған озбыр кісі іс басында жүрген күйеубаланың шапағатынан дәмеленбей ме. Бай-құлақты жаппай тәркілеуге кіріскен Совет өкіметінің қаһарынан құтқара ма деп үміттенбей ме. Бірақ сыр алдырмай, құдалыққа барған Сәкеннің жолдастарын: «Кейін, кейін! Жастар өздері шешсін» деген екіұдай жауаппен қайтарыпты.
— Сәкеннің ол әйелімен көп отаса алмауының себебі не?

— Тікбақайлау болып шықса керек. Мінез шығара бастайды. Қазан-шоққақ да оралымсыз секілді. Сәкеннің келім-кетім кісісіне де дұрыс қарамай, тыжыбайдың, аяқ-табақ сылдыры жиілеп кетеді. Және шектен тыс қызғанышы өршіліп, күйеуіне «ана әйел неге отыр бөлменде» дегендей жағаласып, беттен алау көбейеді. Өмбе өкәмді салықтан босат, қалайда аман алып қал, көмектес деген мағынада зарлай беріпті...

— Одан соң, өзі, ақын-жазушыға жар болу деген де оңай нәрсе емес шығар.

— Иә, ажырасуға сондай жағдайлар да себеп болғандай. Әлкей ағай да: «Жазушылар қызық қой. Кішкентайға ырза болып қалады да, болмашыға бұртпая салады. Ұстараның жүзі сияқты қылпылдап тұрады. Талайымен араласып көрдік. Міне, Сәкенде де сол мінез бар еді» деген екен. Бірде дана, бірде бала, ақын Сәкенде сондай аумалы-төкпелі мінез жок емес, Рахима туралы: «Күнде қас қарая далаға менсіз шықпайды. Қашанғы жетелеп жүрмекпін!» деп аузын бұртитатыны болыпты өзінің де.

— Рахима апамыздың Сәкеннен кейінгі тағдыры не болды екен?

— Сәкен ұсталар қарсаңда өз жөнін табады. Көп ұзамай Болғанбаев деген белгілі бір кісіге тұрмысқа шығады.

— Сәкен ағамыздың екінші жолдасы кім?
— Гүлнәр Мусина. Ел-жұртқа «Көкеш» деген атпен белгілі. Сағал қыпшақтың қызы. Ол да өте көрікті екен. Оның да Сәкенге қосылуы қызық. Әлгі Қаскей Өтекиннің туған ағасы Әлкей де Сәкеннің үзенгі жолдасы, еркөңілдігіне парасаты сай көшелі азамат көрінеді. Ол да Сәкен Совнарком төрағасы болып тұрған тұста сол мекемеде жауапты қызмет атқарған адам. Міне, ағайынды осы екеуі Сәкенді біздің елде Көкеш деген бір сұлу бар деп қызықтырмай ма. Бұған Сәкен де елденп қалады. Аяғында Қаскей жоспар құрады. Ағасына: «біз Сәкен екеуміз Бурабайға демалыс үйіне кетейік, ал сен әкейге айт, Сәкенді арнайы келіп ауылға қонаққа шақырсын» деп тапсырма беріпті. Өңара келісіп, Сәкен мен Көкеш екеуін таныстырудың ең онтайлы жолы осы деп ұйғарысады. Бұл ой жүзеге асады. Әкелері сонау Көкшетаудан үш жүз шақырым шалғайда жатқан Қойтас дейтін жерден әдейі келіп, ақынды қонаққа шақырады. Барғаннан кейін тай сойып, қол құсырып күтіпті. Осылай ретін тауып Көкешпен кездестірген ғой. Қызық болдында, дәл сол сәт әлгі ауылға Көкештің атастырылған күйеуі Пейруша деген жігіт те қалындығын алып кетуге келіп жатады.

— Қиын жағдай екен. Сәкен мен Көкеш қалай қарайды бұған? Жүздексен бойда ұнатқан ба, бір-бірін...

— Сөйткен боп тұр ғой. Жолдастары онаша қалған бір мезетте қалай екен дегендей Сәкеннен тұспалап сұраса, «иә, жарайды енді. Болады екен. Бірақ қыздың өз ықтиарын білейік те» депті. Көкеш те Сәкендей жігітті көргенде оң мен солын ұмытып, құлап түскендей. Дегенмен, керемет өрмінез, намыской қыз іш алдыра қоймай, Сәкеннің ер соңынан деген тілегіне: «Біраз күн тосыңыз. Дәл қазір реті келе қоймас» дейді. Бұдан да, әрине, көтері өместігі сезіліп тұр. Осыны аңдаған Сәкен әй-шәйге қарасын ба, әлгі жерде: «Жок, айналайын, анау-мынауға сөз беретін уақыт жок. Жүресен осы жолы

Серіліктің, сұлулықтың символындай Сәкен әлемі уақыт озған сайын тылсым тереңде тарта түсетін сияқтанады. Ел мүддесі жолында құрбан болған есіл ердің басқа шығармаларын айтпай-ақ, отыз жастың о жсақ, бұ жағында жазған атақты «Тар жол, тайғақ кешу» туындысының құны да күндел өткен сайын арта түскендей сезіледі.

Осы деректі дүниеде аяулы қазақ қыздарының келбеті кестеленген беттер біраз бар. Ал келешекте кұрәелі Сәкен тағдырының небір нәзік қалтарыс-қырларын қамтитын талай шығарма туар.

Мұны ойлағанда есіме Сейфолланың Сәкені өмірінің кейбір кезеңдері бейнеленетін Тәкен Әлімқұловтың «Көкейкесті» әңгімесі мен Өмір Кәріпұлының «Саятшы» повестері оралды. Одан соң бүкіл саналы ғұмырын сәкентануға сарп еткен Тұрсынбек Кәкішев ағамыздың «Сәкен сүйген сұлулар» (кейінгі басылымында «Сәкен аялаған арулар») аталатын кітабы еске түседі.

Аталған еңбекті жазуға не тұрткі болғанын Түрсекеңнің өзінен сұрауды жөн көргенбіз. Одан соң осындағы жағдайларды қысқаша шолып шығуын өтінгенбіз.


СӘКЕН СҮЙГЕН СҮЛУДЫҢ АРМАНЫ НЕ?

жүресін. Жүрмесен қош-сау бол деген жайға тоқтаймыз» деп шорт кесіпті. Сөйтіп, Көкеш Сәкеннің естегінен ұстайды.

— Пейруша қайтіпті?

— Кайтсін. Көнеді де тағдырдың салғанына.

Ол Сәкенді жақсы біледі. Екеуі приходская школада бірге оқыған жігіттер. Мән-жайға қаныққан соң Сәкенге жолығып: «Өй, Сәкен, сен екеуміз бір Ақмоланың аламы едік. Енді бір шүйкебасқа таласып, итше ырылдасып жатсақ жараспас. Сенін атак-ланқын бар. Маған қарағанда бак-тайлаңды да, сән-салтанаты да жеткілікті жігітсін. Тағы біреу кездесер саған. Кайт райлан. Жолдың үстімен келіп едім, енді жердің астымен қайтарма меңі!» деп өтініш жасайды. Сонда Сәкен: «Енді, заман басқа ғой қазір. Әйелдер кімге қосыламын десе өз еркі. Көкеш саған барамын десе ешбір қарсылық жок. Өзі жасасын тандауды» деп Гүлнәр — Көкешке өблен көңілі кеткендігін байқатады. Қысқасы, ертеніне жаңа қосылған екеу Ертіс бойымен



Черлак жұмысшы поселкесін бетке алады. Одан — Омбыға, Омбыдан Мәскеуге өтеді. Сөйтіп, Орынборға келіп табан тірейді.

— Бірақ бұл отаудың да шаңырағы тез шайқалады...

— Еуропа тәртібіне түсетін сәт тумай ма. Еуропа киімін кию керек қой. Әлгі қазақ киімімен, бүрмелі көйлек, үкілі көмшатпен малынып, керемет көріктеніп отырған Көкеш жүнін жұлған туысқайты болып сымпиып шыға келіпті. Сосын, қалай дегенмен, білімсіз, оқымаған адам. Сонын бәрі бірден көзге

ұрады. Және Көкеш те Сәкеннің қызметінің мәнін, өмірлік мүдесін түсінуі былай тұрсын, жұмыстан сәл кешікпе де, жиналыста бөгеліп қалса да, қайда жүрсін, қай әйелмен кездесіп қойдың дегендей түртпектеп, түрлі күдікті көбейте бастайды. Әңгіме жараспаған соң іс она ма. Осындай жағдаймен, біртіндеп, екеуінің отаса алмайтыны түсінікті болады. Содан Сәкен күндердің бір күнінде: «Сен, осы, ауылды сағынған жоқсың ба? Өзінді ел-жұртың да сарғайып күтіп отырған шығар. Ақмолаға баратын бір ноғай жігітіне жолығып қалып ем. Сол ауылына дейін жеткізіп салайын делі. Еліңе барып қайтсайшы» дегенде Көкештің де жүзі бал-бұл жайнап сала беріпті. Дағдыланбаған қала тірлігінен запы болып, құсаланып жүрген-ау. Бірақ күйеуінің өзін біржола қайтарғалы отырғанын сезбейді. Сәкен Гүлнәрдің Мұхамедрақым деген жездесіне әлгі ноғай арқылы: «Мына Көкеш қайтып бара жатыр. Біз шаңырақ құратын деңгейде емес екенбіз. Ғафу өтінем» деген мазмұнда хат жазады.

— Е-е, бұл да бір жатқан драма екен де.

— Иә, қым-қуыт, күрделі нәрсе. Қойшы, ақыры, келгеннен кейін жездесі жайлап отырып балдызына ахуалдың ақиқатын ашып береді ғой. Кісі өлгеннен жаман болды дейді. Көкеш естен танып, жылап-

қыздары қазіргідей жалғыз жүре ме, қасына ерткен екі-үш құрбысымен іздеген бойжеткен де келеді. Сәкен оған сәлемдемені тапсырып болып: «Шырағым, менің бір қолжазбаларым бар еді. Ерген келіп соны көшіруге көмектессен қайтесің?» дейді. — «Жарайды, аға. Жолдастарымды ерте келейін бе?»». — «Жо-о, шырағым, өзін де жетесің ғой. Аса көп жұмыс емес, үлгересін»... Сөйтсе, айтқан шаруасы қыздың өз ағасы Қайып Айнабековтің Қызылордалан шығарқалы жүрген өлендер жинағы екен. Соны ұқыптап көшіртіп алыпты.

— Ақын-жазушылар да өзіндік психологтік қасиеті бар сезімтал адамдар ғой...

— Әлбетте, бұ кезге дейін жар тандау жағынан біраз аузы күйіп, «тәжірибе» жинақтап қалған сұңқар Сәкен осы жолы жалт етіп бір қарағаннан алгі қызбен ерекше жан туыстығын сезінсе керек. Сүйріктей саусақтары майысып, тапсырмасын тап-тұйнақтай етіп орындап бергенінен-ақ Гүлбарамның сауаттылығын, тазалығын байқайды. Ашық мінезін, батылдығын, бірбеткейлігін ұнатады. Серік болуға жарайтын адам екенін аңғарады. Сөйтіп, сөз арасында: «Шырағым, сен біздің Қызылордаға келіп оқысайшы. Онда да дәл осындай Совпартишкол бар» деп ұсыныс жасап қалады. «Оны көреміз уақытында» деп Гүлбарам кетеді.

Көп ұзамай Сәкеннен хат келе бастайды. Ақын ағасы күнелікті жағдайын айтқан болып, аяулы қарындасына жан сырын шыққысы келетіндей. Тіпті бірде Ташкенттен қроватыңызбен кызықтыра алмайсыз мені» дегендей жауаптар екен. Сөйтіп жүрген уақытында «Еңбекші қазақ» газетінде «Гүлбарамға. Совпарттағы қарындасыма» деген өлең жарқ ете түседі. Гүлбарам тәтей:



— *Елден келдің қалаға Оқу іздеп, шырағым. Жүрмегейсің ұмытып, Ауылдың алыс-жырағын,* —

деп басталатын жиырма сегіз шумақтан тұратын осы жыр жарияланғаннан кейін барар жер, басар тауым қалмағандай күйге түстім; енді қалайда Қызылордаға жеттім керек деген намыс билеп алды, — дейді. Сөйтіпті де, ойлана келе: «Жылдың аяғында, декабрыңді соңына қарай жолға шығамын» деп хабар жөнелтеді. Бұл — 1926 жылы желтоқсан айында болған жағдай. Екеуі осылай қосылады...

Күндердің күнінде Сәкен мен Гүлбарамның арасына Ғалия деген бірер килігеді. Ол — қазақтың атты әскер полкінің командирі Тоқтасын Әлиевтің асырап алған қызы екен. Сол Ғалия Гүлбараммен шаңырақ көтерген, Сәкеннің құр соңынан қалмауға айналлады. Жұмысқа барса — жұмысына дейін, қайтарында күтіп тұрып үйіне жеткенше ілесіпті те жүріпті. Жолда шап беріп мойнына оратыла кетіп, тас кенеше жабысып алып, аузынан сүйіп, зықысын шығарады. Аңғал ақын бұл пәледен қалай қашып құтыларын білмей, дәрменсіз күйге түседі де қалады. Енді осының бәрін көрмей ме жұрт... Ішіндегі біреулері жеткізбей ме әйеліне... Осындайдың әлегінен жаңа босанып отырған Гүлбарам апай шымырқынып, жас сәбиін жөргегіне орап алады да, Москваға, Қызыл профессура институтында оқып жатқан Сәбит Мұқановтың пәтеріне бір-ақ тартады. Тіпті барған бойда Орталық Партия Комитетінің жанындағы стенография курсына оқуға да түсіп үлгеріпті. Сәкен, ерине, бастапқыда бірталай күйінгенімен, зыбыының бұл шешіміне қатты риза болған секілді. Кейінірек: «Гүлбарам, сенің оқу іздеп Мәскеуге кеткенің абырой болды ғой. Әйтпесе Сәкенді әйелі тастап кетті деген сөзге қалар ем. Қаламнды құптаймын. Жасықлап білім ал.

Арасында мүмкіндік туындап жатса, келіп те қайтасын ба, қайтесің?» деген мәнзелде хат жазады. Дегенмен, үй ішінің шырқы бузылған соң жағдай түсінікті емес пе, Гүлбарам апай қайтпай, бір қыс, бір жаз Мәскеуді мекендеп қалады. Тек құлағына, ол сөзді де кімнің шығарғаны белгісіз, «ойбай, Сәкен үйленгелі жатыр екен» деген қауесет жеткенде оқуды да, бәрін тастап, жедел түрде Алматыға келіпті.

— О, тұста Алматы шағын ғана қала ғой...

— Ол рас, ауылдай ғана шаһар онда. Гүлекең астанаға келгенімен, өз

отауларына соқпай, Абдолла Асылбеков дейтін азаматтың үйіне түседі. Ашу-ызасы басыла қоймаған-ау. Қаланың шағындығынан да шығар, ертеніне Абдолланың зайыбы — Бәнудің қолқалауымен Опера театрының концертіне барған екен, Гүлбарамның оралуынан көп ел құлақтанып қалыпты. Әйелінің келгенін Сәкен де естиді. Сол бойда інісі Мәжитке бір жігітті қосып, «барып алып келіндер, жегелеріңді!» деп жұмсамай ма. Бұлар барып, амандасып, мән-жайларын айтқанда Гүлекен: «Е, сондай-ақ немене, мен өз аяғыммен жетіп бара қоятындай! Жок, мен мұнда ойын көруге келгем. Қайтамын ертендері Мәскеуге!» деп қайындарын тепсіндіктей қабылдапты. Содан араға бір күн салып Сәкеннің өзі келеді. Келгенде, Абдолланың келіншегі шай құйып беріп отырғанын көреді. Оған: «Әй, Бәнү,



Сәкеннің зайыбы Гүлбарамның ұлы Аян

осы шайды өзіміз де құйып іше аламыз. Бізді бір онаша қалдыршы!» — дейді. Ондайда әйелдер сылтау табады ғой, Бәнү елпілдеп: «Е, жақсы болды ғой, өзім де дүкенге бармақшы болып асығыңқырап отыр ем!» — деп шығып кетеді. Бертініректе сол сәттегі сөзді Гүлбарам апай өзі айтып беріп еді маған. «Сәкен аған: қандай айып тақсан да бәрін көтеремін. Кінә менде. Кешіре алсан кешір. Бір ашуыңды қи маған деп қиылғанда, не болғанымды білмей кеттім. Мойнына барып асылып, көз жасына ерік бердім. Шынында, Сәкеннің бәлендей кінәсі де жок еді менің алдымда. Қайдағы бір өсек-аянға малданған өзім де онбаймын ғой.

Сөйтіп табыстық» деп сыр қылып ағытқаны бар. 1936 жылы Аян деген ұлдары туады. (О баланың есімін Мұхтар Әуезов қойған екен). Бірақ ол ұл жер ауып бара жатқан уақытында пойыз үстінде шетінеп кетіпті. Көкшетауда жерленген. Тұңғыштары Лаурадан да айырылып қалғаны ертеден мәлім... Гүлбарам Сәкен тұтқындалғаннан кейін ерінің көзіне шөп салмақ былай тұрсын, еркек атаулыны маңына жұытпаған адам. Отызға жетпей жесір қалған сәттен бар арманы Сәкен болып өткен. Тіпті мынандай да жағдайлар бар... Сәкеннің ақталуына біздің Жазушылар одағының немесе басқа ұйымдардың есшайсынын, тіпті туған інісі Мәжиттің де жәрдемі тимеген. Сонда аяғы жеткен жерге дейін барып, сөзі жеткен жерге дейін жазып, ақыры, жан жарын жаладан арашалап алған Гүлбарам тәтей еді. Сәкен ұсталғандардың — соңғысы, ақталғандардың біріншісі болды. Гүлбарамның табандылығының, Гүлбарамның азаматтығының арқасында.

Түрсекен ақын тағдырына араласқан өзге арулар жөнінде жақ ашпаймын дегенімен, «Сәкен сүйген сұлулар» кітабын парактасаныз, Гүлшайра (Гүлия) Досымбекова, Қабірша сұлу, Үміт

(Үмила), Нина Мокина, Меруерт дегендей есімдерді ұшыратсаыз.

Соған қарағанда, шыңнып қаламгер ауызекі әңгімеде көңіл түкіріріндегі сырды ақтара салғысы келмегенімен, ақ парак алдында арымен беттескендей, ештеңені іркіп қала алмайтындай.

Ал өйгілі Галина Серебрякованың Сәкенге қатысы туралы сөз өз алдына бөлек нәрсе. Осы бір ғажайып әйел Сәкенді алғаш байқаған сәтте сүт пісірімдей уақыт анырып тұрып қалыпты деуші еді. Бұл көрініске кездейсоқ куә болған Александр Фалеевтің: «Мынау Шығыстың сан алуан гүлінің жұпар иісі сіңген Сәкен серіні енді көріп, елітіп тұрсыз ба?» деген әзілінен көзі қарақты жұрт хабардар болар.

Сол секілді, Сәкеннің Сібірде тоғыз айдай атаман Анненковтың «тозақ вагонынан» өтіп, Қолқатың Омбыдағы лагерінен қашып шығатынын білеміз. Сол сапар оның Татарка — Славгород — Павлодар — Баянауыл арасын жаю кезіп, Сарыалдырдағы нағызсына жетіп жығылатыны да белгілі. Ақын жолай кездесетін Сәулім деген енші қыздың кескінін «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында өзі де керемет баяндаған. «Біздің жакта» деген өлең сол сұлуға арналған екен. Тұрсынбек аға Сәкен жүрегін жылытқан осынау жанды кейін қартайған шағында көріпті. Ал:

— *Мен келем тау ішінде түнделетін, Аймақты күңіретіп, өлендетіп. Астымда ақбоз атым — сылаң сағым, Жалтақтап, құлақтарын елендетіп...*

Түрғиындай перде болар түңгі мунар, Ернінен ішкен балаға қанбас құмар. Қушақтап қанша сүйсең келген сайын, Шалқыған емес көңіл, емес тынар.

Әй, сұмбіл шаш,

Білегіңің кеңіңімді жалғыз өзім, —

деген ән Сония аруға арналған көрінеді. Біз Сәкеннің өз ағайынмыз қаракесек — керней Сәдуақасұлы Макаштың Гүлбадан деген қызына үйленбе болғанына да бала кезден естүші ек. Бірақ қыздың ағалары қарындастарын бермей, жолдан алып қалыпты. Бұл да дербес бәйбіт...


Қозғалып отырған тақырыпты әркім әрқалай қабылдайтыны түсінікті. Бірақ Түрсекеңнің «Сурбодайк Сәкеннің жүріс-тұрысынады артық-сәу жайларды жеңілтектікке апарып тенеі-кал қисынсыз» дегенідей, осынау күрделі жәйтке біржақты қарасақ, жансақтық болар еді. Сәкен де Гүлбарам апайға лайық шарқ ұрып жан үйлесімін іздеген, әйекестікке ұмтылған.

...Тұрсынбек ағаның ұнтаспадағы қоныр дауысы әңгіме дәл қазір ғана айтылғандай күмбірлеп тұр.

Құтөлеу МҰКАШ

(Басы 1-бетте)

Желегін жел жұлмалаған ақ қайыңның сыбырлаған сырғына құлақ түрді. Көкірегіндегі бір беймәлім сезім жан дүниесін тұмшалап алып, тұншықтыратын тәрізді ме, қалай? Баяғы бала кезінен бері биіктікке жаны қыштар. Табаны қырды басса, өрге өрлесе кереге қанаттарын керген қыран іспетті көңілі де зәулім көкке шырқап, шабыты шамырқанып сала беретін.



Бір сәт Айыртау есіне түсті. Өзі туып-өскен, кіндік қаны тамған өлке. Көсенін иегіндей бір тал қылтанағы жоқ болса да, саясына сайғақ саялар бір түп ағашы болмаса да, қос өркеш тау бұл үшін әлемдегі ең көркем, ең биік асқар шың тәрізді. Әр Алтайдың ұбақ-шұбақ сілемдерімен астасып, кеңістікте көлбеіп жататын жоталармен жымдасатын осы бір тұста, мынау жалпақ иен жазықтың иесіндей, айнымас киесіндей болып тұрған Айыртау ғой, шіркін жер жәннаты!

Кенет шок қайынның арғы бетінде алаңсыз жайылып жүрген қос елікті көрді. Жүрекше жапырақтың естілер-естілмес сәл ғана сыбдырынан секем алып, құлақтарын қайшылап қойып, бір-бірінен көз айырмай қарайды. Суретші осы сәтте өзі іздеген бейнені жаза баспай тапқанын анық сезінді. Әдетте қалам ұстаған қауым ғашық жүректерді аккумулярға теңейтін, ақын біткен айдын төсіндегі құс төресін жырлайтын. Бәлкім, олардікі де жөн шығар. «Еңлік-Кебек» қойылымын көрерменге ұсыну үшін, декорацияның өзіндік шешімін таба алмай киналған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұрат Мақсұтұлы талай күндер, талай түндер іздеген бейнесін дәл тапты. Құлай-ау, көктен іздегені мында шок қайынның ар жағында жүр екен ғой. Жінішке, бунақты аяқтарын қазадайды басытын қос елік мынау жарық дүниеде өздеріне төнер қауіп-қатердің бар екенін мүлдем ұмытып кеткендей. Әлде ғашықтық дерті шалғанда бір-біріне шексіз ғашық жанарлар өздерінен басқа ешбір жанды көрмейді ме екен? Құтты сұлу әйелдің «менен басқа ешкімді сүймейсін, менен басқа ешкімге көңіл аудармайсың» дейтін талабы тәрізді.

Желделде жұмыс кабинетіне келді де, ақ қағазға өзі көрген табиғаттың бейнесін тура сол қалпында көшіріп шықты. Ақ қағаздың бетінде әсем мойындарын иіп, бір-біріне елжірей, елігіп қараған қос елік, сәл төменірек оң жақ бұрышта тасбақаның сауыты іспетті дөңгелек қалқан. Дөңгелек қалқан кез келгеннің қолы жете бермейтін інкәрлік сезімді, таңғы шықтай мөлдіреген махаббаттың қос періштесі — қос елікті сырт көзден, айтып келмес апаттан, бәлкім, зұлымдықтан, мүмкін, қараулықтан қорғап тұрған тәрізді. Мына жарық дүниеде ай мен күннің алмасқаны сияқты, жақсылық пен жамандықтың бірін-бірі жеңе алмай шарпысуы мүмкін ғой. Алмас жүзді, бес, әлде алты найза төніп тұр. Ішіне пышақ айналмайтын, пейілі тар әлдебіреулердің болмашы бейнесі.

Еңлік пен Кебек ғұмыр кешкен, бір-біріне өлердей ғашық болған көне дәуірдің сұлбасы. Мынау жанарын жетпейтін жалпақ жазықтық Алаш жұртының атамекені. Ақ қағаздың етек жағына сәл көленкелеу, қараңғылау бояу

түсті. Өйткені, дарқан даладағы ғашықтардың тілімен сипаттауға келмейтін құдіреті ет жүректерді елжіретіп, баурап, аялап, әлпештеп тұрғанымен қауіп-қатер де аз емес еді. Аз болмайтындығы ескі ғұрып, жақсылығынан зияны басым көне дәстүр, барлығы емес, әрине, жас жүректердің лүпілін ұға алмайтын кейбір керітартпа пиғыл. Еңлік пен Кебектің үлбіреген періште ғұмырларын ғана емес, бір-біріне ынтық махаббаттарын ала кетті. Ғұмыр үзілді, бірақ жалпақ жұртқа, қалың көпшілікке аян болған, кейін біреу сеніп, біреу сенбейтін әдемі аңызға айналған ғашықтық желісін үзе алған жоқ. Осы бір қаралы, дегенмен кейінгі ұрпаққа тамаша тағылым қалдырған оқиға уақыт өте келе қайта жаңғырып, жасанып, сыланып сахна төріне көшкенде көрерменге сахнадағы үздіккен сөз, үйлесімді қимыл, айшықты сезімдер ғана емес, сахна төріндегі дәуір бейнесі, уақыт бедері өзгеше мағына үстеп, айрықша мазмұн бітіріп, ұқтырып тұр еді. Көкірек көзі ашық көрермен суретшінің айтар ойын анық ұққан. Суретші де елесі емес-емес қана сақтаған, әйтеуір сорабы айқын, бағыты белгілі өткен дәуірдің өшіп бара жатқан бедерін сурет арқылы сөйлетіп, сурет арқылы жырлап қойылымның тұтастығын, барлық композициялық құрылымды алты өрім қамшының жымдасқаны тәрізді жігін жатқызып жеткізді.

Дәуір тынысын аңғару сәби кезінен санасына сіңген. Шығыс Қазақстан облысына қарасты Ұлан ауданының

естігенде Мұрат Мақсұтұлының бойын өмірі тарқалмас, тіршілігінде түгесіліп бітпес қуаныш билеген. Бағзы даланың қауашақтарына жарқын күннің сәулесін құйған қызғалдақтары балаң көкіректе жайқалып-жайнап өсіп тұрғандай. Қара домбыра Жамбылдың қолына көшті. Бұл жолы күйші Қызайдың «Ел айрылғанын» боздатты.

— Әу баста қазақ пен ноғай бір жұрт болған екен,— деді күйші, — жазғы жайылымы, қысы қыстауы бір. Жайылым мен қыстау ғана емес, тағдыры да бір. Өмірлік өрісі де ортақ. Кейін байлыққа белшесінен батқан ұлан далаға көздерін алартқан сары сакал жұрттың қысымымен амалсыз бөлінсе керек. Сан ғасыр бірге ғұмыр кешкен, қыз алып, қыз беріскен елдің айырлыуы оңай ма? Сол кезде шығарылса керек.

Әсерлі аңыз аяқталған соң кезек күйге көшті. Қара домбыра әуелі ботасын іздеген інгендей боздап, сонан соң жарқын әуенге көшті. Салтанатты, ажарлы леп сәлден соң төбе құйқанды шымырлатып, алпыс екі тамырыңды иігіп өрлді.

Иттің үргені, түйенің боздағаны, құтпан айғырдың үйірін жинап, арқырай кісінегені. Құлап түскен шаңырақ, төгілген су, ақтарылған жүк. Бірін-бірі құшақтап, бір-бірімен көріскен қиямет-қайымға дейін бақұл айтысқан әлеумет.

Осы бір ойынды әлем-тапырық қылып жіберетін сүренсіз сурет Мұрат Мақсұтұлының балауса көңілінде

қалып қойыпты. Кейін қолына қыл қалам алғанда есте жоқ ескі кезеңдегі жұқана көленкеге жан бітіріп, санасында тірілту үшін баяғы өзі естіген, жалынды өшпестей жатталып қалған көне сарындарға құлақ түретін. Жүрегімен. Сол сәтте жансыз қыл қаламға жан бітіп, өшпес өрнектер, байыпты бедерлер, айқын бейнелер өз-өзінен тізбектеле жөнелетін. Рет-ретімен. Бір-біріне мазмұн үстеп, мағынасын байытып...

Мектепте жүргенде кез келген тақырыпта сурет сала беретін, салған суреттері аудандық, облыстық басылымдарда жарияланып тұрды. Кейін Шымқорған ауылындағы қазақ орта мектебін аяқтаған соң, 1965 жылы Алматыдағы көркемсурет училищесіне оқуға түсті. Кабылдау емтиханы кезінде көпті көрген ұстаздар Мұрат Мақсұтұлының салған суреттерінің көптігін, әрі мазмұндылығын, көркемдігін көріп тан қалған. Туа бітті талантты адамға өзі шын көңілімен қалаған мамандықты игеру қиынға соққан жоқ. Шеберлігін шыңдады, қолы жаттықты. Көркемсурет туралы білімін үстемеледі. Көкірек көзі ашылды, көкжиегі кеңіді. 1972 жылы аталмыш оқу орнын аяқтап шыққан соң, Қарағанды облыстық қазақ драма театрына жолдама алды. Осы мекемеде ұлттық өнердің айрықша жанашыры, тамаша талант иесі Жакып Омаровпен бірге жұмыс істеді. Ен алғаш Мұстай Көрімнің «Ай тұтылған түн» қойылымын сахналады. Ондағы жас толқынның мөлдір махаббаты, ақ жолда, адал жолда кездесетін сансыз кедергілер, қияпат қиянаттар...

Режиссер мен суретшінің белгілі бір қойылымды сахналау барысында ойлаған ойлары, көркемдік шешімдері бір арнада тоғысып жатпаса, бәрі де бекер. Ал бұлар шынайы көркемдікті, онтайлы шешімді айтқызбай ұға білді. Әрине, пікір талас, орынды ұсыныс болмай қалмайды. Әйтпесе, өнер туа ма, өнерпаз өрге шыға ала ма? Көрерменге қисапсыз мол олжа салған, жан дүниелеріне рухани байлық берген өнер майталманы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жакып Омаров Уфа театрында сахнаның үстінде қайтыс болды. Дәл осы жолғы үш бірдей жұлдені еншілеп тұрып, мерейі үстем, абыройы асқақ қалпында. Өзі ғұмыр бойы бақытына балаған, киеліге санаған сахнаның нақ төрінде.

Бәлкім, табиғатта шын таланттарға осындай тағдыр сыйлай ма екен. Алдына қылқұйрық салмаған Құлагер де

жарыс жолында ажал құшқан. Өнер бәйгесінде де өзгеше үзенгі қағыстырмаған, үзенгі қағыстырғаныңыз не шылбыр тастам, жоқ, арқан бойы жақындатпаған, жабыларға қарасын көрсетпеген атакты, айбарлы Жакып Омаровтың жарқын да жасампаз өнер соқпағы қияндағы Уфаның сахнасында тұйықталды. Әріптесінің қазасы Мұрат Мақсұтұлының өзегін өртелді, өкініш жайлады. Аман не?!

Өнер өлкесіне бірге қалам басқан, тілектес, ниеттес, пікірлес Жәкенмен Қарағандыда табаны күректей 10 жыл бірге қызметтес болған. Сол тұстағы Целиноград қаласында қазақ драма театрының қабырғасын қаласқан, айнымас абзал серігі.

Талассыз талантты, толайым дарынды Мұрат Мақсұтұлы ән ұшқан, өлең қонған Көкшетауда тұңғыш театр ашылғаннан бері еңбегін сіңіріп келеді. Қаншама қойылым сомдалды, қаншама көркем дүние көрерменімен қауышты, алғыс арқалады. Туған жеріне осы театрдың ошағын жағып, жалынын лаулату үшін, сол жалынмен елінің көкірегіне сөнбес от беру үшін әдейі келген Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Мұрат Мақсұтұлы Оспановпен бірге. Әрине, өнер қонған Көкшетау топырағына 1986 жылы Қазақстанның халық жазушысы, жерлесіміз Сөкен сері Жүнісовтің «Өліара» қойылымын сахнада безендіріп, әрлегені, сценографиясы үшін мемлекеттік сыйлықтың



ҚЫЛҚАЛАМНЫҢ ҰШЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК



Бірде Ғазез ақсақал тоқсан күйлі Токсабаның толғауын тартқан. Аққудың айдында жүзгені, еркін, азат, бостан желдің әкелеуілін басын билетіп, сайын даланы кезгені. Көш. Салқар көш. Салтанаты келіскен, сәукелесі төгілген бойжеткен, төрт аяғын тең басқан су төгілмес жорғаның үстінде бұлақтанған бозбала. Мұрттары көкке шаншылған дархан даланың данышпан ойын түгел толайым жинаған ақсақал, қарасақал. Осы күйді

лауреаты атанған театр суретшісінің жұмысқа келуі үлкен құрмет еді.

Енді, міне, кемеліне келіп, шеберлігі шынына шыққан сәтте талантты жазушы-драматург Думан Рамазанның «Кенесары-Күнімжан» драмасының декорациясын жасамақшы. Кенесары-Алаштың соңғы ханы. Азаттықты ансаған, ұлтының бостандығы, жұртының азаттығы жолында барша ғұмырын ат үстінде өткізген жаужүрек батыр. Батыр ғана емес, Алаштан ақылы асқан кеменгер, болашағын барлаған, өткенін жаңғыртқан данышпан.

Осы қойылымды көрген адам сол тұстағы ұлан даланың төсіндегі жанталасты айқын аңғаруы қажет. Ақ сауытты қыпшақ қадалған алмас ұшты ақ найза, қылпылдаған ақ семсер, ажал ансап зыркырап ұшқан қозы жауырын, сұр жебе. Туған жердің сынық сүйемін басқыншы жауға бастырмау үшін арыстанша алысқан, жолбарыстай жұлқысқан қайран да, қайран ерлер.

Сол жанталастың ішінде күллі даланы өрт жалмағанда бір тал гүл ғайыптан тайып аман қалмайды ма? Әлде тағдырдың мүсіркеуі, әлде жаратқанның жан ашуы. Дәл сол сияқты кек көрнеген, алапат ашуға булыққан құрыш кеуделе, жауға деген өшпенділікке суарылған жүрекке махаббат гүлі өсіп тұр. Ғажап емес пе?

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Шаяхмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театрының бас суретшісі Мұрат Мақсұтұлы баяғы бала кезінде өр Алтайдың сілемдеріне шыққанды ұнататын. Бір биіктен соң, бір биікке. Оның әр жағында не бар екендігін көру үшін. Балалық ансарлы құштарлықпен. Өмірде де солай, халқына, ұлтының өнеріне қалпысыз қызмет сіңірген, өлмес өнері алғыс арқалаған Мұрат Мақсұтұлы бір биіктен соң, бір биікке шығып келеді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында суретші Жұмахмет Мырзахметұлының «Тәуелсіз елімізге Алла жар болсын» атты жеке көрмесінің ашылуы болды. Іс-шара еліміздің Тәуелсіздігіне 25 жыл, Алматының 1000 жылдығына орай арнайы ұйымдастырылды. Көрмеге суретшінің 60-қа жуық пейзаж жанрында жазылған туындысы қойылды.



Оның бірқатар туындыларында қазақ жерінің табиғаты, әсіресе таулы табиғат көріністері бейнеленген. Өзіндік ерекше стильде табиғатты, тауларды салу кезінде әртүрлі түстерді қолданады. Олар «Күннің батуы», «Жауынды күн», «Бұлтты күн», «Күзгі көкөбе», «1-ші ықшамауданы»,

«Айлы түн» және тағы да басқа туындылар. Жаздың шуақты күндері, алыстан ескен сағым, киелі таудың ыстық лебі де сезінгендей боласын. Күн сәулесінің тарауы, биік таулар, ағаштардың таумен бірге үйлесуі, өзендердің сылдыры, ақырын соққан самал жел, таң сәрі, көк жиектегі күн, күннің батуы, бәрі-бәрі, әсіресе, қызыл-сары түстегі бұлттардың өзі де философиялық сырды ашып көрсетеді. Әр туындыдан тәңіріміз жаратқан табиғаттың барлық күйін кездестіресіз және таңғажайып бір сезімде қаласыз.

Шебер жұмыс жасау үшін терең ойланады. Шығармаларының құрылымы рухани тақырыпта жазылған. Әсіресе қазақ елінің өткен өмірі көп толғандырады. Осы тақырыпта жазылған «Полигон», «Арал», «Қазақ



пирамидасы» және 1932-33 жылы қазақ жерінде болған драмалық оқиғаға байланысты «XX ғасырдың нубеті» атты туындысы дүниеге келді. Бұл жерде қара қазан төңкеріліп, қара үйдің ойраны шығып, шаңырағы ортаға түскен. Екі шырақ жағылып, уыққа үш түрлі түстегі шүберек байланған. Қара қазан төңкерілгені ашаршылықтың төнгені, шаңырақтың құлауы жанұяның о дүниеге кеткені. Бірақ жағылған шырақ келешек өмірге үміт береді. Ал уық басындағы шүберек қаза болған адамның жасына қарай байланатын болған. Жас жігіт қаза болғанда



— қызыл, орта жастағы жігітке — қара, жасы келген қартқа — ақ шүберек байланған. Осы тақырыпта көп зерттеп, жұмыс жасаған ойышлы шебер штрих-код жаналығын ашты. Біздің дана халқымыз салт-дәстүрді жақсы сақтаған. Қаза тапқан адамды әдемі жерлеу — өнер. Қаза болған адамға құрметпен қарау сауабын тигізеді. Ауыр тақырып болса да ұмытылған

дәстүрді жаңғыртып келешек ұрпаққа үлгі беретін тарихи туындылар суретшінің жан дүниесінен шыққан. Жұмахмет Мырзахметұлы өз қоршаған ортасынан алған әсерін, сезімін өз туындылары арқылы ашып көрсеткен.



Шығармашылығы тек монументальды-декоративтік мәнерде ғана емес, сондай-ақ символика-концептуальдык стилінде де өзін танытып жүр. Жалпы алғанда, суретшінің тақырыптық композициялық идеясы өте ауқымды және мағыналы.

Клара ИСАБАЕВА

12 РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

— Осы уақытқа дейін мен жасадым деген мультфильміңіз бар ма?

— Мен осыдан он шақты жыл бұрын «Қазақфильмде» жұмыс істеп жүргенімде ең алғашқы «Менікі» деген мультфильмімді жасадым. Одан кейін «Кім патша болады?» деген мультфильм. Осы туындының негізінде «Қазақ радиосында» радиотіліші Сара Рахметованың атсалысуымен радиомультфильм де жасап әуе толқыны арқылы тараттық. Одан кейін «Алматы» телеарнасының тапсырысы бойынша Серік Әбікенұлының кеңесімен қазақ батырларының тұлғасын жасаған, тарихи қысқаметражды мультфильмдер топтамасын жасадық. Бюджеті тым аз болғанына қарамастан, екі адам болып, 20-дан астам серия жасадық.

— Астананың әсемдігін насихаттайтын мультфильм түсіргеніңіз есімізде?

— 2009 жылдың аяғында Астанаға көшіп келдім. Біраздан кейін, Астананың әсемдігін айшықтап, бүгінгі келбеті мен келешегін насихаттайық деген идеямен қаланың әкімдігіне ұсыныс тастадық. Әкімдік бізді қоллады, сөйтіп, сол 2011 жылы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай, «Бәйтерек қасиеті» деп аталған көрермен көзайымы болған мультфильм жасап шығардық. Ол осы қаладағы барлық кинотеатрларда, әрбір киносанстаның алдында бірталай уақыт көрсетілді. Аралас 2 D және 3D форматта жасалған. 12 минуттық тамаша дүние болып шықты. Қаржының бөлінуіне байланысты, уақыт та тым қысқа болды. Небары 1,5 айдың ішінде жасап шықтық, 4 маман жұмыс істедік. Мен өзім әрі сценарист, әрі режиссер-аниматор әрі продюсері болдым. Осы мультфильмде уақыттың тапшылығына

Әбдіқадыр САБЫР:

ҚОШАҚАН – ҰЛТТЫҚ БРЕНД БОЛА АЛАДЫ!

қарамастан, қиялымызға әбден ерік бердік. 200 жылдан кейінгі Астананы көрсетуге тырыстық, негізгі кейіпкердің көлігінің әртүрлі кейіпке трансформациялануы, қаладағы ғимараттардың ерекшелігі, сәулет өнерінің салтанат құрғаны, қаланың мұңтаздай тазалығы, жасыл әлем, қысқасы, қиялдағының бәрін сыйдыруға тырыстық. Жалпы, тапсырыс болғанымен өте жақсы шығармашылық жұмыс болды. Бұл менің өзімнің жұмысымдағы және жалпы, қазақ мультфильмінің ішіндегі белгілі бір серпіліс, өсу дер едім.

— Мысалы, «Том мен Джерриді» алайықшы, бір ғана бөлменің ішінде болып жатқан оқиға. Мысық пен тышқан бір бірін құалап жүріп-ақ, бүкіл бала біткенді өзіне телміртіп қойып, музыка тыңдатады. Яғни ол жердегі негізгі мақсат — музыка тыңдату, әуенді баланың бойына сіңіру.

— Ол туынды соғыс кезінде екі рет «Оскар» алған. «Том мен Джерри» мультфильмін ең көп сынаушылар да менің әріптестерім екен. Неге? Өйткені, олардың айтуы бойынша дөрекілік басым екен. Физика заңдылығына жатпайтын дүниелер келтірілген дейді. Сонда деймін, егер аниматордың қиялы ұшқыр болмаса, онда жұмыс солыңқы шықпай ма? Көрермен теріс айнамай ма? «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмінің танымал болуы — сол қойылған сұрақ, яғни тақырып пен оның музыкасы. *(композиторы Нұрғиса Тілендиев).*

— Енді жаңа шетелдік мультфильмдердің өз кейіпкерлері барын айтып отырмыз ғой, біздің қазақ мультфильмінің бренді болатын нақты кейіпкері бар ма?


— Менің ойлап тапқаным «Ақсқыр мен қарға», «Қошқакан», «Қара торғай», «Ақбөкендер» туралы идеям бар. Міне, осылар біздің ұлттық бренд болатын персонаждар деп сенімді түрде айта аламын. Соның ішінде «Қошқаканым» Ұлттық бренд бола алады! Оған арнап ән жаздым да, сөзін де.

— Қазіргі таңда мультфильмдердің сюжеті ұқсас болып барады. Басқаша Батыр, табиғаттан басқа көріністер пайдалануға болмай ма?

— Патриотизм дегеннің мағынасы кең ғой... Мультфильм жасағаннан кейін біз оның барлық бағыт-бағдарын ойлауымыз керек. Бірінші ой туындайды. Ой өз ортасында талқыланады. Сол талқылаудың барысында оның мағынасы, көркемдік шешімі, коммерциялық талаптары сөз болады. Біздің елде табыс әкелетін мультфильм жасау жолы мүлдем жоқ. Бурабай еліміздің маржаны. Мақтанышпен айта аламын — Бетпақ даламыз да өр мінезді, ешкімді мойындай қоймайтын батырлығы мен кең кеуделі алып батырларымыздың образында. Ол батырдың ерекесі ақбөкендеріміз бар. Сұлу маралымен ерекшеленетін Шығысымыз бар. Дәстүрімізді берік ұстанған Батысымыздың табиғаты, теңізі бар. Ұлы Жібек жолындағы көне қалалар мекені Оңтүстігіміз бар!

— Қазақ мультфильмдерін танымал ету үшін не істеу керек?

«Қазақтың қандай мультфильмін білесіз?» – деген сауалға сөз жоқ, бірінші кезекте «Қарлығаштың құйрығы неге айырды?» есіңізге түсіресіз. Әрине, одан бері де бірсыпыра дүниелер жасалды. Осы қазақ мультфильмінің көшін шама шарқынша алға сүйреп келе жатқан саусақпен санарлық азаматтардың бірі – Әбдіқадыр Сабыр. Ол қазақ мультфильмінің өз кейіпкері анықталып, орыстың аюы мен Уолт Диснейдің Миккиі секілді қалыптасса екен деп армандайды. Оның ойынша, қазақ мультфильмінің негізгі кейіпкері қошақан болуы керек... Әбдіқадыр Сабыр бүгін ердің жасы 50-ге келді. Туған күнінің қарсаңында құттықтай барып, әңгімеге тартқан едік...



— Жоғарыда айтқанымдай, ой — талқылаудан соң кезек сценарийге келеді. Сценарист талқылаудың бар сын-пікірлерін ескере отырып, бірінші кезекте табыс әкелетінін ойлауы тиіс. Бұл жерде ақша құмарлық емес. Шыққан шығынның орны толып және ол продюсерге *(демеушіге, жеке немесе заңды тұлғаға, мемлекетке)* пайда әкелуі керек. Қалап айтып отырғанымның өз себебі бар. Мультфильм өндірісі қиын, қаржыны көп қажет етеді деген себептер айта саламыз. Тағы да ой шектеуінде қалып қоюдамыз. Сонымен қатар туындының менеджменті, маркетингі де үлкен табыс көзі.

Маркетинг жұмысы жақсы жүйемен атқарылса, туынды танымал бола бастайды. Қаржылай пайдасын көре бастаған туындының авторы кім деген сұрақ бірден жауабын іздей бастайды. Кім шығарды? Ол Қазақстанда жасалған. Ол тіпті қазаққа ұқсай ма, ұқсамай ма? Мәселе онда емес, ол Қазақстанда жасалған болып шығады. Енді әңгімеміз патриоттықты насихаттай отырып, табыс табу дегенге келіп отыр ғой. Бұл екеуін де мен ұштастырдым.

Жоғарыда айтқан «Бәйтерек қасиеті» деген мультфильмінің әлі де бірнеше сериясын шығарып, оны кассалық фильмге айналдыруға болады. Ол нақты табыс әкелетін болады. Қалай әкеледі? Табыс табуудың әрі танымал болудың ең төте де дұрыс жолы, қажет жолы, сол — маркетинг. Осы кейіпкерлерді енді ойыншықтарға айналдыру. Мысалы, сондағы кейіпкердің көлігі, трансформер, ұшатын баланың өзі... Балалар Бэтмен немесе «Өрмекші адам» болам демейді, басты кейіпкер Қайсар есімді баладай болам деп соның ойыншығын алатын болады, соның мультігін көретін болады. Сол сияқты, 200 жылдан кейінгі Астананың мүсіндерін сувенир ретінде шығаруға болады. Оны шағын трейлерлері арқылы жарнамалап, жаңағы ойыншықтарын сатып, онымен бірге билет үлестіріп, сеанстарға тарту секілді жан-жақты маркетингтік жұмыстар жүргізу керек.

— Қазір қоржыныңызда жатқан балаларға базарлық бар ма? Демеушілер табылып жатса, жасар едім деген жоспарларыңызбен бөліссеніз...

— Бар. Мысалы, «ЭКСПО-2017»

арналған толықметражды анимациялық фильмнің және сериалдың тұжырымдамасы қазір қолымда бар. Бұнда қазақ ғылымының көкжиегі, осы ғылым арқылы қазақтың жеткен жетістігін сол өтетін ЭКСПО көрмесі арқылы көрсетпекпін. Онда осы дүниежүзілік көрмеге қатысатын жас ғалым туралы болады. Аудиториясы балалар мен қатар ересектерге де арналған. Бұл фильмдер жатта кеп, бас аяғы жоқ мақтау емес. Мақсатым — дүниенің кілті ғылымда екенін көрсету. Бұл біздің жастарымызды ынталандырады, рухтандырады.

— Бұл кәлімгі толықметражды мультфильм ба?

— Иә, толықметражды фильм. Бір азаматтар демеушілік беруге де келісіп, әңгімеміз біраз жарасып та қалған еді. Өкінішке қарай,

мынау әлемдегі қаржылық дағдарыс, біздің де кәсіпкерлерге әсер етті. Сонымен сәл тоқтап тұр. Фильмнің бюджеті шамамен 200 мың доллардай болады. Өз қаржысын өтейді деп ойлаймын. Бұл ересектерге де арналған. Сюжеттері жанды. Қарқынды. Барлығы динамикада. Лирика да орын алады. Музыкасы да арнайы жазылып оркестрмен орындалады... Сонымен қатар мен де еңбектеген сәбиден еңкейген қарияға дейінгілерге арналған жобалар бар. Айта кететін болсам, «Бота мен Дельфин» деген сериалдың тұжырымдамасы бар. Мұнда Бота қазаққа тән, дельфин бөтен елдікі. Көзқарасты кеңейтеді. Каспий теңізіне барып жүреді. Жас Бота болғаннан кейін қайықпен жүзеді. Құлап кетеді де аяқ астынан дельфин пайда болады. Көмектесіп дос болады. Дельфин мен Бота екеуі қазақтың бүкіл географиясын, тарихын таныстыратын болады. Отбасымен бірге отырып көретін «Перген атаның отбасы» туралы сериалым да өз кезегін күтуде. «Қараторғай» деп аталатын тентек торғай туралы сериалым көпшіліктің көңілін көтерер әрі ой салар деген үміттемін.

— Тәуелсіздіктің 25 жылдығының қарсаңында тұрмыз. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына жасаған үлкен сыйлығыңыз бар екен. Бұл жолғы мерейтойымызға немен келе жатырсыз?

— Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығында «Бәйтерек қасиетін» өзім жасасам, енді 25 жылдыққа республикалық екі байқауда екі «Бас жүлде» алған ізбасарларыммен-әріптестеріммен келдім. Еліміз талантқа кенде емес. Жастардың талабы орасан зор! Сол жастармен бірге жұмыс істеп жүріп, біздің елде осы өнер бойынша керемет дүниелер келетініне сендім.



Осы сұхбатты пайдаланып, бүгінде Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырын тойлағалы отырған елімізді құттықтағым келеді. Еліміз еңселі болсын! Әлемдегі абыройы арта берсін! Айбыны асқан, ырысы тасыған, жастары білімімен жасындай жарқылдаған, Елбасы айтқандай, Мәңгілік ел болайық! Жастар оқысын-тоқысын. Ғылымға құштар болған керемет қасиет екен. Өзім қатарлы замандастарыма айтарым, атаққа, ақшаға құмар болмайық. Берсе, жастар атақ-даңқты бере жатар. Ал біз, алдыңғы буын жақсы істермен, жақсы сөздермен үлгі бола берейік!!!

Дәулетхан ЖИЕНҚҰЛОВ

Алматыда «28 панфиловшы» көркем фильмнің тұсаукесері өтті. Бұл туындыны «28 панфиловшы» тәуелсіз студиясы түсірген. Еліміздің мәдениет және спорт министрлігі мен Ресейдің мәдениет министрлігі де атсалысқан. Ал оңтүстік астанамызда өткен фильмнің тұсаукесерін Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы ұйымдастырды.

ЕКІ ЕЛГЕ ОРТАҚ ЕРЛІК



Естеріңізде болса, данқты ерлік туралы фильмді қазан айында Астанада өткен екі мемлекеттің аймақаралық ынтымақтастық форумында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин көрген болатын. Екі елдің басшылары Алма-Ата қаласында құрылған және қарсыластардың танктеріне Мәскеуге кіруге жол бермеген дивизияның ерлігі өскелең ұрпақтың есінде мәңгілікке сақталуы міндетті деген пікір білдірді.

«28 панфиловшы» — 1941 жылдың қарашасында Волоколамск тас жолында неміс әскеріне төтеп берген панфилов дивизиясының атқыштар ротасы жауынгерлерінің жасаған ерлігі бейнеленген көркем фильм. Бұл туынды рухы биік қарапайым әскерге арналған ескерткіш.

министрі Владимир Мединский «Бұл миллиондаған кеңес жауынгерлері ерлігінің айқын дәлелі. Батырлардың Женіс жолында канша күш жұмсағанын түсіну біз үшін құпия болып қалады. Фильм тұсаукесерінің Волоколамскта өтуі ерекше жағдай. Бұл фильмнің жүзеге асуына ештеңеге қарамастан, атсалысқандардың барлығына алғысымды білдіремін. Бірінші кезекте фильмнің түсіріліміне жеке қаражаттарын қосқан азаматтар. Олардың бірлескен қолдауларының нәтижесінде 35 миллион рубль жинақталды», — делі.

Еліміздің мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы ресейлік әріптесінің пікірін қоллады. Туындының Алматыда өткен тұсаукесері кезінде ол



Фильмдегі оқиға 1941 жылдың күзінде болған. Жазбаша дерек бойынша 1941 жылдың 16 қарашасында генерал И.Панфилов қолбасшылық еткен 316-шы атқыштар дивизиясының 28 сарбазы Дубосеково разьезін қорғап, Мәскеуге бет алған немістің танк батальонын тоқтатады. Сюжет толығымен кеңес сарбаздарының ерлігіне арналған.

Режиссері Андрей Шальопа «28 панфиловшының аңызға айналған данқты ерлігі — барлығымызға ортақ тарих қана емес, сонымен қатар ортақ ұлттық мақтанышымыз. Тіпті

панфиловшылардың ерлігі кеңес халқының фашисттік әскерлерге қарсы күресінде тарихи оқиға болғандығына назар аударды.

А.Мұхамедиұлы «Алматыда құрылған «Панфилов» дивизиясы Кеңес Одағының астанасы Мәскеу қаласын қорғады. Бұл барша адамзат тарихындағы тарихи оқиға болды. Қарсыластардың басым болғандығына қарамастан, панфиловшылар фашистердің жеңілмейтіндігі туралы жалған пікірді буза отырып, астананы қорғап қалды. Біз олардың ерлігін ешқашан да



қанымызға сіңіп кеткен ұлттық код десем, артық айтпаған болар едім», — делі.

Айта кетейік, генерал Панфиловтың 316-шы атқыштар дивизиясының 28 жауынгері туралы түсірілген фильмнің негізгі сомасын краудфандинг арқылы жинаған. Қаржыны жинауға 35 мыңнан астам адам қатысып, 34,7 миллион рубль түскен. Сондықтан, фильм «халықтық кино» аталып отыр. Сондай-ақ фильм бюджетінің үштен бірін Қазақстан және

ұмытпауымыз керек. Олардың ерлігі туралы тарихты да өскелең ұрпаққа жеткізу — біздің міндетіміз», — делі.

Туындының түсірілімі екі мемлекеттің аумағында жүргізілді. Қысқы көріністер Санкт-Петербург пен Иваново төңірегінде түсірілген. Соңғы кадрларда Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақ көрсетіледі.

Еске салып кетсек, 16 қараша Дубосеково разьезінде болған



Ресей мәдениет министрліктері бөлген. Жалпы жұмсалған қаражат 150 миллион рубльді құрайды. Фильмнің Волоколамск қаласында (Ресей) өткен тұсаукесері барысында Ресей Федерациясының мәдениет

шайқастың 75 жылдығы күні фильмде көрініс тапқан Волоколамскінің өзінде өтті. Ресей бойынша кең көрсетілімге фильм 24 қарашадан бастап шығады.

Айнұр ИСАЕВА

...Ұлы даланың ұландары ұлағатты тарихын ерлікпен жазған. Енді сол тарихты тәуелсіздік жылдары еселі еңбекпен, халықтық қайратпен біз жазып жатырмыз...

**Н.Ә.НАЗАРБАЕВ,
(«Ұлы дала ұрпақтары» кітабынан 2016 ж.)**

Әрбір ұрпақтың басынан өткізген тарихи өмір жолында, қазіргі өмір сүріп жатқан жарқын заманымызда және үкілі үмітке толы келешегімізде де «Тәуелсіздік» деп аталатын қасиетті сөздің мән-мағынасында баға жетпес рухани ұлттық ұғым жатқандығын ешқашан да естен шығармауға тиіспіз.

Халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, рухы күшті, намысы өршіл, мұраты



асқақ ата-бабаларымыз барлық кезде де тәуелсіздік үшін аянбай күрес жүргізіп келгендігі белгілі.

Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл өткендігін айтуға оңай болғанымен, осы жылдар ішінде қаншама қия жолдар мен бедерлі

белестерден өткендігіміздің тарихи тағдыры көп жағдайларға еске түсіреді. Кемел елдің кеменгер басшысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «Жиырма бес жылдық мүшелді мерзім мемлекетіміз үшін қалыптасу тұғыры болып қана қойған жоқ,

біз өзгелерге де үлгі болатындай биіктерден көріне алдық» — деген ұлағатты сөздерінің мәні теренде жатыр.

Тәуелсіздік еліміздің тарихына үлкен өзгерістер енгізіп, ұлттық ұранымыз, ерекше Елтаңбамыз бен аспан түсті көк байрағымыз желбірей түсті. Соның арқасында көңіліміз көкке көтеріліп, жанымыз жадырап, еселі еңбегімізді ел игілігі үшін арнап келеміз.

(7-8-сыныптар үшін), Тәнтану (8-сынып үшін), ал 10-11-сыныптарға арналған «Тіршіліктану» оқулықтарын жазуға үлес қосқанымды мақтан етемін. Бұл төл оқулықтар бірнеше рет қайта басылып, бірнеше ұрпақтардың білім алуына септігін тигізді. Бұл төл оқулықтарда еліміздің таңғажайып табиғат байлықтары туралы деректер мен аса құнды рухани ұлттық ұғымдар, түйінді тұжырымдар, қорытынды



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЙШЫҚТЫ АҚИҚАТЫ

Азаматтығымыздың азат болып, еңсеміздің күллі әлем алдында биіктеуі және абыройымыздың асқақтай түскенін айрықша мақтанаш сезіммен атап айтуға тура келеді.

Еліміздің егеменді тәуелсіз ел болғандығын көзбен көріп, егеменді еліміздің өркендеуіне, өз еңбегімізбен үлес қосып келе жатқанымыздың өзі жүрегімізге қуат, көңілімізге шуақ беріп жүргендігі зор мақтанаш сезімге бөлейді.

Мамандығымыз ұстаздық болғаннан соң өскелең ұрпақтарға саналы тәрбие және сапалы білім беру жолында 50 жылға жуық Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ұстаздық қызмет атқарып, ел игілігі үшін еңбегіміз арқылы өз үлесімзді қосып жүргеніміз басымызға қатар келіп қонған бақ пен бақыт деп ерекше мақтанаш сезіммен айтсақ, артық айтқандық бола қоймас.

Еліміз Тәуелсіздік алған күннен бастап, елімізде бұрын-соңды болмаған өз ана тілімізде мектептерге арналған биология пәндері бойынша төл оқулықтар жазуға қол жеткізгендігіміз тәуелсіздіктің тікелей жеңісі мен жемісі деп қадап айтуға болады. Мысалы, 1991 жылдардан бастап мектептерге арналған «Өсімдіктану» (5-6-сыныптар үшін), «Жануартану»

ой-пікірлер қоса берілген. Сонымен қатар, бұл оқулықтарда өте бай ана тіліміздің асыл құндылықтары туралы деректер берілгендігін де атап айтуға болады. 2000 жылдардан бастап бұл оқулықтар жана бұын оқулықтары деп аталып, қазіргі кезде орыс, ұйғыр, өзбек тілдеріне аударылып, еліміздің жас ұрпақтарына білім мен тәрбие беру саласында қолданылып келе жатқандығы белгілі.

Ұлы Даланың данағөй данышпан бабаларымыз қалдырған табиғат жайындағы мақал-мәтелдері, ой қорытындылары, аса бай ұлттың рухани ұғымдары мен түйінді тұжырымдарының құнды әрі танымдық, әрі тәрбиелік ғылыми дереккөздері екендігін ұмытпай бүкіл әлемге паш етуге тиіспіз. Мысалы, «Көзінді қалдыр — бұлақ көзін аша жүр, ізінді қалдыр — жақсы істен мұра шаша жүр, өзінді қалдыр-бақша өсіріп жаса нұр» — деген даналық нақылының әрі танымдық, әрі тәрбиелік мәні зор екендігін көкірегі ояу, көзі қырағы әрбір адам түсінеді ғой делі алаймыз. Бұл арала, жүрегімізден жарып шыққан жыр шумактарын келтіруді жөн деп есептейміз:

*Ұлттық ұғым — ұлтымыздың ұраны,
Қастерлейді, осы асыл мұраны.
Ұлтымыздың құнды ұлттық ұғымын,
Біліп өссін, әрбір ұрпақ — ұланы!*

Елбасымыздың соңғы кезде жарық көрген өте құнды «Ұлы дала ұрпақтары» деп аталатын

кітабында халқымыздың бойында сан ғасырлар бойы қалыптасқан, салт-дәстүрлері мен аса зор адамгершілік қасиеттерін бағалау қажеттігі «Ұлы дала ұрпағының ұлағатты парызы» екендігін ешқашан да естен шығармауға тиіспіз. Елбасының айтқан әрбір даналық сөздері ұрпақтарымыздың көкірек көзіне ұялап, жүрегінің төрінен орын алуына әрбір азамат өз үлесін қосуы тиіс. «Жалпы жұртыңды, ісісі Алашынды құрметтеу алдымен өзін туған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, тұлғаларын ардақтаудан басталады», — деген ұлттық рухани ұстанымы ұрпақтарға арналған өңегелі өсиет екендігін күнделікті жұмысымызда басты бағдаршам етіп пайдалануымыз қажет деп қадап айтуға тиіспіз.

Мақаламды қорытындылай келе, халқымыздың ақылғөй абыз ақыны Мұзафар Әлімбаев атамyzдың ұрпақтарға арнайы арналған жыр жолдарымен аяқтауды жөн көрдім:

*Туған жерді сүю — парыз,
Сүю үшін білу — парыз.
Қасиетін ұғу — парыз,
Күзетінде тұру — парыз.*

Рысбай СӘТІМБЕКОВ,
Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университетінің
профессоры



Таза шығармашылық адам үшін оның жазған еңбектері өз алдына — қаламгердің бойындағы қабілетті танитын, бағалайтын, құрметтейтін ерекше әріптестері болады.

Сондай-ақ оны демейтін, рухтандырып, шабыттандырып, үміт күтетін, сенім артқан ағаларының да оған шапағаты тиеді.

Мен өзім қазақтың үш классик жазушысының қоластында қызмет еттім және олардан әрқашан қолдау көріп отырдым. Олар әйгілі Тахауи Ахтанов, тегеуірінді Мұхтар Мағауин және өзіндік әлемі сезіліп тұратын Сайын Мұратбековтер болатын. Осы атақтардың менімен замандас жалғасы, алдыңғы толқын ағалардың кейінгі буыны, өзіндік ақыл-парасат пайымы дараланып тұратын қаламгер, белгілі баспагер, біраз шығармашылық ұжымдардың басшысы болған жазушы Мереке Құлқенов те мен үшін жоғарыда аты аталған қаламгерлердің қатарында тұрады. Өйткені таза шығармашылық еңбегімді бағалаған, қолдаған және мерейімді өсіріп, рухымды асқақтатқан қаламгердің (Мереке) ерекше асыл қасиетін айту парыз. 2000 жылдардың басында мен «Жұлдыз» журналынан «Ақиқатқа» ауыстым. «Қазақ газеттері» деп аталатын ЖШС бас директоры Мереке Құлқенов еді. Жұмабек Кенжалын журналың бас редакторы болатын. 2008 жылы осы шығармашылық серіктестіктің арнайы тағайындалған «Алтын қалам» сыйлығы тұңғыш рет маған бұйырды. Нөмір сайын «Тылсым дүние» «Димекен және дін» деген тақырыпта жазған эссе мақалаларым тоқтаусыз жарияланып жатты. Жазғандарымды Жүмекен басшыға ұсынады, Мекен қол қойып басуға жібереді. Қаламгер үшін жазғандары нөмір сайын жарияланып жатса, бұдан артық бақыт жоқ. Ал «Алтын қалам» сыйлығына ие болу бұл мен үшін ұмытылмайтын оқиға болып есімде қалды. Салтанатты марапаттау кезінде Мекеннің тебірене сөйлеп әрі ерекше ілтипат көрсетіп ағынан жарылғаны сонында сыйлық белгісін тапсырғаны күні бүгінге дейін көз алдымда тұр. Осы жерде тағы бір ерекше нәрсені айта кетейін. Мекеннің жақында ғана Д.Қонаев жайында жаңадан шыққан кітабым туралы айтқанда, еріксіз орнымнан тұрып, оған және мені сыйлыққа ұсынған ұжымға айрықша алғыс айттым.

«Қазақ газеттері» серіктестігіне қарайтын басылымдар Мекен тұсында заман талабына сай жанарып отырды. «Ана тілі» газетінің



әр нөмірінде ұлттық құндылықтар мен дін мәселесі жөнінде үзбей жарияланды. Халықаралық «Халифа Алтай қоры» атынан бөйге жарияланды. «Ақиқат» журналында дін мәселесі бойынша оқырманды баурайтын зерттеулер мен эссе мақалалар оқырман назарын аударды.

Мекен басшылық еткен шығармашылық ұжымда ұжым мүшелерінің бір-біріне деген құрметі мен ілтипатын, өзара сыйластықтарын қалыптастыруды мақсат еткен шаралар жалғасты. Бір жылдары Мекен келгенде жана жылды қарсы алу

думан кешінде әйгілі жазушы ағамыз Әбдіжәміл Нұрпейісов сөз сөйлеп бата бергені бар.

Оның өмірбаяны жөнінде, шығармашылық әлемі жайында зерттеушілер, әдебиеттанушылар, ғалымдар айта жатар, өйткені ол белгілі тұлға, қарымды қаламгер, білікті баспагер.

Мекеннің бір қазақ шаңырағының үлкен отағасы, немерелердің атасы, ағайын-туыстардың қамқоры, оралмандарға әрқашан бүйрегі бұрып тұратын азамат екенін жұрт біледі. Оның сүйікті жары Гүлсім Мұқышева да журналист. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Гүлсім мектепте жүргенде-ақ «Қазақстан пионері» арқылы республикаға танылған оқушы тілші болатын. Қазір Мереке екеуі баспагерлік кәсіпті әбден меңгерген ерлі-зайыптылар. Қос қаламгердің қазақ рухани әлемінде

МЕРЕКЕНІҢ МЕРЕЙІ ӘРҚАШАН БИІК

бар күш қайраттарын сарқа жұмсап еңбек етіп келе жатқаны көпке белгілі. Гүлсім университетте жанылмасам араб тілін оқыды. Гүлсім Ұлықбек Есдәулетов, Қуандық Түменбаев, Жүніс Сахиев және менімен бірге оқыды. Яғни Мекен біздің



курсаға күйеубала. Сондықтан кейде жігіттердің «күйеубала» деп әзілдейтін бар. 1997 жылғы құрдастар бас қосуында осы кездесуге ұйтқы болғандардың белсендісі Мереке мен Гүлсім болғаны әлі менің есімде.

Қаламгерді өз әріптестерінің, шығармашылық достарының қолдауы бұл жазушы үшін бақыт әрі мерей. Қазақ жазушылары бірін-бірі күндемей, дауласпай, баспасөзде бет жыртысып айтыспай, өштесіп соттаспай, өзара тату болып бірін-бірі қолдап жүрсе, бұл шын мәнінде, шығармашылық әлемінде олардың кісілік қасиеттерінің халыққа жақсы жағынан көрсетер еді. Осы жерде Мереке бойындағы жақсы қасиетті тағы да қайталап айтуға тура келеді.

«Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істін бәрі бос» деген Абай даналығын алдымен қаламгерлер қаперге алып, Құран аятындай жадында сақтаса, өзара ырын-жырын болмас еді. Қаламгерлер мен сазгерлердің, әншілер мен әртістердің бірін-бірі қолдап құрметтегендіктен, осылай болады.

Қазіргі шығармашылық адамдардың имани бәсеке, кенесу, түсінісу деген атымен жоқ. Сондықтан қазақ зиялыларының бойында «мейірім нұры» жетіспейді. Қолдау мен селбесу, бірлесу және шынайы қарым-қатынас жоқ.

Біздің кейіпкеріміз адамдар бір-бірімен дос болса, бауыр болса, кісілік қарым-қатынасты сақтаса деген ұстанымдағы тұлға. Мәңгілік ел болудың ұлттық рухы бойында бұлқынған, осы жолда барын салып, жанын аямай қаламгерлік жолда қайсарлық мінезі көрсететін қаламгер Мекенің мерейі қашанда үстем әрқашан биік.

Ораз КАУҒАБАЙ,
қаламгер

Екі жарым миллионнан аса халық тұратын ШҰАР-дың Үрімші шаһарында тиіс қыдызды 25 қабатты «Шиньму» қонақүйі бар. Осыдан бес жылы бұрын сол қонақүйдің мейрамханасын жалға алып, он шақты хансу, яғни қытай жігіттеріне жұмыс істетіп жүрген 22 жасар Нәдия Әбдірахманқызы деген қарындасымыз бар болатын. Сол қарындас осы қонақүйге қазақтардың сирек тоқтайтынын айтқан-ды. Гүлде бірер азамат келе қалса, солармен шіңгіркелесіп, ерекше қуанып қалатынын білдірген. Нәдия, сонымен қатар Үрімші қаласындағы импорт-экспорт компаниясында қызмет істейтінін тілге тиек еткен-ді. Ал кешке қарай осы мейрамханада жалға алған жігіттерге жұмыс істемеді.

Үрімшіде небары он мыңнан аса қазақ тұрады деген еді. Өздері аз қазақ жастары Нәдияны қара тұтып, күнде кешке қарай, жұмыстары біткен соң осында жиналады екен. Нәдияның айтуына қарағанда, өзі осы жерден айына 200 АҚШ доллары көлемінде еңбекақы алады. Яғни бұл 1500 қытай юаньы, соның бір бөлігін коммуналдық қызметке төлейді. Әке-шешесі Құлжада. Ондағы ағайындар негізінен мал бағады. Хансулар Шыңжаң өлкесінде барған сайын көбейіп келе жатқандығын айтады. Бұл жақта бала тууға қатаң шектеу бар.

— Мұндағы қызметім қосымша жұмыс. Кеш батқан соң, яғни сағат түнгі 10-нан бастап жұмыстан, оқудан шыққан қазақ жастары осында жиналады. Мейрамханада демалып, шай, сусын ішіп, ән салып, өлең оқып, тіпті айтысып, арқа-жарқа болып қаламыз. Мұнда негізінен қазақ тіліндегі бейнетаспапар көрсетіледі. Қазақ әндері қойылады. Солардың біразы жергілікті сазгерлер мен ақындардың әндері болса, көбісі Қазақстаннан әкелінген. Осылайша, рухани азық алып, демалып қаламыз. Жастар бір-бірімен осында танысалды, табысалды, — деген еді.

Талдырмаш қана бойжеткен қыздың жүрегінде елге, жерге, атамекенге деген үлкен сезім, сағыныш мол. Әлі де қаймағы бұзыла қоймаған Құлжа төріндегі қазақ ауылдарының дәстүр-салты, жаз жайлаудары, күзде мен көктемдегі дарқан даланың тұрмыс-тіршілігі көз алдынан кетпейді. Ауыл жастарының бір-бірімен таласа ән жарыстырып, өлең дегенде дес бермей айтыса кетіп, әзіл-қалжыңдары жараса қауышып жүргенін сағынады.

Нәдия қыз бізбен жолыққанда көп кешікпей Қазақстанға баруды армандап жүргенін жеткізді. Оның әжесі жас кезінде Қазақстанда өсіпті. Туған жер, атамекенін балалары мен немерелеріне жырдай етіп айтып отырады екен. Ол жақ

жүрегіне өте ыстық, табиғаты тамаша, адамдары да жайсаң жандар деп тамсандырып, қызықтырып қоятын көрінеді.

Нәдия жұмыс істейтін компанияда қазақтан жалғыз өзі екен. Ондағылар негізінен бұр хансу ұлтынан. Бұл жақта бала тууға шектеу басым. Сөйтсе де, қазақтарға екі бала табуға, ал ауылды жерде үш балаға дейін рұқсат етілген. Қытайларға бір балаға ғана рұқсат етілгендіктен, олар ғылым мен техника жетістіктерін пайдалана отырып, соңғы оншақты жылдан бері тек ұл балалы болып кеткен. Бұл — табиғат тепе-теңдігінің бұзылуы. Оның арты айтып болмас зардаптарға ұрындыруы мүмкін. Бұл жақта жылдан-жылға халқымыздың саны азайып барады деп қынжылыс білдіреді. «Ал менің ата-анамның төрт баласы бар, бірақ ол тууға шектеу саясаты шықпай тұрғанда болды», — дейді.

ҚАЙДАСЫҢ, НӘДИЯ?



*Өткерген өмір өзегі.
Ұрпағы болған, ыстықсың маған
Туған жер.
Арқырап асау өзен, далама
еркелейді,
Аңдары кезектесіп, шатқалға
енелейді
Қыраны самғап ұшқан, даламның
сарбазымын
Сағыныш от боп жанған, жүрегім
өртенеді
Тауларға шығып, жоныңды көріп,
Сокпақпен үйге келуші ең,
Жаньма сезім беруші ең,
Бетегеңе аунап,
Жұсаныңды иіскеп туған жер.*

Бұл әнді Нәдияның мейрамханасында түнге қарай жиналған қазақ жастары жиі шырқап отыратын.

Ал сәті келіп, келесі жылы Үрімші қаласына тағы жол түскенде, тағы сол мейрамханаға тоқтады. Бірін астыңғы қабатқа түсіп, баяғы ресторанды асықтым. Ішке кірсем, бұрышта екі-үш қазақ қызы ғана көзге түсті. Ал төрде, буфетке жанын жерде жасы 19-дардағы жалғыз жігіт отыр. Аты Мұрат екен. Сұрастыра келсем, ешқайсысы Нәдияны білмейтін болып шықты. Қызмет көрсетуші қытайлардан сұрап еді, атты ай бұрын Қазақстан жакқа кетіп қалған деген жауап алдық.Нәдия кеткеннен кейін бұл жерге қазақ жастары келуді сиреткен. Анда-санда келгендер болса, бұрынғыдай ән салып, өлең жарыстырып, шүйіркелесіп жатпайды. Қатарлары сиреп қалған. Бұл жолы бір түрлі көңіл құлазығандай болып қайттым. Көкейіме атамекеніңе кеткен Нәдия қыз Қазақстанның қай түкпірінде жүр екен деген ой әлсін-әлсін оралды.

Қайдасың, Нәдия?!

Саясат БЕЙІСБАЙ

14 ЕЛ БІРЛІГІ

www.jasqazaq.kz

Жас қазақ: Алдымен, қысқа сұрақтарға нұсқа жауаптар алсам деймін. Қандай жағдай оқу орнын бітірдіңіз?

Л.Асанов: 1958 жылы туылғанмын. Алпыстың ауылына жақындап қалдық. 1984 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітірдім.

Жас қазақ: Еңбек жолыңыз қай жерде басталды?

Л.Асанов: Оңтүстік Қазақстан облысындағы ХХІ партсъезд атындағы кеңшарда жұмысшы болдым. Кейін Чехословакияға әскерге кеттім. Институт бітіріп келген соң, совхоздағы тракторшылар бригадасында, кейіннен бөлімшеде есеп-қисап бухгалтері қызметімен нанымды тауып жүрдім. Жастық шағымның куәсі болған сол бір жылдар келмекке кетті ғой. Қанша дегенмен, кеңес дәуірінің естен кетпес естеліктерін кейде сағынамын.

Жас қазақ: Биыл Тәуелсіздігімізге 25 жыл. Осы жылдар аралығында немен айналыстыңыз?

Л.Асанов: Айта берсем, таусылмас. Дегенмен, маныздыларын айтып қалайын. 1992-1995 жылдары Шымкенттегі Абай ауданына қарасты Қатын көпір ауылдық кеңес төрағасының орынбасары. 1995-1999

БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ – БІРЛІГІМІЗ!

жылдары ОҚО-дағы салық орқандарында салық инспекторы қызметімен айналыстым. Шардара, Сарыағаш кеден бекеттері бастықтарының орынбасары лауазымын атқарғанымды да біліп қойыңыз. Жігіттер әзілдеп айтатын: «Үнемі «зам» болып жүресіз, қашан сам» боласыз?» деп... Оның бергі жағында Оңтүстік Қазақстан облысы «Жібек жолы» кеден басқармасы бастығының орынбасары қызметі де бұйырған болатын.

Жас қазақ: Иә, иә, пешененізге жазылған қызметтердің де анау-мынау емес, жүгі ауыр лауазымдар екенін түсінемін. Енді негізгі сауалыма көшейін. Түрік мәдени бірлестігінің төрағасы қызметіне келгелі атқарған жұмыстарыңыз жайлы айтып берсеңіз?

Л.Асанов: ОҚО түрік мәдени орталығы 1999 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Мәдени орталықтың атқарған жұмыстары ұшан-теңіз! Ең алдымен, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа рахметімізді айтамыз. Қазақстан халқы Ассемблеясы төрағасының: «Бейбітшілік пен келісім құндылығының арқасында кез келген дағдарысты еңсеруге болады. Елде салтанат құрып отырған бейбітшілік пен келісімнің құндылығы арта түседі. Кез келген дағдарыстың, кез келген қатердің толқынының кері қайтатын кезі

Жуырда Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдары басшыларымен және этномәдени бірлестіктердің төрағаларымен кездесіп, еліміз егемендігін алған жылдары жергілікті халықтың үлес салмағы 40 пайызға да жетпейтіні, қиын-қыстау заманда елімізге тағдыр тауқыметімен келген этнос өкілдерінің достықты, бірлікті сақтай отырып, бір кісідей жұмыла еңбек еткені сөз болды.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында өткен кездесуге облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының, «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдарының басшылары және этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен БАҚ өкілдері қатысты. Осы кездесу барысында ОҚО түрік мәдени орталығының төрағасы Ләтипша Асановпен кездесудің сәті түскен еді.

Қазақстанға күшпен көшірілгенін білеміз. Дегенмен, түріктердің қалай мәжбүрлі қоныс аударғанын өз аузыңыздан естісек?

Л.Асанов: Тарихты ешкім «жерлей» алмайды. Тарих – мәңгілік. Ахысха түріктерінің де өзге ұлттар секілді қазақтардың арасына келуі өткен ғасырдың 40-жылдарында басталды. Ал 1944 жылдың 14-16 қараша күндері Грузияның Ахысха аймағында қоныстанған түріктерді Орталық Азияға күштеп көшіру мықтап қолға алынды. Өзіңіз ойлаңыз, қам-қарекетсіз отырған адамға ай-шай жоқ «Көшесіндер!» деген бұйрық келгенде, қалай қабылдайды? Абдырап қалмай ма? Соның кесірінен жүк вагондарына

тиелген 100 мыңдай адамның 17 мыңға жуығы ұзақ жолдың азабына шыдамай көз жұмғаны тарих қойнауында. Тағдырдың төлкегіне ұшыраған, депортацияға ілінген ахысха түріктері Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттері аумағына еріксіз көшірілді. Бәдір қарияның естелігін алдыңызға жайып салайын. «Танертен бір белсенді атымен одыраңдап шауып келді де, бәрімізге «Танертен ерекше жиналыс бар, майда-шүйде сылтауды қойып, бірін қалмай қатысыңдар!» деп кетті. «Бұл қандай жиналыс болды екен? «Ерекше» дегенін қалай түсіндік деп ойлаумен таң атырдық. Уайым-қайғы жұттық. Бір нәрсені сезгендей балаларым жылап, аналарымыз бен жұбайларымыз көз жастарына ерік берді. Өйткені, айналамызды әскерлер қоршап алған еді. «Ерекше жиналыстың» түп-төркінін енді түсінгендейміз. Бірнәрсе деп болмайды. Десен болды, «халық жауы» атанып, лезде қабырғаға тұрасын. Сонымен, өмірін қиылады. Соны білген ақсақалдарымыз «Үндемеген үйдегі пәледен құтылады!» деген уағыз айтып жатты. Өйткені, бізді қоршаған әскердің сусы жаман... Елуден астам пулеметті әскер бар еді. Бұйрықтары да зілді: «Сендерге 24 сағат уақыт беріледі. Одан кейін сендер Орталық Азияға барасыздар. Жүктерін 16 келіден аспауы



болады. Ол мығымдылықтың, бірліктің арқасында, еліміздің ерік-жігерінің нәтижесінде алыстайды» — деп айтқан сөзі де жүрегімізден берік орын алды. Біз әрқашан «Менің Қазақстаным — менің жүрегім!» деп айта аламыз. Жуырда осындай атаумен мерекелік іс-шара да ұйымдастырдық. Шымкенттегі «Алтын мерос» мейрамханасында «Түрік этносының тілі, мәдениеті және салт-дәстүрі күні» сән-салтанатымен, өзіндік үнімен аталып өтті. Бұл жөйі ғана жүн паракатға мереке ретінде аталып өткен жоқ, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналып, ұлттар арасындағы қоғамдық келісім, бірлік пен достығымыз паш етілді. Облыс әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков, облыстық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Әбілқасым Досболов және басқа да азаматтар түрік этномәдени орталығының жеткен жетістіктерін баяндап, алғыстарын жеткізді. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында 70 мыңға жуық түрік этносының өкілі тұратынын да айта кетейін.

Жас қазақ: Кеңестік жүйе кезінде солақай саясаттың кесірінен көптеген ұлт өкілдерінің

керек...» деді. Міне, ерекше жиналыстың соңы осылай аяқталды. Ама қанша, аналар анырады, балалар жылап-сықталды. Оған қарапты кім бар? Кімнің туған жерінен, кіндік қаны тамған қасиетті Отанынан үлере көшкісі келеді дейсіз? Ол кезде зарын мен запыранынды кімдерге шағынып айтарсың? Тыңдар құлақ табыла қояр ма еді? Сөйтіп, 24 сағат уақыт берді, бірақ үзделерінде тұрмады, 4 сағаттан соң заттарымызды жүк көліктеріне тиіп, бәрімізді алып кетті. Вокзалда да жағдайымыз қиындай түсті. Біз екі күн сыртта күтуге мәжбүр болдық. Уақыт шіркін осындайда өтпей қояды екен. Күткеннен жаман нәрсе бар ма өзі? Аш-жалаңаш балаларымыздың бетіне қарауға дәлгіміз шыдамады. Бір кезде бәрімізді пойыздың алпыс вагонына отырғызды. Пойыз қозғалды. Сол сәттегі жүректер бұлқынысын тілмен айтып жеткізу қиын еді! Туған жерінен тірідей айырылу кімге болса да қиын соғары анық қой. Кім бізге жылы нанын, ыстық сорпасын дайындап қойыпты дейсіз? Алғашқы екі күн бойы пойызда тербеліліп, нәр татпадық. Үлкендер шыдар-ау,



балаларды айтсанызшы, балаларды! «Әке, нан тауып беріңізші!» деп жылағанда, өзіңнің де өксігінді баса алмай тұрғаныңды, жанарына тұрып қалған ыстық жасты көрсеткің келмей теріс айналасын. Құдайым-ау, Құдайдың қара суына да зар қылып қойды ғой! Жуынатын су болмағандықтан, үстімізді бит басып кетті. Әжетхана жоқ болса не істейсің? Вагонның бір бұрышын жамылғымен жауып қойып, әжетхана ретінде пайдаландық. Күннің суығында осы бір азапты вагонмен бір ай жол жүргенімізді қайттейі, бөріткен, сүзек ауруына шалдыққандар көп болды. Біразының демі үзіліп, ошағы сөнді, шаңырақтары опырылып түсті. Өлгендерді арттағы бос вагонға жинағаны да есімде. Өзімнің үлкен өпкем қатты қиналды. Ауруға шалдыққан еді. Тексерушілер келгенде, одеялға орап, жасыра қоятынмын. Бір жерлерге келгенде ойпан, шұңқырлар кездессе, пойыз тоқтап, өлгендерді сол жерге қалай болса, солай көміп кете беретін. Бір адамға күніне 200 грамм нан берілгені де есімде. Қазақ халқының кенпейлілігін арқасында ғана адам қатарына қосылдық...»

Жас қазақ: Шынында, өте қайғылы да, ауыр жылдар... Ал Ахысха халқының дүние жүзіндегі саны қанша?

Л.Асанов: Грузияның Ахысха жерінен жан-жаққа тарыдай шашылған ахысха түріктерінің саны бүгінде дүниежүзі бойынша 550 мың адамнан асады. Сондай-ақ әлемнің 11 елінде қоныстанған ахысха түріктерінің 200 мыңы Қазақстанда тұрады. Біздің елдегі олардың саны өзге мемлекеттермен салыстырғанда, әлдеқайда көп екенін де айта кетейін. Ахысха түріктерінің айтатыны бар: қазақ халқымен түбіміз бір, Қазақстан — баба жұрттымыз, Түркия — ана жұртымыз, — дейді.

Жас қазақ: Өңіріміздің әкімі Жансейіт Түймебаевтың этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен кездескені мәлім. Осы жиында әкім түрік тілінде сөйледі. Сіз қандай әсер алдыңыз?

Л.Асанов: Иә, маған сөз берерде, түрік тілінде сөйледі. Екі елдің арасындағы бауырластық, достық қарым-қатынастар жайлы түрік тілінде ақпар берді. Түрік тілін әжептәуір меңгеріпті. Қанша дегенмен, Қазақстанның Түркиядағы елшісі болып, алты жыл қызмет атқарды емес пе? Шынымды айтсам, танырқап қалдым. Мен күтпеген жағдай еді. Өңір басшысына рахмет, әкімдікке келе салып, этномәдени орталықтарына ерекше көңіл бөліп жатыр. Осы жиында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары-хатшылық меңгерушісі Мұратәлі Қалмұратов үстіміздегі жылдың 9 айында атқарылған жұмыстар туралы хабарлама жасап, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Орынбай Рахманбердиев, облыстық славян этномәдени бірлестігінің төрайымы, «Южный Казахстан» облыстық газетінің бас редакторы Марина Лимаренко, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің төрайымы Ася Мұхамедова және мен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, облыстық түрік этномәдени бірлестігінің төрағасы атынан сөз сөйледі. Ұсыныс пікірлерімізді ортаға салдық.

Жас қазақ: Өңіріменізді қорытындыласаңыз? **Л.Асанов:** Сөз соңында айтарым, облыста 20 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Бөрінің аудандар мен қалаларда 51 филиалы мен 17 жастар қанаты, 11 жексенбілік мектебі бар. Жыл сайын әр этномәдени бірлестік өзінің тілі, мәдениеті және дәстүрі күндерін атап өтетіні тағы бар. Ал белсенді этнос өкілдері жыл сайын облыс әкімінің «Бауырмал» сыйлығымен марапатталады. Міне, мұның бәрі сайып келгенде, ұлттық бірлігіміздің, Елбасымыздың саликалы саясатының, қоғамдық келісімнің нәтижесі екені даусыз. Біздің байлығымыз — бірлігіміз. Осыны ұмытпағандымыз жөн.

Жас қазақ: Сыр бөліккеніңізге ризашылығымызды білдіреміз. Лайым солай болғай!

Сұхбаттасқан: Мұхтар ШЕРІМ

Биыл Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында еліміздің барлық өңірлерінде айтулы іс-шаралар өткізілуде. Бұл — мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке. Елбасы халыққа арнаған Жолдауында «Бұл тәуелсіздікті нығайту жолындағы ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәті» деді. Қазақстан

халқы Ассамблеясының біріктіруші күші, еліміздегі барлық этностардың жұмылдырушы қасиеті, мемлекеттің ұлттық саясатының басты тұғырына айналды. Ассамблеяда этномәдени бірлестіктердің қызмет әлемін арттыра отырып, саяси, құқықтық және мәдени бағытта қазақстандық жаңа үлгіні тәжірибеге енгізді.

Осы тұста, Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халық Ассамблеясы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай шымқаламыздың төрінде облыстық жиырма этномәдени бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен жиырма қазанға ас даярлап, «Қазақ дастарқаны» фестивалін екінші рет өткізіп отыр. Аталған

фестивальде белгілі қаламгер, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Мархабат Байғұт қазылар алқасына төрағалық етті. Өңір басшысының құттықтауын жеткізген Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі М.Қалмұратов «Бүгінде біз бәріміз бір халықпыз. Бәріміздің туған жеріміз біреу, ол — дарқан Қазақ даласы», — деді.

Қазақ елі ежелден жақсыны жанына тартқан бауырмал, жаны жомарт, қонақжай, кенпейілді халық екені белгілі. Бұл біз үшін әрдайым мақтан ететін асыл қасиет. Халқымыз осы асыл қасиетіміздің арқасында мемлекет құраушы ұлт ретінде елімізгегі татулық пен келісімнің ұйтқысы болып келеді. Қазақстандық



біртектілік пен бірлікке үндейтін осынау іс-шараны 20 этномәдени бірлестік қазақтың ұлттық тағамын дайындап, қонақтарға табак таратудан сайысқа түскені шын мәнінде, маңызды оқиға болды. Өткен тарих пен қазіргі берекелі заманды саралаған жанға бұл іс-шараның түпкі мәнін ұғыну аса қиын емес. Кеңестік дәуірдегі солақай саясаттың салдарынан елімізге елінен жер аударылған ұлт өкілдерінің алдыңғы буын қазақтың кенпейілді мен берекелі дастарқанының арқасында осы күнге аман-есен жетті. Елбасы «Мемлекет — мәңгілік ел» патриоттық актісінің өзегінде «Біздің әрқайсымыз үшін ең қымбат ақиқат — отбасымыздың амандығы, қонақжайлық, еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік және бірлік, ертеңге деген сенім ұғымы орнықты» деген болатын. Сыйластық, достық, қонақжайлылық — бұл ұғымдар барша қазақтың дүниетанымы негізінде жатыр. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйіміз тәуелсіз Қазақстанда бейбітшілік пен қоғамдық келісім сақталып отыр.



Жиналған барша жұртты құттықтау үшін сөз кезегі белгілі жазушы Мархабат Байғұтқа берілді.

— Ардақты ағайын, құрметті қауым! Етті жақсы көретін жұртшылық, — деп бастады ол сөзінің басын. Мына дәстүрге айналған «Қазақ дастарқаны» фестивалі баршамызға

құтты болсын, бақ пен береке, молшылық әкелсін. Қазір ғана біз «Түркістан» сарайынан ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің «Күз» атты дәстүрлі мерекесінен шығып келіп отырмыз. Мерекенің мерекеге жалғасып отырғаны да көңіл қуантады. Биле білсеңіздер, бүкіл берекенің бастауы — ауыл. Қазақ баласының уызы — ауыл, түбірі де, тамыры да — ауыл. Ауылдан алыстаған адам бесіктен безген адам дейміз. Сондықтан, сіздер жеп отырған нан, қамыр мен ет те бәрі сол ауылдан шыққан. Биыл Тәуелсіздіктің 25 жылдығы. Осындай мерекелер баршамызға құтты болсын, құт береке әкелсін!

Ал облыстық «Қазақстан барысы — 2016» жарысының жеңімпазы, республикалық «Қазақстан барысы — 2016» жарысының иегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия чемпионы Жұманазар Ерсұлтанов өз қуанышын былай бөлісті:

«ҚАЗАҚ ДАСТАРҚАНЫ»



— Еттің, қазақтың қазы-қартасының адам бойына беретін күш-қуаты өте мол. Өткен заманда ата-бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен елімізді жаулардан қорғап қалған. Сол ұлы шайқастарда батырларымыз ет жеп, қымыз ішіп, жауларына күштілік танытқан, алжуаз болмаған. Өткен заманда өмір сүрген Қажымұқан, Балуан Шолақ аталарымыз әрбір күреске шыққан сайын ет жеп, қызыл шырайланып жүрген. Тіпті Қажымұқан атамыздың өзі бір қойдың етін жеп тауыса білген. Ал өзіме келетін болсам, әрбір жарыс сайын қазы-қартадан күш алып отырамын. Мына бүгінгі жарыс жөйі ғана жарыс емес екені белгілі. Бұл — ұлттар татулығы, ұлттар бірлігі деп білемін. Бірлігіміз жасасын, тірлігіміз оң болсын!

Этностарды мемлекет құраушы қазақ халқының манайынан топтастыру арқылы қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, этносаралық келісімді қамтамасыз етуді көздеген шараға өңірдегі зиялы қауым өкілдері, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, ардагерлер кеңесінің мүшелері, дін өкілдері мен белгілі спортшылар, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдарының жетекшілері, аудан, қала делегациялары мен БАҚ өкілдері және Арыс

қаласындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты. Былтыр дәл осындай іс-шараға 300-ге жуық адам қатысып, «Ет асу» фестивалінде 20 этномәдени бірлестік 20 қой сойып, 20 қазанда арнайы ас әзірлеген еді. Этномәдени



бірлестік өкілдері қазақтың ұлттық тағамын мейлінше сапалы дайындаудан, қонақтарға табак тартудан, сорпаның құнарлылығынан және қой етін пісіру кезінде жылқының қазы-қарта, жал-жасын дәмді етіп пайдалану, сынды ерекшеліктерден сайысқа түскені де есімде.

Дайындалған еттің бір бөлігі «Қайырымдылық керуені» акциясы аясында қаладағы тұрмысы төмен отбасыларға таратылған болатын.

Бұл жолы онтүстікқазақстандық этномәдени бірлестік өкілдерінің қазақша ет асулағы қасиеті шеберліктерін бағалаған қазылар алқасы ІІІ орынға — өзбек, татар-башқұрт, қырғыз этномәдени бірлестіктерін, ІІ орынға — «Ынтымақ» этносаралық мәдени бірлестігі мен түрік этномәдени бірлестігін

лайық деп тапты. Ал І орында — ұйғыр этномәдени бірлестігіне табыстап, Бас жүлдені иран этномәдени бірлестігіне тапсырды.

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ
Суреттерді түсірген
Қайсар ШЕРІМ

Айша: *Не істеп жатсың?*
Абдулла: *Мен сенің ойыныңды тексеріп отырмын. Міне, мына жақта былай жүрген дұрыс еді. Сен не үшін былай жүрдің?*
Айша: *Өйткені, бұл менің дебютім. Осы дебютпен ойнаймын. Бұл менің жақсы көретін жүрісім.*
Абдулла: *Ал сен қараның орнында болсаң, не істер едің?*
Айша: Мен 5-ті жүрер едім.
Абдулла: *Өте жақсы жүріс. Ал сенің қарсыласың басқаша жүріп қойыпты. Мына F2 тorkөзі бос қалыпты. Қателігі сонда екен. Не үшін осылай жүрді деп ойлайсың?*
Айша: *Иә, оның дұрыс. Ол E1 H4 диагоналін ашады. Оның орнына F3 деп жүру керек еді.*
Абдулла: *Иә, сен оның қателігін пайдаланып, ұтып кетіпсің.*



Бұл шахматтан әлем чемпионы, 3-сынып оқушысы Айша Зәкірованың ағасы Абдулламен компьютерден шахмат ойынын талқылау сәті. Жалпы, олардың қолы қалт етсе болды, шахмат ойнап, ақыл-ой спортының тапсырмаларын шешуге тырысады. Бірақ, өкінішке қарай, бұған мүмкіндік жиі бола бермейді. Себебі Абдулла танертен, ал Айша түстен кейін оқиды. Десе де, сабақты тез қарап тастап, түс кезінде ретін тауып ойнауға тырысады.

Бір қызығы, шахмат ойынында көбінесе ағасы емес, қарындасы жеңеді екен. Әрине, бұл түсінікті жайт. Себебі Айша Зәкірова биыл жазда 8 жасқа дейінгі қыздар арасында шахматтан алдымен, Қазақстан содан кейін, таяуда Әлем чемпионы атанды. Ал осы күрделі ойынды оған 6 жасында әкесі Тілеубек үйретіпті. Содан бері халықаралық кәсіби шахмат мектебіне барып жүр. Әрі бапкерінің берген үй тапсырмасын мүмкіндігінше өзі орындауға тырысады екен. Айшаның айтуынша, оған бапкері үйде орындауға 30–40 тапсырма береді. Бір күнде

және Айшаны ақыл-ой спортына баулып жүр. Арагілік үйде сол бүлдіршіндер арасында кішігірім турнир өткізіп, шеберліктерін шыңдап отырады екен. Тілеубек Зәкіров «Жалпы, мен үш баламның бәріне бірдей шахмат ережесін үйреткенмін. Сосын ережесін үйреткен соң оларға қарапайым тактикалық тапсырма құрап беретінмін. Олар негізі үшеуі де ол ережелерді, тапсырмаларды жақсы орындап, артымнан жүгіріп жүретін: тағы да тапсырма беріңізші деп. Айша да өзін өте жақсы көрсетті. Содан кейін біз оларды шахмат мектебіне берейік деп шештік. Басында үшеуін бірге бергенбіз. Бірақ жарты жылдан кейін жарысқа бару үшін ақша үнемдеу керек болды. Сөйтіп, Абдулла мен Әсияны шығарып алдық. Үшеуінің арасында жақсы нәтиже, жақсы ойын көрсеткен сол Айша болды» — дейді. Бірақ жақсы нәтижеге қол жеткізу Айшаға оңай болған

8 ЖАСТАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

оның тек онын ғана орындап үлгереді. Себебі әр тапсырмаға 2-3 сағат уақытын жұмсайды. Айша тек ағасы емес әкесі Тілеубекпен де шахмат ойнап тұрады. Әке мен қызының арасында мынадай әңгіме өрбиді.

Әкесі: *Пил F7. Король J8. Ары қарай не істейсің?*
Қызы: *Ат H6, иә?*
Әкесі: *Тағы да шах бердің жерайды. Ондай болса король F8.*
Қызы: *Ферзь 8.*
Әкесі: *Сен мына позицияда ферзь берейін деп жатырсың ба?*
Мен сенің ферзіді жейі саламын онда. Сен демек маған ферзіді бекер берген жоқсың. Маған ферзіді беріп, атыңмен маған мат қойдың ғой, иә? Ой, бәрекелді, өте дұрыс шешім таптың. Өте жақсы.

Алайда шахмат үйірмесіне қатысуға мүмкіндігі болмапты. Қазір сол олықлықтың орнын толтыруға тырысып, балалары Әсия, Абдулла



жок. 6 жастан енді ғана асқан кезінде 2015 жылы Қызылордада өткен алғашқы жарыста жеңіліп қалды. Айша қатысқан алғашқы дүбірлі дода Азия чемпионаты аясында Оңтүстік Кореяда өткен сайыс. Алайда ол халықаралық жарыстардағы тәжірибенің жетіспеуінен көзге

түсе алмай, 10-орынды місе тұтқан. Десе де, сан түрлі сайыста әбден ысылған Айша биылдан бастап бұл сындардан сүрінбей өтті. 2016 жылы қаңтар айында Алматыда өткен чемпионатта күміс жүлде жеңіп алса, наурызда Бұрабайдағы республикалық турнирде Қазақстан чемпионы атанған. Жетістіктер желісі мұнымен шектелмеді. Биыл жазда

дейді мамандар. Ал дарынды қыздың бапкері шахматтан спорт шебері — Бауыржан Шәкей. Халықаралық кәсіби шахмат мектебінде тәлім алып жүрген Айша осында аптасына 2–3 рет бір жарым сағаттан жаттығады.



Астанадағы «III TCAM Chess Open» шахмат фестивалінде бас жүлдені жеңіп алса, осы жылы 19–30 қазан аралығында Грузияның Батуми қаласындағы әлем біріншілігінде топ жарып, алтыннан алқа тағынды.

Швейцариялық жүйе бойынша 11 турдан тұрған чемпионатқа 8 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жарысқа 38 мемлекеттен 85 спортшы қатысқан. Жас шахматшы қарсыластарын шаң қаптырудың қиын болғанын айтады. Әсіресе, турнирде моңғол

Тәлімгердің арқасында қазір Айша екі жүріспен мат коюды менгерген. Әлем чемпионына Алматы облысы Қарасай ауданы Алмапыбак ауылында орналасқан мектеп-гимназиясы да құрмет көрсетіп, лайықты түрде қарсы алған. 3-сыныпта оқитын Айша бұл орта білім орласына биыл 1 қыркүйекте Алматыдағы №148 мектептен ауысып келіпті. Гимназияда шахмат үйірмесі болғанымен, мектеп бұрын-соңды мұндай жетістікке жетпепті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әйгерім Ерубаета аудандық, облыстық, тіпті республика деңгейіндегі жарыстарға қатыссақ та, Айша әлемдік деңгейде шахматқа қатысып, жеңімпаз атанған бірінші оқушымыз деп отыр.

Айшаның сыныбында 29 оқушы бар.

Барлығы дерлік үздік шәкірттер. Бірақ Айшадан басқа ешқайсысы шахматпен кәсіби түрде шұғылданбайды. Гимназияға жақында ғана келгендіктен әрі үнемі жаттығудан қолы босамайтын жас шахматшы әзірге, мектепте өтетін іс-шараларға қатыса қоймапты.

Әйтсе де, болашағынан зор үміт күттіретін қаршалай қыздың алар асуы әлі алда, — дейді сынып жетекшісі Назгүл Тоқанова. Ұстазы «Айша келгеннен бастап өзінің алғырлығын, әсіресе математика пәніне деген зеректігін көрсетті. Сонымен қатар ол біздің өте белсенді қызымыздың бірі. Сабақта үлгілі, жақсы оқиды,

озат қыз. Қаладағы алып келген бағаларының бәрін ақтап, өзінің жақсы жақтарынан көрсетіп жатыр. Сол сияқты сыныпта жолдастарымен емен-жарқын тіл табысады. Ойын үстінде де өзін керемет белсенді етіп көрсете білетін қыз. Сыныптастарының бұл қыздан үлгі аларлығы өте көп. Математикаға алғырлығы өте керемет, өте жақсы. Есепке де жүйрік. Бұл өзінің жеке бір қасиеті деп айта аламын», — дейді. Есеп-қисаппен бірге, біздің кейіпкер қазақ тілін де жақсы көреді. Әсіресе, қызықты ертегі оқуға жаны құмар. Арманын қиял-ғажайып бейнесінде елестетіп, оны достарына емен-жарқын әңгімелеп береді. Ол қазір 10 ертегі білетінін айтады. Содан болар, кез келген жанмен тез тіл табысады. Қазақстанның атын әлемге танытқан үлгілі оқушының сыныптас достары да аз емес.

Айша болашақта әлемгі әйгілі гроссмейстер болғысы келеді. Бұл үшін қазір бапкердің берген тәлімімен бірге, өзі де ғалымтордан әр түрлі тапсырманы шешіп жүр. Бірақ компьютермен ойнағаннан гөрі, бапкердің тапсырмасы қиын, — дейді Айша. Жеңіске жету үшін жаттықтырушы екеуі қарсыластың шахмат партиясын әбден зерттейді, әлсіз тұсын тап басады. Сан сайысты сапырған 8 жастағы дарынды өренмен бірге, үнемі анасы қасында жүреді. Ал жұмыстан қолы тие бермейтін әкесі үйде ғалымтор арқылы ойынын тамашалайды. Әкесі Грузиядағы әлем біріншілігінде соңғы 8 партияны онлайн бақылап отырыпты. Қамкор әке болашақта 64 шаршыдан тұратын ойын тақтасын немесе басқа саланы таңдау еркін қызына беріпті. Әзірге, әкенің басты арманы — алдағы жарыстарда тағы

да топ жару. Т. Зәкіров «Алдымызда Алматы қалалық чемпионаты бар. Біз оған қатысу-қатыспайуымызды әлі білмейміз. Мүмкін ересек қыздар арасында ойнаймыз, мүмкін ұлдар тобына қатысып ойнаймыз ба, оны әлі шешпедік. Одан кейін болатын Қазақстан чемпионаты бар. Ол келесі жылдың наурыз айында өтеді. Соған дайындалуымыз керек. Сосын сәуір немесе мамыр айында Азия чемпионаты болады. Оған да дайындық керек. Келесі жылы Айша өзінен 1 жас үлкен қыздармен ойнайды. Ол да өте мықты шахматшы қыздар. Оларға да өте жақсы дайындалу керек. Сосын әлем чемпионаты. Арасында болып жататын жарыстар болады. Қайсына қатысатынымызды шешкен жоқпыз», — дейді. Мектептегі 11 пәннен үлгерімі жақсы алматылық Айша Зәкірова биыл 8 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы болса, енді 10 жасқа дейінгі категорияда бағын сынамақ. Соған сәйкес, жасы өзінен үлкен қарсыластары да осал болмасы анық. Бірақ бапкері де, ата-анасы да Айшаның жеңіп шығатына сенеді. Себебі биыл Алматыда өткен турнирде өзінен бірнеше жас үлкен 40-50 жастағы гроссмейстермен бақ сынап көрді. Демек, Қазақ елі қаршалай қазақ қызынан тағы да зор үміт күтеді. Тәуелсіз Қазақстанның абырой-беделін аскақтатып жүрген Айшаның өзі де ел алдындағы жауапкершілігін жақсы сезінеді.

Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Әсел Омарованың робот техникасымен әуестенгеніне екі жыл болды. Дегенмен, кәсіби түрде айналыса бастағаны биыл. Себебі 9-сыныпқа дейін оқыған №126 мектепте робот құрастыруға мүмкіндік болмапты. Алайда бұрын робот құрастыру тәжірибесі болмағасын, сәл қиындау соғып жатқаны бар. Десе де, ойы бір, пікірлес жандардың арқасында кез келген идеяны лезде жүзеге асырады. Қазір сабақтан сөл босай қалса болды, техноториядан табылады.

Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Әсел Омарова робототехника курсын өткен жылы тандапты. «Сол кезде бізге мұғаліміміз Мақпал Әбдісадыққызы робот жасауды үйретті. Басында біз роботты кітапшалардың көмегімен құрастыратын едік. Кейін кітапшаның көмегінсіз жасауды үйрендім», — деп робот құрастыруды қала бастағанын еске алды.

Әйтсе де, робот жасау қалпақпен соғып алатын шаруа емес. Ерекше шешім, фантазия, тапқырлық талап етеді. Ал роботты командамен оңай әрі тез құрастыруға болады. Жеке-дара жасасан, оған 3-4 сағатынды, тіпті бір күнінді сарп етуін кәдік. Содан болар, Әсел жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп, адасқанды қолай көреді. Әрі бұл ойы он нәтижесін де беріп келеді. Өнертапқыштың айтуынша, осы уақытқа дейін 10-нан астам робот жасаған. Әсел «Олардың биіктігін,



ұзындығын, енін 25 сантиметрдей қылып түп-түзу жасау керек болатын. Ал жасай алмасаң, сен жарысқа қатыса алмайсың, сені жарысқа қоспайды. Сондықтан, робот жасау

ӘСЕЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ

болды. Ол 2-3 жыл жанып, көптеген ағаш құлап экологияға зардап келтірген Алматының тауына байланысты еді. Соған арнап біз адам қолы жетпейтін жерге арналған құрылғы ойлап таптық. Сол жердегі апатты жағдайлардан адамның қол күшінсіз үлкен арақашықтыққа арналған құрылғы ойлап таптық», — дейді. Жалпы, робот құрастырудың екі түрлі жолы бар: Lego mindstorms және Arduino. Lego, бұл дайын бөлшектерді құрастыру. Ал Arduino түрінде оқушылар кандай да бір техниканың бөлшектерін толықтай өздерінің идеясымен жасап, бағдарламасын сызып, содан кейін ғана

құрастырады. Демек, мұнда жасанды интеллектке, яғни адамның жұмысын роботтардың атқаруына үлкен мән беріледі. Әсел робот жасаудың Lego түрін ұнатады. Дегенмен, құлтемірді жай ғана құрастыра салмай, арагілік ұйымшыл ұжымымен бірге, толықтай өздерінің фантазиясына жол бергенді жөн санайды. Құрбысы, сыныптасы

және Айшаны ақыл-ой спортына баулып жүр. Арагілік үйде сол бүлдіршіндер арасында кішігірім турнир өткізіп, шеберліктерін шыңдап отырады екен. Тілеубек Зәкіров «Жалпы, мен үш баламның бәріне бірдей шахмат ережесін үйреткенмін. Сосын ережесін үйреткен соң оларға қарапайым тактикалық тапсырма құрап беретінмін. Олар негізі үшеуі де ол ережелерді, тапсырмаларды жақсы орындап, артымнан жүгіріп жүретін: тағы да тапсырма беріңізші деп. Айша да өзін өте жақсы көрсетті. Содан кейін біз оларды шахмат мектебіне берейік деп шештік. Басында үшеуін бірге бергенбіз. Бірақ жарты жылдан кейін жарысқа бару үшін ақша үнемдеу керек болды. Сөйтіп, Абдулла мен Әсияны шығарып алдық. Үшеуінің арасында жақсы нәтиже, жақсы ойын көрсеткен сол Айша болды» — дейді. Бірақ жақсы нәтижеге қол жеткізу Айшаға оңай болған

өзінің осы салаға қызығушылығын танытқан болатын және қазіргі кездегі нәтижелі оқушыларымыздың бірі», — дейді. Алматыда орналасқан химия-биология бағытындағы осы



Қалдықты пайдаға асыруда жан-жақтан келген өрендер бірысыпара өнертабыстарын ортаға салды. Әсіресе, дәл осы мектептің екі оқушысы ұсынған қайта өңдеуге

арқылы, белгілі бір механизмдер арқылы коқыс бөлетіндей жасаймыз. Роботты адамдардың қолғанаты десек те болады», — дейді. 5-сыныптан бастап домбыра тартып үйренген Әсел

арналған құрылғыға қазылардың назары ауды. Бұл табиғатта өзідігінен 150–200 жылда өңделетін қалдықты кәдеге жаратуға аса маңызды. Біздің кейіпкеріміз Әселдің де көз майын тауысып, бірнеше күн жасаған жобасы да осы бәсекеде жүлделі орынға ілікті. Шәкірттер бұл жетістікті бірегей мектепте жасалған мүмкіндіктің, атап айтқанда, шетелдік және отандық білікті мамандардың берген тәлім-тәрбиесі деп біледі.

Бүгінде Әсел болашақ өнертапқыш ретінде тағы бір жобамен айналысып жатыр. Атап айтсақ, роботты әр түрлі сенсор арқылы футбол ойнату тәжірибесін сынап көруде. Тырнақалды туындысын алдағы республикалық жарыстың біріне апармақшы. Ал ұзақмерзімді жоспарға келсек, 12 жылдық оқуды ойдағыдай аяқтағасын инженерия саласында білім алып, роботтың түр-түрін шығаруды ойлайды. Қазір соған іштей дайындалып, саланың қыр-сырын зерттеп жүр. Әсел «Робот адамдар істей алмайтын кейбір нәрселерді жүзеге асыру үшін керек. Мысалы, біз болашақта қоқыстарды өзіміз бөліп отырмаймыз ғой, оған қаншама уақытымыз кетеді. Сондықтан, роботтарды түс ажырататын сенсорлар

қазір күйі тартып, бір сәт тынығады. Бірақ Назарбаев мектебіндегі оқу жоспары күрделі, көп еңбекті талап етеді. Содан болар, сабақтан қолы тие бермейді. Әйтсе де, дәл қазір 9 күй тарта алатындай дәрежеге жетті. Бұған қоса, анасы гитара және пианинода ойнауды үйретіпті. Әзірге, басты орынға білімді қоятын озат оқушы мектептегі сан түрлі үйірмелерге қатысуға мүмкіндік болмай жүргенін айтады. Қазіргі заманғы қажетті білімнен қаруланып, әр түрлі дағдыны жан-жақты менгерген Әселдей оқушының оқу ордасының беделіне қосқан үлесі зор. Мәселен, бұл мектеп екі жыл бұрын дүниежүзілік робот техникасы сайысында 3 орын алды. Биылғы меже де сол: жетістіктер желісін жалғау. Бұған мектеп ұжымының қарымы толық жетеді. Әсел сынды білімді оқушы да, тың идея да, құрал-жабдық та, ен бастысы, шынайы ниет те бар. Әрі ұстаздардың биік белеске жету жолындағы нақты қадамы, айқын жоспары стратегиялық бағдармен үйлесіп жатыр. Демек, ақпараттық технологиялар қатты дамыған қазіргідей жылдамдық заманында мұндай мамандардың бағасы артып, абыройы аскақтай береді.

Бетті дайындаған Дархан КӘРІМОВ

Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір салтын басынан кешірген, сол себептен табиғатпен ерекше байланыста болған. Оның сырына неғұрлым енген сайын, тылсым күшіне одан әрі ұғына түсетінін рас. Табиғат сыйлығы көшпенді халық үшін үлкен тылсым күш болған. Демалыс уақытын өткізуде табиғат аясы – тартырмас орын. Құс салған бабаларымыз аңшылық-саятшылықты бойына серік еткен. Ел ішіндегі ит жегіртін, құс салған.

Тарихи деректерге сенер болсақ, құсбегілік өнері бұдан үш мыңдай жыл бұрын пайда болған. Орта ғасырлардағы итальян саяхатшысы Марко Полоның жазбаларында Құбылай ханның саятшылық мақсатта қолға үйреткен бес жүз сұңқары және басқа да қыран құстары боғандығын және оларды баптап, күтуге, арнайы он мың құсбегі ұстағанын жазады.

Құсбегілік – өнердің шыны. Құс – адамның адал досы. Түзден ұстаған құсты үйрететін адамды құсбегі деп атайды. Құсбегі құсты балапан кезінен бастап баулиды. Ол үшін, томаға кигізіп, сылап-сипап, жем жеуге үйретеді. Одан соң барып, құсты аңға салады. Құсбегілер қолындағы құсын аңға салуға мамыр, маусым айларынан бастап баптайды.

Алдымен қан соқты, қызыл сияқты маньызыл жем беріп, түлету үшін семіртеді. Бұл кезді қызылға отырғызу немесе түлету деп те атайды.

Бабаларымыздан қалған мұраларды дамыту бізге сын. Өкінішке қарай, біздің құсбегілерімізді қолдау аз. Оны қолдау арқылы халқымыздың төл өнерін әлемге таныта аламыз. Өз өнерімізді таныту – халқымыздың жаңа қырынан таныту. Бүгінде дамыған елдер қатарына талпынған халық үшін мұндай халық өнері үлкен әсер бермек. Бірақ бұл оймен құсбегілік өнер қалыс қалды деуден аулақпыз. Саятшылық пен құсбегілікті насихаттау үшін үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Қазір елімізде құсбегілікті дамытуға жекелеген адамдар мен қоғамдық ұйымдар әлініше үлес қосып жүр. Десек те, осындай ұлы өнерімізді өз дәрежесінде ұлықтау ұлт болашағына алаңдаған әрбір жанға сын болмақ.

Құсбегілік өнері қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Аңыздардағы құсбегілік өнері өз алдына жазылса, ал бертінде С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасында саятшы Ораздың бір ауылға күнкөріс болған саятшылық, құсбегілік өнері сөз болады. Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығын биіктен танытқан «Ұлан» шығармасында аңшы Мүсірептің саятшылық, құсбегілік өнерін серік еткендігі айтылады. Бұл шығармаларда құсбегілік өнердің қыр-сыры анық айтылған. Құсбегілікке шыққан кездегі кеудеге керемет сезім сыйлайтын сәттер сәтті суреттелген. Әдебиетімізді парактай берсек, бұл қасиетті өнер жайлы жазылған шығармалар көптеп кездеседі.

Саятшылық тарихын белгілі бір жылмен шектеу артық болар. Адамзатпен бірге жасап келе жатқан қасиет десек, қателесе қоймаспыз. «Сен-дағы жерден нәр алдың, Мен-дағы жерден нәр алдым. Біреуден сен де жаралдың, Біреуден мен де жаралдым... Сүрейік өмір



алмаспыз», — деп ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай, қыранмен қанаттасып, күн кешіп келе жатқан қазақ — қыранды бағалаудай-ақ бағалаған. Кейін ғой заманға күйлейміз деп саябырсытып алғанмыз. Оған қазақ ұлтының алтын тамыры болып саналатын салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздың шырақшысы

болып, артына өлмес мұра қалдырған академик Әлкей Марғұланның мына бір толғамын оқып көрелік: «Қазақстанның көптеген ежелгі мәдени ескерткіштерінің ішінде кейінгі кезде назарға аса көп ілінбей жүрген біреуі бар дегім келеді. Ол — саятшылық өнері... Саятшылықтың, әсіресе қазақ халқының тарихында, мәдени дамуында маңызы зор болғаны белгілі. Қазақ тілінде осы саятшылыққа байланысты тұған мың жарымдай сөз бар, олар қазір де небір тарихи жазбаларда, көркем әдебиетте кенінен қолданылады. Саятшылықты халық ежелден өнердің бір түрі деп бағалаған. Оны пайда табу немесе күнкөріс көзі санамаған. Біз бір кездерде қалың жұртты қайран қалдырып, талайлардың

Монғолияның Баян-Өлкесі. Онда қыранның дауысымен таң атып, тіршілікке жан бітеді. Бұл — қазақ салты. Бүркітбай сол Бай-Өлкеде туған. Бала жасынан бүркіт баптап, аң аулады.

Бүркітбай Файзоллаұлы «Бүркітшілік деген негізінде қазақ өміріндегі үлкен орын алатын киелі өнер. Бүркітшілікті көбінесе, қазақтың сал-серілері, бұрынғы хан-батырлары



осы өнермен айналысты. Жалпы, мұның қырандығын пайдаланып, кәсіп ретінде де пайдаланған. Аң алады. Анның терісін өткізеді дегендей. Кәсіптік ерекшеліктері де бар. Сондықтан қазақ кез келген бүркітті ұстай бермейді. Соның ішіндегі қыранын ұстайды. Қыран құстың ерекшеліктері өзінің өсіп-өнген жеріне байланысты. Мынау бізде Сатылының қыранын қыз берсең де бермеймін, деген сияқты салттар. Мынау Текелінің тентек қоныры. Алтайдың ақ иығы, деген сияқты

Құсбегілік - өнердің өресі



таңдайын қақтырған осынау өнердің біртіндеп сиреп, қайталанбастай болып, жоғалып бара жатқанының күәсі болып отырмыз. Саятшылық — ғажап құбылыс, үлкен өнер, зор ғылым. Ол халық жүрегін жол тапқан көптеген әдеби, мәдени және музыкалық шығармалар тудырды... Ал дамуың жұмыртқалаған біздің заманымызда сол саятшылықты жоғалып бара жатқанына қайтп өкінібеске. Саятшылық өнер арқылы халық табиғатпен қоян-қолтық араласып, оған жақындығын сезінетін, енді осы сезім сөйіссе, бір кезде дамып қанат жайған халық мәдениетінің де бір бөлшегі ұмытылғаны емес пе?» депті. Осы арада ұлы ғалымның Ахмет Байтұрсынұнов айтқан: «Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, Ел — бүгіншім, менікі ертенгі үшін» деп бүгінді емес, ертеңге алаң болған көрегендігі көсемдік қой. Дәл қазір ғұламаның ...«бозторғай жұмыртқалаған біздің заманымызда...», деген сөзін еске түсіріп, тәуелсіздік тұсында саятшылық өнерді әлемдік деңгейге шығарсақ, оның да алғашқы бастауы қазақ жұртында шығар деген алдағы байламымыз ақиқатқа айналатынына иманымыз кәміл.

Қазақ қыранды баптап, құмай тазыны жүгіртумен шектелген жұрт емес. Зеректігі мен зерделігінен шығар, құстың да, иесіне адал иттің де «тілін» білген. Қыран болар балапанды қиядан, ұшқыр тазыны ұядан таныған. Балапанды баулып, жетілдіріп түлекке жеткізіп түлетіп ұшырған.

«Таудың ұлы тауға қарап өседі» — демекші, алқара аспанның иесі, дарқан даланың қожасы — қыран құсты баптаумен Бүркітбай Файзоллаұлы жастайынан айналысды.

Қазіргі таңда бүркітшілікпен көп айналысып отырған халық — Монғолия қазақтары. Мысалы, тек Монғолияның өзінде тек 100 мыңдай қазақ тұрады. Соның 400-500 бүркіт бар. Оның ішінде бүркітті тілін білетін мықты құсбегілері де бар. Соның кезде Қытайдағы Алтай аймағында Кансонар, бүркітшілердің жарысын ұйымдастырып жүр. Онда да мықты бүркітшілер бар. Бізге, Қазақстанға көшіп келген бүркітшілердің ішінде де мықты құсбегілер кездеседі. Қазір бүркітпен айналысып жүр.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Суретші Қанат Нұртазин әдебиетті жаптырақтықпен өрнекпен өнер туындысына айналдырды. Өзіндік стилін істеп таңып, бұрынғы заманға бастырып. Оның табиғаттағы негезі, табиғат, адам, рухымен мен өзге де қамтылған қамтылған табиғаттар жастары.



Жаптырақты сөйлеткен

Ол қазір Назарбаев Университетінің халықаралық әріптестермен жұмыс істейтін бөлімінде қызмет етеді. «ҚазАқпарат» тілшісімен сұхбаттасқан Қанат Нұртазин «Сурет салудың жаңа 100 әдісі» атты жобасы туралы кенінен әңгімелеп берді.

«Жалпы, бұл дарынымды үш жыл бұрын шындап қолға алдым. Сол кезде бос уақытым көп еді. Сурет салғым келді. Бірақ көп суретшілер сияқты емес, елді елең еткізер дүние жасауды ойлады. Алғашында қатты қағазды тесіп, сурет сала бастадым. Қолым жаттыққан соң, жаптыраққа сурет сызып,



шәй түйіршіктері, күм сияқты нәрселерді қолдандым. Осылайша, «Сурет салудың 100 жаңа тәсілі» атты жоба ойыма келді. 100 тәсілдің елуге тартасын менгердім, енді қалған жартысын ойлап жүрмін. Елу әдістің арасында алманы ойып салған суретім,



шоколадқа салған суретім, жаптыраққа сызған бейнелер желіде көп тарап кетті. Міне, менің бастамам осы. Қандай нәтиже берерін уақыт көрсете жатар», — дейді Қанат әңгіме барысында.

Қараса көз тоймайтын жаптырақты мына суреттер ол үшін ең оңай тәсіл екен. Ең қиыны шеге мен жіптің көмегімен салған сурет. Шеге қағып, оны жіппен ораған картинасын суретші екі аптада аяқтап, анасына сыйға тартты. Таң қаларлығы өнерпаз бұған дейін ешқашан сурет салмаған екен. Қанаттың айтуынша, тіпті оқушы кезінде сурет сабағының



тапсырмасын ағасы орындаған. Ол «Бүгінде менің туындыларым елге таныла бастады. Біраз ақпарат агенттіктері суреттерді жариялап, әлеуметтік желіде халық жарыса таратып жатыр. Жұырда, тіпті Британия мен Ресей журналистері хабарласып, осы өнерге қызығушылық танытты», — дейді.

«Тәуелсіздік - таң нұры»

Астанадағы Ұлттық музейде Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстарының құралған сурет байқауы өтті. «Тәуелсіздіктің - таң нұры» деп аталатын шараға 20-ға жуық мектептің шәкірттері қатысты.



Байқауға оқушылардың ең үздік 50 жұмысы қойылды. Оның ішінде — графика, кескіндеме, сәндік қолданбалы өнер, мүсін және



марапатталды. Сонымен қатар жас жеткіншектерді өнерге баулыған ұстаздар қауымы да ұйымдастырушылардың алғыс хатына ие болды.

Көрменің мақсаты — жас ұрпақтың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып, олардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен еліміздің тарихына, мәдениетіне қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ жас жеткіншектердің

жеке шығармашылығын дамыту әрі кенінен насихаттау.

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ	Бөлім редакторлары:	Аймақтағы меншікті тілшілер:	Шығарушы:	Редакцияның мекенжайы:
Редакция алкасы:	Жарас КЕМЕЛЖАН — <i>қоғам және әлеумет</i>	Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)	«Аманат Медиа» ЖШС	050009, Алматы қаласы, Тағарын даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары	Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият	Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)	Директордың орынбасары	Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші	Аскар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)	Мейрамбек ҚҰЛМУХАМЕДОВ	Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)
	Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш	Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)	Бас есепші	Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.
	Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші	Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)	Расима ӘКІМБЕКОВА	Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
		Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия maimutba@online.no		Газетте жарияланған материалдар мен суреттері сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
		Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)		
		Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)		
		Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА		
				<i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.</i>